қыдәм және халқ сияқты салыстырмалы қарастырылады. Болмаса мустағни (басқаға мұқтаж емес) болу және белгілі бір жерді иемденбегені секілді жоққа бағытталғаны көрінуде және де бұны адами деп атайды. Осы бағытта кәләм ғұламалары Алланың сипаттарын үш категорияға бөліп қарастырады. Бұлар сәлби/тәнзиһи, субути, хабари мен фийли. Алладан абстрактіленген сипаттар мағынасындағы сәлби/тәнзиһи сипаттардың негізінде Алланың қандай да бір нәрсе болмағаны жатыр. Бұл жерде белгілі бір шектеу қойылмайды. Бірақ кәләм ғұламалары бұларды мәнді-мағыналы түрде вужуд, қыдәм, бәқа, уахданият, мухаләфәтун лил-хауадис, қият би нәфсиһи түрінде мазмұндаған. Бұл жерде Құдай сәлби әдісімен көрсетілуде. Сонымен қоса, Аллаға берілген қыдәм/қадим сипаты, әуелгі бастауының болмауын білдіреді. Ғани/мустағни/мухәләфатун лил-хауадис те мұқтаждықтың болмауы мағынасына келуде.

Кәләмның негізгі мектептерінің бірі Муғтазилә ғұламалары да сипаттарды өздерінің қабылдауы мен қағидаларына сәйкес жіктеді. Олардың пікірінше, иләһи сипаттар зати және фийли болып екіге бөлінеді. Зати сипаттар зати сәлби, қадим-хадис, сифати хилия-иштиқақ орнына жүретін сипаттар ретінде бөліп қарастырған (Kadi Abdülcebbar, 1965: 151).

Фийли сипаттар Алланың затынан бөлек болмыстармен байланысын білдіреді. Сондықтан, Алланың бұл сипаттармен өлшенуі немесе өлшенбеуінде ешқандай қиындық туындамауы қажет, яғни джәйз саналуда. Осы тұрғыда фийли сипаттамалар, затына қатысты сипаттардан емес. Фийли сипаттардың барлығы Алланың құдірет, ирадә және тәкуинімен пайда болады. Әшғарилердің көзқарасындағы құдірет сипатымен, Матуридилердің көзқарасындағы тәкуин сипаты осы аталғандардың қайнар көзі болып табылады. Турасын айтқанда, Матуридилердегі тәкуин сипатын, Әшғарилер фийли сипаттардың ішінде қарастырады (İzmirli, 1981: 279).

Алла-әлем қарым-қатынасы немесе Құдай-пенденің байланысы Алланың фийли сипаттары аясында бағаланады. Іс-әрекеттерге бағытталған фийли сипаттар жарату, рызық беру, азаптау, сый беріп марапаттау, өсіру және жетілдіру секілді Аллаға қолданылатын фийлдер/әрекеттер болуда. Осыған сәйкес әлем және ондағы барлық түзілімдер Алланың фийли сипаттарына сәйкес жүреді. Әһли сүннет кәләмының екі жетекшісі Матуриди мен Әшғари, әлемнің жоқтан жаратылғанына бірдей келіседі, алайда, оның фийли сипаттары турасында көзқарастары бірдей емес. Имам Ғазали, Әһли Сүннет көшбасшыларының арасындағы фийли сипат тақырыбындағы пікір таластарына, бұл мағынасы мен мазмұны жағынан емес, сөздегі айырмашылық деп баға береді (Gazzali, 2018: 41).

Жаратылыста жаратушы және жаратылған екі болмыс бар. Мұндағы негізгі қатынас іс-әрекет/фийл жарату түрінде көрінеді. Белсенді және пассив пайда болған бұл қатынаста, абсолюттік болмыстың мүмкін болмысқа араласуы болып табылады. Осыған сәйкес Алла белсенді фа'йл, жаратылыс болса пассив мәф'ул болмақ. Бұл байланысты кәләм ғылымында тәкуин атымен қарастырады. Тәкуин бір фийл болып, жарату, бар ету, ижәд, ихдәс секілді жоқ болғанды, жоқтан болмыс кеңістігіне шығарушы деп түсіндіреді (Teftazani, 1999: 174).

Әлемнің әр сәтінде функционалды болып және осы бағытта шегі анықтала алмайтын фийли сипаттардың негізгі бағыттары келесідей: Халқ – жарату, бар ету, қалыптастыру. Иншә – тәртіпке/ретке қою, құрастыру. Ибдә – жоқтан жарату, жоқтан болмысқа шығару. Иһдә және Идләл – тура жолға түсіру, адасуда қалдыру. Ирсәл және Инзәл – пайғамбар жіберу және кітап түсіру. Тән'им және тә'зиб – рызық беруші, нығмет беру және жазалау, азаптау. Ихя – тірілту, өмір беру. Имәтә – өлтіру. Ба'с және Хашр – тірілту, есеп-қисап үшін бір жерге жинау. Адл – әділетті болу, әділетті қарым-қатынас жасау (Beyazizade, 1996: 93).

Әлемде болып өткен, болып жатқан және алда болатынның барлығы Алланың іс-әрекетіне бағытталып, есімдері және сипаттарымен жүзеге асырылады. Бұған адамдардың қарым-қатынасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті және мидың қызметі де кіреді. Демек, мұнда Алла-ғалам, Алла-адам қарым-қатынасына бағытталған тәсілдерді қажет етеді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Жаратылыс бойынша зерттелінген тақырыптар аз емес. Бұл мақаланың тақырыбы да осы жаратылыстағы хикметтің өлшемін айқындау. Жаратылыстың сыры неде? Бұны жаратудың маңыздылығы, ғаламдағы болмыстардың орны, жақсылық пен жамандықтың критерийлері қандай? – секілді сұрақтар аясында бұл тақырып зерделенді. Бұл тақырыпты кәләм ғылымдары сағасында қарастырып, Құдайға берілген сипат-

тардың Матуриди танымы аясында түсіндірілуі көзделген. Осылайша жаратылыстағы хикметтің мәні, маңызы, мақсаты баяндалады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Жаратылыстағы хикметтің мәнін Матуриди танымы аясында қарастырылды. Сүннит мектептерінің көшбасшылары Әшғари мен Матуридидің Аллаға берілген сипаттарды Әһли сүннет шеңберінде түсіндірулері және екі мектепті бірбірімен салыстырмалы түрде зерттелінді. Сонымен қоса, бұл тақырып аясында сопылықтың да пікірлері талқыланды.

Негізгі бөлім

Әлем мен адамның жаратылысындағы негізгі фактор: Құдайдың хикмет мазмұнды сипаттары мен есімдері

Алла Тағала Құранның көптеген аяттарында ғаламның жаратылысына баса назар аудартып, адам мен оның іс-әрекеттерін де өзінің жаратқанын білдіруде. Бұл болмыста бір-бірінен тәуелсіз қарастырыла алмайтын үш қасиет бар. Олар: құдірет, тәкуин және ирадә. Себебі жарату, бұл үш сипаттың процесі болуда. Бұл жерде негізгі фактор болып табылатын тәкуин сипаты – ілім, құдірет және ирадә сипаттарынан бөлек сипат болғанымен, оны дербес қарастыру да ақылға келмейді. Шын мәнінде, білім объектісі болып табылатын болмыс, білімнен бөлек тұруымен бірге, білімнің мәні деп саналады. Сондай-ақ, бар болған бір объектіні болмысқа енгізу, тек иләһи/Құдайлық қалаумен мүмкін болуда. Өйткені Алла оның бар болуын ұнамды көрді. Бұл ұнамды көру болса, бір қалаудың/ирадәның көрінісі. Бұлардың барлығы фийли сипаттардың көрінісі болуда. Нәтижесінде пайда болған бір болмысты ортаға шығарған сипаттардың мәні мен қайнар көзі тәкуин сипаты болуда. Бұл Матуридилердің түсіндірмесі.

Бұл тақырыпқа қатысты бір аяттағы «Бір істің болуын қаласа, тек қана оған «бол» дейді, сонда ол, бола қалады» (Әли Имран, 3/47) түрінде келеді. Бұл аятта құдірет, ирадә, тәкуин бәрі бір жерде қолданылып тұр. Артынша да жарату процесі жүзеге асуда. Әһли Сүннет кәләм мектептерінен болып табылатын Матуридилер мен Әшғарилердің бұл тақырып аясындағы көзқарастары болса, Матуридилердің Аллаға қосқан тәкуин сипатының мағынасын, Әшғарилер құдірет сипатының та'аллуқы деп бағалайды. Матуридилер де бұл құдірет сипатының тек қана бір та'аллуқы болғандығын және мұның да әзәли болып шығатындығын айтып, осы тұрғыда тіршілік иесінің жаратылуы құдірет сипатының негізінде емес, тәкуин сипаты негізінде болатындығын алдыға тартады.

Алла Тағала әлем және адамның жаратылысында ақылын қолданушы адамдарға ескертуде. Мысалы: «Олар әр түрлі мұғжизаны көрсе де сенбейді» (Ән'ам 6/25) аяты тақырыпты аша түспек. Тағы бір жағынан екпінмен былай делінеді: «Егер олар барлық белгілерді көрсе де оған сенбейді. Сондай-ақ олар тура жолды көре, оны жол етіп ұстамайды. Ал, егер қисық жолды көрсе, оны жол қып алады» (А'раф 7/46) түрінде келеді. Олардың сенбеулерінің негізгі себебі болса, ақыл ойларын пайдаланбауында. Бұл жағы Құран Кәрімде келесідей көрсетіледі: «Алла түсінулерің үшін сендерге аяттарын осылайша баяндайды (Бақара 2/242). Құран ақыл-ойды қолдануға кеңес бере отырып, ақылды қолданатындарын мәлімдеушілерге, нақты ақылды қолдану нығметінен құр қалғандарын былайша көрсетеді: «Оларға: Адамдар иман келтіргендей иман келтіріңдер – делінсе, олар: Ақылсыздар секілді иман келтірейік пе? – дер. Байқаңдар! Шын мәнінде олардың өздері ақылсыздар. Бірақ олар білмейді (Бақара 2/13).

Құран аяттарына сәйкес, әлем мен адамның жаратылуын тек ақыл арқылы ғана түсінуге болатындығы көрінеді. Осы себепті Құран иманда тақлидті қабылдамаған, әрі бірбеткейлі фанатизмді және әдепсіз дөрекілікті жоққа шығарады. Мысалы: «Оларға Алланың түсіргеніне (Құранға) бой ұсыныңдар» – делінсе, «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз» – деді. «Егер ата-бабалары еш нәрсені түсінбеген әрі тура жолда болмаған болса да ма?» (Бақара 2/170) аяты бұл тезисті түсіндіре түсуде.

Ғаламның бар болудағы мақсаты туралы ой жүгірткен ислам ойшылдары, әлемнің жұмыс жасау тәсілін ескере отырып, бар болған ахуалы жөнінде көзқарастарын қалыптастырады. Бұл бағытта әлемдегі кемелділікке назар аударады. Демек, жаратылыстағы хикметтік/даналықтық қалыптасуға бағытталады деген сөз. Құранда атап өтілген «Ол жеті аспанды қабат-қабат жаратқан. Рахманның жаратуында еш мүлтік көре алмайсың. Қайта көз сал. Ешбір ақау көре аласың ба? Тағы көзіңді екі қайтарып қара. Көзің саған шаршап, талған түрде айналады» (Мүлк 67/3-4) аяты әлемнің кемелділігін меңзейді. Мұнымен бірге жаратылған әлемде адам және

айналасындағы кейбір кемелсіз деп саналатын және сол сияқты қабылданатын құбылыстар көрінуде. Осылайша, жаратылған ғаламдағы кейбір жамандықтар жаратылыс негізінде әрдайым жақсылықтың болуы түрінде жақындау тәсілдеріне қарсы келіп, зиянын тигізуде. Бұл көтерілген жамандық турасындағы тақырыпқа жауап беріп, оны жабу үшін, аталып өтілетін жамандықтардың түп негізі бір жақсылық деген секілді қорғау тезисі жүргізіледі. Мұндағы негізгі тәсіл нақтылық пен мінсіздіктің арасындағы үндестік немесе үйлесімсіздік, бірлестік не болмаса алшақтық жатыр. Бұл алшақтау, жаратушы мен пенденің арасындағы қатынастың шешілуімен байланысты болмақ. Осы жерде баса тоқталатын мәселе, Алланың абсолютті жақсы болуы. Абсолютті жақсыдан, жақсы пайда болады. Себебі Алла өзін Рахим, Кәрім, Латиф, Рахман секілді есімдермен атауда. Алланың азаптауға бағытталған есімдері өте аз. Алайда, бүкіл адамзатты қамтитын мейірімділік пен сүйіспеншілік мазмұнында келетін аяттары көптеп келеді (Arpaguş, 2005: 41-62). Бұл есімдердің тәжалли немесе қызметіне сәйкес Алла мен пенденің арасындағы қарым-қатынасты қарау керек. Дүниедегі жамандықтарды жаман деп бағалау критерийлері қандай? Неге сай жаман? Жамандық ұғымы немен салыстырылады? Осы және осыған ұқсас сұрақтарға жауап беріп, Алланы есім және сипаттарымен тануды қажет етеді. Тек осы жолмен жамандық мәселесіне дұрыс көзқарас алуға болады.

Имам Матуридидің айтуынша, жақсы мен жаман бір жәyһардан – дейді (Mâtürîdî, 2001: 101). Осыған сәйкес жақсылық пен жамандық бір құбылыста болуда. Жақындау тәсіліне қарай кейбіреулерге жақсы нәрсе, басқаға жаман болуы мүмкін. Тағы да сол сияқты, осы адамға бір кездері жақсы бола тұрып, басқа кезде жаман болуы мүмкін. Осы тұрғыда Матуридидің жақындау тәсілі мағыналы болуда.

Имам Матуридидің айтуынша, жақсылық пен жамандық релятивті келеді дейді. Оның пікірінше, жақсы мен жаман ұғымдары құбылмалы. Сол себепті абсолютті мағынада жақсы нәрсе немесе абсолютті жаман нәрсе жоқ болуда (Mâtürîdî, 2001: 88). Әрбір жақсылық өз ішінде жамандықты қамтуы мүмкін. Әрбір жамандықтың да жақсылық тұсы болуы мүмкін. Бұл жағдай уақытқа, жерге, адамға, қоршаған ортаға және кезеңге қарай өзгеруі мүмкін. Мысалға, пайдалы және бойында емдік қасиеті бар бір затты қолдану мөлшерін асырып жіберер болса, зиянды затқа айналады. Осыған байланысты Матуриди, абсолютті жақсы немесе абсолютті жаман жоқ – дейді. Оның пікірі бойынша жамандықпен сипатталған нәрсе басқа жолмен жақсы болуы мүмкін. Сондай-ақ, бір адамға жаман болған да, басқасы үшін жақсы болуы мүмкін. Бір нәрсенің бойында қандай қасиеттер болса да, оларға сүйене отырып, барлық жағынан жақсы немесе жаман деп айтылмайды. Фийл немесе объект қандайда бір нәрсемен сипатталса, бұл жағдай сипатталғанға қарай болуда. Себебі фа'ил өзгерген кезде барлық сипаттары өзгеріп, басқа мағына мен өлшемге ие болуы мүмкін.

Ақылдың, өз шеңберіндегі функциясында жақсылықты жамандықтан нақты ажырата алады деген Матуриди, адамның осы ажырату ерекшелігіне ие болып жаратылғанын айтуда. Өйткені адамға ақыл берілген. Адамдар ақыл-ойды басқару қабілетіне ие. Ақыл-ойды қолдану арқылы, айырмашылықтардың айқындығы соншалықты, ақылдың ұнамсыз деп тапқаны үнемі жаман болу қасиетіне ие. Ақыл бұл ұнамсыз нәрсе туралы ойланып, оның ерекшеліктерін және ол жайында зерттеу жүргізген сайын, аталған объектінің ұнамсыз тұсы айқындала түспек. Сондықтан да, егер ақыл бір нәрсені ұнамсыз және жаман деп санаса, ол объект шын мәнінде жаман деп саналады (Mâtürîdî, 2001: 299). Себебі ақылдың қателік жасау немесе қатені дұрыс қабылдау мүмкіндігі жоқ. Бірақ мұндағы ақыл – дұрыс/сау ақыл. Ақылдың таңдауы мен анықтауында қателік болмайды және жаманды жақсы деп санамайды. Алайда, мұндағы мәселе әр адамның бойындағы ақылдың, функционалдылығымен байланысты. Матуридидің пікірінше адамдар, ақылмен жақсыны дәріптей оған бет бұрып, жаманды сынау арқылы одан аулақ болу қабілетіне ие (Mâtürîdî, 2001: 301). Бұл адам табиғатындағы ерекшелік. Бұл мәндегі бағдар, нәпсі мен қалаудың араласуы және бағыттауымен түрлі жерлерге жетелейді. Егер нәпсі немесе қалаудың араласуы болмаса, ақыл дұрыс саналы болып, иелеріне жақсыны жаманнан, пайдалыны зияннан, әдеміні ұсқынсыздан бөлу қабілетіне мүмкіндік береді. Мұндағы адамның ерікті бағыты мен таңдауы белсенді фа'ил болуда. Адам еркінің таңдау мен ажырата білу құрылымына ие деуші Матуриди, ақылдың жақсысы мен жаманды таңдауы, қарама-қайшылықтарды бір-бірінен ажыратуы арқылы пайда болады. Егер де (бір мәселе) ақыл-ой қабілеттілігінен жоғары және функционалдылық шеңберінен тыс болса, ақыл-

ой қарама-қайшылыққа/қақтығысқа тап болуы мүмкін. Оның айтуынша, осы кезде пайғамбарлық тақырыбы ашылады (Mâtürîdî, 2001: 274). Себебі пайғамбарлар ақылдың шеңберінен тыс өлшемдерде адамдарға жол көрсетіп, бағыттаушы сипатқа ие. Негізінде пайғамбарлар сезімнен тыс ғалам жайында сөз қозғайды. Бұл өлшем, бес сезімнен басқа, ақыл түйсігінен асып түсетін саланы шығаруда. Пайғамбарлар әлемнің және барлық жаратылыстардың жаратушысы Алладан білім алуда. Осылайша уахи, ақылдан тыс барлық жағдайларда, мәліметтердің және ақпараттардың жалғыз көзі саналмақ.

Уахи адамға белгілі міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді. Бұл ғайб деп аталатын сезімдерден тыс ғаламға тиесілі. Осылайша Құран, мүминдердің ерекшеліктерін сипаттай отырып, «Сондай олар көмеске/ғайбқа иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берілген несібеміздің (Алла жолында) пайдаландырады. Олар саған түсірілгенге сенеді және ақыретке анық нанады (Бақара 2/3-4) секілді келтіреді. Ақыл, Алланың бұйрықтары мен тыйымдарын белгілі бір деңгейде түсіне алады. Алайда, метафизикалық ғаламды және ақылдан тыс өлшемдерде пайғамбарлық пен уахи білім көзі болып табылады. Ақылдың мұндай жағдайынан хабардар болған Пайғамбар «Алланың жаратқандары жайлы ойлаңыздар, жаратушы жайлы ойламаңыз» (Acluni, 1405: 1, 311) секілді ескертеді.

Жеке ақыл-ойдың қабілеті шектеулі екені белгілі. Кейбір жағдайларда жалпы ақыл осы бағытта қажет болады. Сондықтан да адамдардың жалпы бірлескендегі құрған шындығына сүйене отырып, айтылған жалпы ақылдың да шегінің болатындығы көрінеді. Шынында да жалпыға бірдей құқық немесе моральдік қағидалары барлық уақытта қабылдануымен бірге, бұл қағидалар діни салада да қабылдануда. Мысалы: «Кімде-кім өзіне қалағанды дін бауырына қаламайынша толық иман еткен болмайды» (Бұхари «Иман», 1) мағынасында келетін хадис барлық діни нанымдарда кездеседі. Алайда осы кезде пайғамбарлар мен уахидің орны айғақталады.

Матуридидің айтуынша, ақыл-ойдың шегі айқын болған жерде пайғамбардың ашықтауы және адамдарға насихаттағаны, мәліметтердің білім және сүйенер негізгі қайнар көзі болуы керек. Ақылдың таразылай алмайтын және белгілі бір жағдай туралы үкім шығаруда қиналатын жерлерде, Құдайдың елшілері адамдарға жақсы мен жаманды дәлелдерімен ұсынады. Бұл Құранда мадақталған және үлгі-өнеге ретінде көрсетілген мүмин адамға тән қасиет деп анықталады. Кемелділік мағынасындағы адамның жауапкершілігі осылай жүзеге асады.

Құдайдың фиилдері/әрекеттері адамның өлшемімен бағаланбайды. Алланың іс-әрекеті туралы қағида ұсынған Матуридидің пікірінше, Оның фиилдеріндегі қасиеттермен бағалау мүмкін емес (Mâtürîdî, 2001: 114). Бірақ адам әдетте құрылымдық ерекшелігіне байланысты осы бағытта әрекет етеді. Мысалы, адам баласы уақытша болмыс. Ал, Алла уақытты жаратушы болғандықтан, оған тәуелді емес. Екінші жағынан жақсы мен жаманды, пайдалы мен зиянды әрекеттердің бірдей немесе ұқсас сипаттамаларын Құдай туралы ойлау және оған жатқызу мүмкін емес. Жақсы болсын, жаман болсын, барлық болмыс пен құбылысты Алланың жаратқандығын иманның көрінісі деп бағалаған Матуриди, жаратуға қатысты барлық нәрсені жаратушы Алланы міндетті мойындау керек екенін және мұның иманның көрінісі екенін баса айтады (Mâtürîdî, 2001: 239). Осы бағытта Алла тарапынан жаратылған әрбір іс-әрекет, дүниеде өмір сүретіндерге қарай өлшенеді. Сипаттардың релятивті болғандығын ескере отырып, Алла тарапынан жаратылған деп сипатталған фиил/әрекет, оны жасағанға және ондағы басқа жағдайларға сәйкес жақсы немесе жаман болу қасиетіне ие. Осыған орай қабылдау және амал ету адамға тән болмақ. Осылайша жауапкершілікті де өзіне алады, әрі оған жүктеледі. Себебі жасаған әрекеттеріне сәйкес адамдар жақсы немесе жаман деп сипатталады. Негізінде жақсы немесе жаман адам ақиқатында болмайды. Адамдар бойындағы қасиеттеріне, өзіне тән ерекшеліктеріне және қабылдаған сипаттарына қарай жақсы немесе жаман деп аталады. Бұлай бағалау түрі, аталған ерекшеліктерінің аздығы мен көптігіне сәйкес үстемдікке ие болады.

Осы мәліметтерге сәйкес Матуридидің пікірінше, жаратылыстың барлығы қайырлы және жақсы болуда. Алла Тағала әлемді жаратқан кезде, ондағы адамдардың игілігіне жарайтындай бір көркемдік берген. Бұл жайында Құран Кәрімде «Малды, оларға бойсұндырдық. Олар кейбіріне мінеді, кейбірінің етін жейді» (Иасин 36/72) аятында малдардың адамға бағынуштылығы атап өтілуде. Тағы да «Сендер үшін жерді көмпіс қылып жаратты. Ендеше оның айналасында жүріңдер. Сондай-ақ Оның ризығынан жеңдер. Және барар жерлерің сол жақ» (Мүлк

67/15) аятында да жер жүзінің адамның қызметіне берілгендігі көрінуде. Тағы да бір жағынан «Және де Ол өз тарапынан сендер үшін көктердегі әрі жердегі барлық нәрсені іске қосты. Шын мәнінде осыларда түсінген ел үшін белгілер бар» (Жәсия 45/13) аяты болса, көктердің адамның қол астына берілгендігі баса айтылуда. Матуридидің пікірінше, Алланың барлық бұйрықтары мен фиилдер/әрекеттері белгілі бір мақсат пен хикметті қамтиды. Себебі Алла еш нәрсені босқа пайдасыз жаратпағаны сияқты, қисынсыз бір әрекет жасамайды. Алланың барлық бұйрықтары мен әрекеттерін ақыл жүгіртіп болсын, уахи жолымен болсын түсінуге және анықтауға болады. Әйтпегенде, егер адам баласы осы бұйрықтар мен фиилдерді/әрекеттерді түсінуге қабілетсіз және мүмкіндігі жетпесе, онда осы бұйрықтарды орындауға құзіретті деп санауға болмайтын еді (Demir, 2019: 228-254; Oral, 2015: 139-158).

Сопылық (тасаввутық) контекстегі жаратылыс, бүкіл әлем және адамдардың Алланың есімдері мен сипаттарының тәжәллисі мақсатында жүзеге асады. Себебі, олардың пікірінше заттардың ақиқаты сол есімдердің тәжәллисінен (көрінісінен) тұрады. Осыған сәйкес, есімдердің ақиқаты тұрақты болғандықтан, есімдердің ортаға шыққан болмыстарының шындығы да тұрақты. Себебі заттар, а'яны сәбитә деп аталатын Құдайлық есімдермен болмыс кеңістігінде. Шынында, бір адамға көз салып қарайтын болса, Хай – есімінің ақиқаты болған өмір/хаят, Сәми' – есімінің ақиқаты болған есту және тыңдау, Басирдің – ақиқаты болған көру, 'Алимнің – ақиқаты болған ілім, Мутәкаллимнің – ақиқаты болған сөйлеу, Қадирдің – ақиқаты болған құдірет, Муридтің – ақиқаты болған қалау, Мукәууиннің – ақиқаты болған тәкуинді көру керек. Заттардың ақиқаты, оларда көрінетін есімдер. Есімдер болса сипаттардың, сипаттар болса Құдай затының субутилігінің/нақтылығының бір дәлелі (Kurt, 2019: 25).

Мухиддин ибн Арабидің айтуынша, адам – ең кемел жаратылыс. Алла өзінің бейнесінде жаратқан жаратылыс, Оның есімдері мен сипаттарының тәжәлли/көріну айнасы және де білімнің қазынасы. Ибн Арабидің пікірінше, онтологиялық мағынадағы тәжәлли, Аллаға тиесілі болған болмыстың затта көрінуі және осылайша Алла заттарды болмыс сатысына шығаратынын білдіреді. Алланың көрінуі осылайша жалғасын тапқандықтан, заттардың бар болуында да жалғасын табуы маңызды болмақ (Karadaş, 1997: 154).

Сопылықтың бұл тәсілдерінің басты бағыты, Алланың барлық өлшемдерде әлемге үстемдік етуі. Осы тұрғыда «Шығыс, Батыс (бүкіл жер беті) әр тарап Аллаға тән. Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (разылығы) сол жақта. Расында Алла өте кең, толық білуші» (Бақара 2/115) аяттағы мәліметке қарай Алла барлық жерде. Демек, Алланың есім және сипаттары барлық жерде функционалды болуда. Себебі болмыстар аталған сипат пен есімдердің тәжәллиі/көрінісі нәтижесінде пайда болады. Бір жағынан «Көктердегі әрі жердегі әркім одан сұрайды, Ол әр күні/мезет шұғылдануда» (Рахман 55/29) аяты да Алланың есім мен сипаттарының әр мезетте функционалды болғандығын көрсетуде. Ғалам үнемі белсенді болып, әр сәтте жаңа формациялар мен дамулар пайда болғандықтан, объектерді және құбылыстарды бар етуші, олардың жаңа формалар алуға және жаңа өлшемдерге ие болуға мүмкіндік беретін есімдер мен сипаттар үнемі функционалды/жұмыс істейді дегенді білдіреді. Алла Тағаланың есімдері жер бетіндегі болмыстарда тәжәлли/көрініс табады. «Жәмил» есімінен сұлулық, «Рахман» және «Рахим» есімінен мейірімділік, ауруларға шипа беру «Шафи» есімінен тәжәлли/көрініс табуда. Екінші жағынан әлемде әр сәтте өзгеріс пен дамудың іске асатындығы, Оның «Фәттәх» және «Мусауиир» есімдерімен келеді. Әлемдегі формациялардың әр дамуы, оған жаңа көлем мен өлшемді бере отырып, жаңа пішін мен бейнені алатындықтан, бұл объектіге Оның «Фәттах» есімімен алдыңғыдан басқаша бір бейне, өлшем және көлем берілуде. Бұл жаңа пайда болғандар бір мезгілде «Мусауиир» есімімен ерекше бір айырмашылық алуда.

Нәтижелері және талқылама

Осындай процестен өтетін әлемдегі жағымсыздықтар, жамандықтар, мәселелер және қиындықтарды жоғарыда аталған хикметтен тыс бағалау салауатты ақылдың жеткен нәтижесі емес. Алайда, сенімдегі мазхабтардың ешқайсысы зиянын тигізетін жамандықтың болмайтынын мәлімдемеген. Бірақ, бұл жамандықтың қандай нәрседен тұратынын, кімге қарай жамандық және неге сәйкес жаман болғандығы жайында түрлі көзқарастар кездеседі. Мысалға, Матуридидің пікірінше әлемде абсолютті жамандық және абсолютті жақсылық жоқ. Сондайақ жамандық деп бағалаған бір құбылыс, адамға, уақытқа, жерге және жағдайға сәйкес әртүр-

лі мағынаға ие болады. Осыған орай, әлемдегі болымсыздықтарды бірнеше тұрғыдан бағалау қажет. Екінші жағынан, қысқа бір өмір мерзімінде басқа түскен қиындықтар мәңгілік бақытқа себепкер болып жатса, оны жамандық деп атауға болады ма? Егер, бастан өткерген бір жамандық артынша сол жерде жоғары деңгейде жақсылыққа алып келсе, бұл қайтадан жаман болады ма? секілді сұрақтар аясында және Құдайдың сипатының құрылымдық ерекшелігін түсіну өлшемі тұрғысынан мәселеге жақындаған кезде, дұрыс бағалау мен дұрыс нәтижеге қол жеткізетіні анық.

Қорытынды және тұжырымдама

Ақыл иесі әрбір адамның шешуге тырысқан мәселелерінен жаратылыстың хикметін/даналығын философия, кәләм және сопылардың талқылаған тақырыптарынан болған. Философтар бұл тақырыпты бақылау арқылы және сезімдерге негізделе рационалды түсіндірмелермен шешуге тырысқан. Сөйте отырып, жалпы әлемде үйлесімділік пен тәртіптің болғандығын мәлімдеген. Сопылар болса, бұл мәселеге Алланың сипаттары мен есімдері тұрғысынан жақындаған және жаратылысты оның көрінісі ретінде бағалады. Кәләм ғалымдары болса, ғаламдағы хикметке/даналыққа назар аударып, осындай хикметтік формацияланған әлемнің, хикмет иесі бір жаратушысының болуы рационалды түрде міндетті болғандығын білдірген. Бұл тақырыпқа жақындау тәсілдерін көрсеткен Матуриди, ойлап түсіну мен ақыл жүгіртудің туа біткен адам табиғатына тән екендігіне басымдылық беріп, ойлау, истидләл және назар сияқты белгілі ақыл жүгірту түрлерін жаратылыстың міндеті деп санайды. Мұны Құдайдың адамға берген тартуы мен сыйы деп қабылдады. Себебі Матуридидің ойлау жүйесінде хикмет пен ақыл, өзара тоғысқан құрылым болғандығын көруге болады. Барлық тіршіліктің қабылдаудан аулақ болған, бұл ақыл нығметі, адамның қабылдауымен өзіне маңызды міндет пен жауапкершілікті алды. Абсолютті хакім (хаким) болған Алла, әлемді жарату кезінде өзінің хикметін/даналығын барлық өлшемдерде функционалды етті. Алайда, бұл хикмет ұғымы әр ғасырлық кезеңде дұрыс түсінілмеуі мүмкін. Мұнда ғасырлар бойы дамыған ғылыми зерттеулердің үлкен үлесі бар. Себебі әлем, ұлы Құдайдың фийли сипаттарының бір көрінісі. Ғаламдағы кез келген формация фийли сипаттардың туындысы болғандықтан, болмыс процесіне енетін әрбір объект саналы формацияға ие. Өйткені жаратылған әрбір болмыс Алланың білімі, еркі/қалауы, құдіреті/тәкуині және хикметпен жаратуы нәтижесінде туындайды. Бұл күйде бар болатын бір құбылыстың, берік және көп қырлы хикметтің ие болған өлшемдерімен болмыс кеңістігіне түсіріледі.

Әдебиеттер

Acluni, İsmail b. Muhammed (1988) Keşfü'l-Hafâ ve Müzilü'l-İlbas. – Beyrut: Dâru'l-Kütübi'İlmiyye. – 164.

Arpaguş, Hatice (2005) "Allah-İnsan İlişkisinde Rahmet ve Gazab". – Istanbul: Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi 29 (2): 41-62.

Bekir Topaloglu. Islam teologiyasy. Kirispe. Audar. N.Zh. Baitenova, S.U. Abzhalov/okulyk. – Almaty: 2014. – 276.

Beyazizade, Ahmet (1996) Usulu'l-Münife li-İmam Ebi Hanife: İmam Azam Ebu Hanife'nin İtikadi Görüşleri. çev. İlyas Çelebi. – İstanbul: MÜİFV Yayınları. – 352.

Demir, Osman Nuri (2019) "İmam Mâtürîdî'de İnsan: Ruh, Nefs Ve Beden İlişkisi Üzerine Bir İnceleme". KADER 17 (1): 228-254.

Gazzali, Ebu Hamid (2018) Esmâ'ül Hüsnâ Şerhi. trc. M. Ferşat. – İstanbul: Merve Yayınları. – 219.

İzmirli, İsmail Hakkı (1981) Yeni İlmi Kelam. nşr. Sabri Hizmetli. – Ankara: Ümran Yayınları. – 279.

Kadi Abdulcabbar, Ebu'l-Hasan (1965) Şerhu'l-Usûli'l-Hamse. nşr. A. Osman. – Kahire: Mektebetu Vehbe. – 569.

Karadaş, Cağfer (1997) İbn Arabi'nin itikadi görüşleri. – İstanbul: Beyan Yayınları. – 186.

Kurt, Fatih (2019) Nesefi Akaidi Şerhi. – Ankara: Akçağ Yayınları. – 53.

Mâtürîdî, Ebu Mansur (2001) Kitabü't-Tevhid. thk. Bekir Topaloğlu, Muhammed Aruçi. – İstanbul: İsam Yayınları. – 771.

Oral, Osman (2015) "Mâtürîdî'de Akıl ve Yaratılış Hikmeti". Necmettin Erbakan Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi 40: 139-158.

Semerkandi, Şemseddin (2017) es-Sahaifü'l-İlahiyye. Trc. Ramazan Biçer. – Ankara: Türkiye Bilimler Akademisi Yayınları. – 277.

Teftazânî, Saadeddin (1999) Şerhu'l-Akâid. trc. Süleyman Uludağ. – İstanbul: Dergâh Yayınları. – 398.

References

Acluni, İsmail b. Muhammed (1988) Keşfü'l-Hafâ ve Müzilü'l-İlbas [Disclosure of Anonymity]. – Beyrut: Dâru'l-Kütübi'İlmiyye. – 164. (in Turkish)

Arpaguş, Hatice (2005) "Allah-İnsan İlişkisinde Rahmet ve Gazab" ["Mercy and wrath in the relationship between Allah and Man"]. – Istanbul: Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi 29 (2): 41-62. (in Turkish)

Bekir Topaloglu. Islam teologiyasy. Kirispe [Theology of Islam. Introduction]. Audar. N.Zh. Baitenova, S.U. Abzhalov/okulyk. – Almaty: 2014. – 276. (in Kazakh)

Beyazizade, Ahmet (1996) Usulu'l-Münife li-İmam Ebi Hanife: İmam Azam Ebu Hanife'nin İtikadi Görüşleri [Views of Imam Agzam Abu Hanifa in Faith]. Çev. İlyas Çelebi. – İstanbul: MÜİFV Yayınları. – 352. (in Turkish)

Demir, Osman Nuri (2019) "İmam Mâtürîdî'de İnsan: Ruh, Nefs ve Beden İlişkisi Üzerine Bir İnceleme" ["Man in Imam Maturidi: A Review of the Relationship between Spirit, Soul and Body"]. Kader 17 (1): 228-254. (in Turkish)

Gazzali, Ebu Hamid (2018) Esmâ'ül Hüsnâ Şerhi [Description of Names of Alla]. trc. M. Ferşat. – İstanbul: Merve Yayınları. – 219. (in Turkish)

İzmirli, İsmail Hakkı (1981) Yeni İlmi Kelam [New Science Kalam]. nşr. Sabri Hizmetli. – Ankara: Ümran Yayınları. – 279. (in Turkish)

Kadi Abdulcabbar, Ebu'l-Hasan (1965) Şerhu'l-Usûli'l-Hamse [Description of the five bases]. nşr. A. Osman. – Kahire: Mektebetu Vehbe. – 569. (in Arabic)

Karadaş, Cağfer (1997) İbn Arabi'nin itikadi görüşleri [Ibn Arabi's views in faith]. – İstanbul: Beyan Yayınları. – 186. (in Turkish)

Kurt, Fatih (2019) Nesefi Akaidi Şerhi [Description of aqida of Nasafi]. – Ankara: Akçağ Yayınları. – 53. (in Turkish)

Mâtürîdî, Ebu Mansur (2001) Kitabü't-Tevhid [The Book of Tawhid]. thk. Bekir Topaloğlu, Muhammed Aruçi. – İstanbul: İsam Yayınları. – 771. (in Turkish)

Oral, Osman (2015) "Mâtürîdî'de Akıl ve Yaratılış Hikmeti" [The Wisdom of Reason and Creation in Maturidi]. – Konya: Necmettin Erbakan Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi 40: 139-158. (in Turkish)

Semerkandi, Şemseddin (2017) es-Sahaifü'l-İlahiyye [Holy Scriptures]. Trc. Ramazan Biçer. – Ankara: Türkiye Bilimler Akademisi Yayınları. – 277. (in Arabic)

Teftazânî, Saadeddin (1999) Şerhu'l-Akâid [Description of Aqida]. trc. Süleyman Uludağ. – İstanbul: Dergâh Yayınları. – 398. (in Turkish)

IRSTI 02.71 https://doi.org/10.26577//EJRS.2022.v31.i3.r4

G.A. Alpyspaeva*, Sh.N. Sayakhimova

Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Kazakhstan, Astana
*e-mail: galpyspaeva@mail.ru

GENDER DIMENSION OF ANTI-RELIGIOUS POLICY IN KAZAKHSTAN IN 1920-1930s

The given article considers the gender aspects of the State-Confessional policy of the Soviet government in the 1920-1930s in Kazakhstan. The main directions of the activities of state bodies to emancipate and involve Muslim women in the public life of the country as an alternative to its former patriarchal-religious life have been investigated based on the analysis of sources and literature. According to the results of the study, it was found that gender policy in the system of Islamic-State relations was carried out in all regions of the Republic, but the forms and mechanisms for its implementation had regional differences, due to the level of Islamization of the regions of Kazakhstan. In the northern and eastern regions of the Republic, Muslim women were actively involved in state building through the organization of "red yurts" and women's delegate conferences. In the southern regions, where Islam had deep roots and was closely intertwined with the traditions of the Kazakh people the policy to emancipate Muslim women was aimed at overcoming religious remnants in everyday life, at fighting against the paranja, and the legal protection of women taking off the veil. Against the backdrop of the growing religious anti-political policy of the Soviet government, the clergy use various methods and conduct their influence on women. The authors estimated and conducted a religious studies analysis on the problem between anti-religious gender policy of Soviet government and the clergy aswell as the Muslim women occurring in this conflict during the research period (1920-1930s).

Key words: Islam, Soviet power, Muslim woman, Polygamy, Fight against the Paranja.

Ғ.А. Алпысбаева*, Ш.Н. Саяхимова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Астана қ.
*e-mail: galpyspaeva@mail.ru

1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы дінге қарсы саясаттың гендерлік өлшемі

Мақалада Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы Кеңес өкіметінің мемлекеттік-конфессиялық саясатының гендерлік астары қарастырылады. Әдебиеттер мен дереккөздерді талдау негізінде бұрынғы патриархалды-діни өмірдің баламасы ретінде мұсылман әйелдерді елдің қоғамдық өміріне баулу және тарту бойынша мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттары зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша ислами-мемлекеттік қатынастар жүйесіндегі гендерлік саясат республиканың барлық облыстарында жүргізілгені, алайда оны іске асырудың нысандары мен тетіктерінде Қазақстан өңірлерінің исламдану деңгейіне байланысты өңірлік айырмашылықтары болғаны анықталды. Республиканың солтүстік және шығыс облыстарында мұсылман әйелдерін "Қызыл отау" мен әйелдер делегаттық конференцияларын ұйымдастыру арқылы мемлекеттік құрылысқа белсене тартты. Исламның тамыры терең және қазақ халқының дәстүрлерімен тығыз байланысты оңтүстік өңірлерде мұсылман әйелдерді азат ету саясаты тұрмыстағы діни қалдықтарды жеңуге, пәренжеге қарсы күреске, пәренжені шешкен әйелдерді құқықтық қорғауға бағытталған. Кеңес өкіметінің өсіп келе жатқан дінге қарсы саясатының аясында дінбасылар әйелдер қауымына өздерінің ықпалын сақтаудың әртүрлі әдістерін қолданды. Мақала авторлары зерттеу кезеңіндегі (1920-1930 ж.) Кеңес Үкіметінің дінге қарсы бағытталған гендерлік саясаты мен дінбасылар арасындағы мәселе мен осы қайшылық арасындағы мұсылман әйелдердің жағдайына баға беріп, дінтанулық талдау жасады.

Түйін сөздер: ислам, Кеңес өкіметі, мұсылман әйел, көп әйел алушылық, пәренжемен күрес.

Г.А. Алпыспаева*, Ш.Н. Саяхимова

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Казахстан, г. Астана
*e-mail: galpyspaeva@mail.ru

Гендерное измерение антирелигиозной политики в Казахстане в 1920-1930-е годы

В данной статье рассматриваются гендерные аспекты государственно-конфессиональной политики советской власти в 1920-1930-е годы в Республике Казахстан. На основе анализа ис-

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

точников и литературы изучены основные направления деятельности государственных органов по раскрепощению и вовлечению женщин-мусульманок в общественную жизнь страны как альтернативу ее прежней патриархально-религиозной жизни. По результатам проведенного исследования установлено, что гендерная политика в системе исламско-государственных отношений проводилась во всех областях республики, но формы и механизмы ее реализации имели региональные различия, обусловленные уровнем исламизации регионов Казахстана. В северных и восточных областях республики женщин-мусульманок активно вовлекали в государственное строительство посредством организации «красных юрт» и женских делегатских конференций. А в южных регионах, где религия ислам имела глубокие корни и тесно переплеталась с традициями казахского народа, политика по раскрепощению женщины-мусульманок направлена была на преодоление религиозных пережитков в быту, на борьбу против паранджи, правовую защиту женщин, снимающих паранджу. На фоне нарастающей антирелигиозной политики советской власти духовенство использовало разные приемы и методы сохранения своего влияния на женщин. Авторы статьи дали оценку и провели религиоведческий анализ возникшего сопротивления между антирелигиозной гендерной политикой советской власти и духовенством, а также положения женщин-мусульманок, оказавшихся между этим конфликтом в период исследования (1920-1930-е гг.).

Ключевые слова: ислам, Советская власть, женщина-мусульманка, многоженство, борьба с паранджой.

Introduction

In the 1920s, with the victory of Soviet power in the country, a state religious policy was formed; a legal framework was created that determined the nature of state-confessional relations. In Kazakhstan, as in the country as a whole, anti-religious propaganda and a struggle to overcome religious vestiges in the minds of the masses unfolded. Particular importance in anti-religious policy was given to the gender component, the women's issue.

It was due to historical trends in the predominance of the Muslim population and the religion of Islam in the region, in which, according to Sharia law, a woman was significantly lower in the social ladder than a man was and practically did not have the civil rights in everyday life, in property relations sphere and in land use.In the Soviet state, in regions with a Muslim population, the solution of the "women's issue", which meant giving women all rights on an equal basis with men, was seen as overcoming patriarchal-religious vestiges caused by the tenets of the Muslim religion. That is why the women's issue was closely linked to the issues of anti-religious struggle.

Justification of the choice of the article: goals and objectives

The choice of the research topic is due to the scientific interest in the problem, its relevance and poor scientific development. The women's issue in religion makes it possible to study its influence on the spiritual processes in society, since religion is able to offer certain ideals and values, guided by which one can answer many relevant questions of the present. The problem of the women's issue in the religious policy of the state is relevant and interesting from the point of view of identifying and disclosing the features of the Soviet model of state-confessional relations in Kazakhstan in the 1920-1930s.In the process of a radical reorganization of society, a struggle was conducted against the religious worldview of the population, religious institutions were liquidated, and ideological stereotypes were dominated.

The category of "women's issue" in the field of historical confrontation between the Muslim religion and Soviet power refers to the little-studied problems of state-religious relations in the 20-30s of the XX century. Within the framework of the proposed article, the authors set the task of carrying out a discursive analysis and giving a scientific assessment of the gender aspect of the confessional policy of the Soviet government. It showed the main forms and directions of anti-religious work among women, and identified the importance of the gender issue in the modernization processes of the 1920s.Such a formulation of the problem will bring us closer to a deeper understanding of the problems of the relationship between the state and Islam, a scientific understanding of the Soviet model of religious policy.

Scientific research methodology

The methodological basis of the article was the theory of modernization, which makes it possible to rethink the problems of social transformation in society in the 1920s-1930s. The modernization of the spiritual life of society, carried out by administrative

methods, caused desperate resistance from the believers who fought for the preservation of religious dogmas in the society.In addition, in the study, the authors relied on the methodology of K. West and D. Zimmerman, through the prism of which gender is viewed as a social construct (West, Zimmerman, 1997: 94–120). The conditionality of the social structure depends not only on the level of development of social relations, but also on the degree of religiosity of the society. In this sense, the theory can be applied to study the gender aspect of confessional politics.

Materials and methods

The source base of the research was made up of documentary materials from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, the State Archive of the Orenburg Region (before 1925 Orenburg was the capital of the Kaz ASSR), regional archives of Kazakhstan.The funds of these archives contain the normative and legislative acts of the Soviet state on the emancipation of Muslim women, the administrative documentation of the central authorities regarding the women's issue, the minutes of the meetings of the Presidium of the KazCEC and regional authorities on gender policy.Materials of women's Muslim meetings and conferences, reports on the work of women's departments and commissions under the provincial executive committees are informative as sources. Published sources collected in thematic collections were also used (Bukhonova, Gribanova, 1990: 256).

The study was carried out using the theoretical provisions and conclusions set out in the works of domestic and foreign authors. In the studies of Kazakh authors, gender issues are considered in the context of the analysis of the internal social, demographic, cultural policy of the Bolsheviks (Amanzholova, 2017: 26-43; Rysbekova, 2009: 214-217). In A.R. Sharafeeva's works, the women's issue is considered on the materials of the All-Russian Congress of Muslim Women, in which mainly Muslim Tatar women from Kazan took part (Sharafeeva, 2020: 22-64). The author states the growth of the Muslim women's movement in the Russian Empire on the eve of October 1917, but at the same time notes the weakness of the women's movement in Kazakhstan for a number of reasons.

In working with sources and texts, general scientific research methods were used: analysis and synthesis, generalization. Special historical methods - historical-systemic and problem-chronological - made it possible to formulate the author's view on the problem of the gender component in the anti-religious policy of the Soviet government. The comparative-historical method to compare the general and the particular in the processes of state-confessional interaction was used.

The main part

In matters of overcoming patriarchal-religious remnants and emancipating Muslim women, the following Decrees of the Central Executive Committee and the Council of People's Commissars of the Kaz ASSR played an important role: the Decree of December 28, 1920 on the abolition of the kalym, the Decree of January 17, 1921 "On the marriage law of the Kirghiz" and the Decree "On punishability polygamy and coercion of a woman to marry among the Kirghiz" dated September 29, 1921. In the Decree on the abolition of kalym (bride price), any transactions, deals and agreements on the payment of the kalym for the bride were recognized as legally invalid. The Decree on Marriage Law stated, "Polygamy, as a custom deeply humiliating for the moral dignity of a Kyrgyz woman and creating enslavement and exploitation of her personality, is positively prohibited."Only a Soviet civil marriage, registered in the department of civil status records in the prescribed manner, was declared legal.The decree introduced age limits for marriage; for men - at least 18 years old, for girls - at least 16 years old (GAPO. F. 7p. Op.1. D. 213. L.19). The gender component in the religious policy of the Soviet state emerged from the very first years of the victory of Soviet power.In the regional and district power structures, women's departments were created, the task of which was to support women and implement the gender policy of the state on the ground.At the district, county and district executive committees, the Bolsheviks formed special commissions to combat the seclusion of women, the removal of the veil and chapan. From the Central Administrative Department (CDA) of the KASSR which was in charge of religious issues, the provincial and district executive bodies received circular orders on the need to conduct a decisive and systematic fight against such manifestations of Islamic vestiges as kalym and domestic crimes, forcing women and girls to marry against their will, beatings of women and their exploitation, the marriage of a man to his second wife in the existing marriage with his first wife (GAJuKO. F. 838. Op.1.D. 2. L. 136).

Throughout the republic, a struggle for a woman broke out. A widely used form of anti-religious work

among women was regional and district delegate conferences of Muslim women, conferences of girls of national minorities (national minorities) with the participation of the wives of communists, as well as women's Muslim meetings.They discussed issues of the powerless position of women in Muslim society and their protection from domestic violence by the husbands.The resolutions of the conferences aimed at a vigorous struggle against such customs and rituals that deprived women of their rights and placed them in an unequal position with men. They called for explaining to women the position on the abolition of bride price and polygamy, promoting the arrangement of a new way of life, and involving Muslim women in the public and cultural life of the republic (GAPO. F. 7p.Op. 1. C. 228. L. 21).

The complex of anti-religious measures in support of women, carried out in the regions and districts included the fight against quackery and underground medicine, the protection of motherhood and infancy, and the dissemination of sanitary and hygienic knowledge and skills among women. In some provinces, "cultural patronage" was practiced over Kazakh auls, within the framework of which anti-religious meetings were held with the invitation of women (OGASPI.F. 1. Op 1.D. 557. L. 30-31).

In the republic in the 1920s, various campaigns to emancipate women were carried out the Day of the Abolition of the Kalym, the Day of the Abolition of Polygamy, the Day of the Kyrgyz Woman; the Day of the Muslim Woman.Their goal was to attract the broad masses to the struggle against the old religious and everyday survivals. Party, Soviet and public organizations were involved in the campaigns. Particular importance was attached to participation in campaigns of young people - members of the Komsomol and pioneers. The protocols of the commissions for the "Day of the abolition of kalym" reflect the scope of the ongoing campaign.During the campaign in sponsored auls and volosts; women were informed at meetings about the achievements and extraordinary tasks of the party in the field of emancipation of Kazakh women. They practiced staging plays on anti-religious themes, staged show trials related to domestic violence against a woman. The opening of demonstration institutions of Soviet and economic bodies dealing with the emancipation of women was timed to coincide with the Day of the Abolition of the Kalym. To popularize the ideas of the liberation of women, the local press was widely used (OGASPI. F. 1. Op.1. D. 569.L. 6). Theses, slogans and other propaganda materials were developed centrally and sent to the localities from the Kazakh district committee of the RCP (b).

It was difficult to overcome the religious traditions and rituals that were established in society, since the population formally abandoned them, but in fact continued to follow the traditions in their modernized version.Officials noted this in their reports: "Kalym still reigns in our corners, the Kyrgyz woman was and is the subject of purchase and sale, the subject of exploitation and speculation in the hands of bais and their adherents.All decrees issued by the Soviet government on the abolition of the kalym ransom remain on paper. "They renamed the dowry (kalym) to kiit, i.e., mutual remuneration of interested parties," wrote the newspaper "Kirghiz Steppe" in December 1922. "Kiit consists of several heads of cattle (from 1 to 20 heads) with different items: carpets, robes…" (Bukhonova, Gribanova, 1990: 55).

Bulanova I.S. (2013) Smyslovoe soderjanie religioznoy konversii /I Religiovedenie [The Semantic Content of Religious Conversion / I Religious Studies]. - № 4. - S. 132-138. (in Russian)

Isaeva, V. B. (2013) Sotsiologicheskie issledovaniya religioznoy konversii v zarubejnoy nauchnoy traditsii: klassicheskie kontseptualnye modeli [Sociological studies of religious conversion in the foreign scientific tradition: classical conceptual models] // Nauchnoe obozrenie. Seriya 2. Gumanitarnye nauki. - № 6. – 28-36. (in Russian)

Kazakhstan Population 2022 (Live) (2022) https://worldpopulationreview.com/countries/kazakhstan-population

Liýtova S.N. (2007) Osnovy psihologii kommýnikativnoi kompetentnosti [Fundamentals of psychology and communicative competence]. – M.: MGIMO University. – 305.

Martinovich, V. A. (2006) Intellektual`nyi tip konversii // Religiya i obshestvo - 2 : aktual`nye problemy sovremennogo religiovedeniya: sbornik nauchnyh trudov [Intellectual type of conversion // Religion and society - 2: actual problems of modern religious studies: collection of scientific papers]. – Mogilev: MGU im. A. A. Kuleshova. – 195-197. (in Russian)

Pervın, L., Djon, O. (2001) Psıhologıa lıchnostı: Teorıya ı ıssledovanıya [Personality Psychology: Theory and Research]. – M.: Aspekt Press. – 607. (in Russian)

Platonov K.K. (1971) Psixologicheskie korni religii // Voprosy nauchnogo ateizma [Psychological roots of religion // Questions of scientific atheism] Vol.11. - M.: Mysl`. – 89. (in Russian)

Stetskevıch, M. S. (2006) Svoboda sovestı: ýchebnoe posobıe [Freedom of conscience: study guide]. – SPb: S.Pb. University Press. – 299.

Telebaev G.T. (2007) Etnorelıgıoznaıa ıdentıfikatsıa molodejı Kazahstana. Osnovnye ıtogı respýblıkanskogo sotsıologıcheskogo ıssledovanıa [Peculiarities of religiosity of modern Kazakh youth]. – Astana: Master PO LLP. – 255.

Telebaev G. T. osobennostı relıgıoznostı sovremennoı kazahskoı molodejı. [Elektron.resýrs]. – 2006. – URL: http://www.isras.ru/abstract_bank/1210064319.pdf. (data obraenıa: 12.01.2021)

Vasılev S. F., Dëmın I. V. (2014) Ýchebnoe posobie bazovyi kýrs po filosofii dlia bakalavrov [Textbook basic course in philosophy for bachelors]. – Barnauyl: AltGTU. – 379.

Yablokov I. N. (1994) Osnovy religiovedeniya [Basics of Religious Studies] / pod red. I. N. Yablokova. - M.: Vysshaya shkola. – 368. (in Russian)

Zakon Respubliki Kazahstan (2011) "O religioznoy deyatel`nosti i religioznyh ob’edineniyah" [The Law of the Republic of Kazakhstan dated 11 October, 2011 No. № 483-IV on Religious Activities and Religious Organizations]. 11 oktyabr` 2011, № 483-IV RK.

Zhanat A. (2020) Kazakhstanda neshe meshit, kansha sectf bar? https://inbusiness.kz/kz/news/kazakstanda-neshe-meshit-kansha-sekta-bar (in Kazakh)

Zholdasbekov M. (2011) Din - ustay alsan kasietin, ustay almasan kasiretin [Religion is a virtue if you can hold it, a misery if not] / Yegemen Qazaqstan. October 24, 2011. https://egemen.kz/article/14538-myrzatay-zholdasbekov-din-%E2%80%93-ustay-alsanh-qasietinh-ustay-almasanh-qasiretinh (in Kazakh)

ҒТАМР 21.15.47 https://doi.org/10.26577//EJRS.2022.v31.i3.r7

Б. Илесбеков

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Ilesbekov1991@mail.ru

АХМАД ИБН МАНСУР ӘЛ-ИСПИДЖАБИДІҢ ҚАЗАҚСТАН ИСЛАМТАНУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аталған мақалада Қазақ жерінен шыққан, Ханафи мәзһабының көрнекті өкілі Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің өмірі мен ғылым жолы, ұстаздары мен шәкірттері жайлы сөз қозғалады. Өйткені ғалымның өмірі мен ғылым жолына қатысты бірқатар мәліметтер болғанымен, оның ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты мәліметтер тым аз әрі олар нақтылауды талап етеді. Сонымен қатар Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты ең негізгі еңбегіне, оның қазіргі таңдағы әлем кітапханаларындағы қолжазба нұсқаларына сипаттама жасалады. Ғалымның бұл еңбегі бізге қолжазба күйінде жеткен. Ахмад ибн Мансурдың аталған еңбегі Испиджаб қаласының өзіндік фиқһ мектебінің қалыптасуына негіз болған. Бұл тұжырымды дәлелдеу мақсатында Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі зерттеліп, оның мазмұндық құндылықтары мен методологиялық ерекшеліктері көрсетіледі. Ахмад ибн Мансурдан бөлек ат-Тахауидың «Мухтасар» еңбегіне бірқатар ғалымдар түсіндірме жазған. Солардың қатарында Абу Бакр әл-Жассасты атап өтуге болады. Бұл ретте Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі мен Абу Бакр әл-Жассастың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты еңбектері арасында компаративистикалық зерттеу жасалып, олардың өзара методикалық ерекшеліктері мен айырмашылықтары талданады.

Түйін сөздер: мәзһаб, шарх, қолжазба, фиқһ, Мұхтасар.

B. Ilesbekov

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
e-mail: Ilesbekov1991@mail.ru

The Contribution of Ahmad ibn Mansur al-Ispidjabi to the Islamic Studies of Kazakhstan

The article tells about the life and work of one of the representative of the Hanafi school of Kazakh origin Ahmad ibn Mansur al-Ispidjabi, his teachers and students. Although there is some information about the life and career of a scientist, there is very little information about his teachers and students, including that they need clarification. The article also describes the most important work of Ahmad ibn Mansur al-Ispidjabi "Sharh Mukhtasar at-Tahawi", and its manuscript versions in the libraries of the modern world. Because this work of the scientist has been preserved in handwritten form. This work of Ahmad ibn Mansur became the basis for the formation of the school of jurisprudence in the city of Ispidjab. To confirm this conclusion, the work of Ahmad ibn Mansur "Sharh Mukhtasar at-Tahawi" is studied, its semantic meanings and methodological features are shown. Besides Ahmad ibn Mansur, a number of scholars have commented on Mukhtasar at-Tahawi. Among them is a scholar named Abu Bakr al-Jassas. A comparative study of "Sharh Mukhtasar at-Tahawi" by Ahmad ibn Mansur al-Ispidjabi and "Sharh Mukhtasar at-Tahawi" by Abu Bakr al-Jassas is also being conducted, and their methodological features and differences are analyzed.

Key words: Madhhab, Sharkh, Manuscript, Fiqh, Mukhtasar.

Б. Илесбеков

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
e-mail: Ilesbekov1991@mail.ru

Вклад Ахмада ибн Мансура аль-Испиджаби в исламоведение Казахстана

В статье рассказывается о жизни и творчестве одного из представителя Ханафитской школы казахского происхождения Ахмада ибн Мансура аль-Испиджаби, его учителях и учениках. Хотя и имеется некоторая информация о жизни и карьере ученого, но очень мало информации о его учителях и учениках. Также в статье исследуется самое важное произведение Ахмада ибн Мансура аль-Испиджаби «Шарх Мухтасар ат-Тахави» и его рукописные версии в библиотеках современного мира. Данная работа ученого сохранилась в рукописном виде. Этот труд Ахмада ибн

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Мансура стал основой для формирования школы юриспруденции в городе Испиджаб. Для подтверждения этого вывода изучается труд Ахмада ибн Мансура «Шарх Мухтасар ат-Тахави», показаны его смысловые значения и методологические особенности. Помимо Ахмада ибн Мансура, ряд ученых прокомментировали «Мухтасар ат-Тахави». Среди них есть ученый по имени Абу Бакр аль-Джассас. Также проводится сравнительное исследование «Шарх Мухтасар ат-Тахави» Ахмада ибн Мансура аль-Испиджаби и «Шарх Мухтасар ат-Тахави» Абу Бакра аль-Джассаса и анализируется их методологические особенности и различия.

Ключевые слова: мазхаб, шарх, рукопись, фикх, мухтасар.

Кіріспе

Қазақстанның ортағасырлық Баласағұн, Тараз, Испиджаб, Фараб сынды қалалары мен олардан шыққан ғұламалардың исламның ғылымы мен мәдениетіне, өркениетіне қосқан үлестері орасан зор. Испиджаб – ғылым-білім, мәдениет және экономикалық тұрғыдан Түркістан аймағының маңызды қалаларының бірі болды. Испиджаб қаласының мәдениет, ғылым-білім және өркениет тұрғысынан дамуында Орталық Азияда 940 жылдан бастап, 1211 жылға дейін билік құрған Қарахан мемлекетінің орны ерекше. Өйткені Қарахан мемлекеті билік құрған дәуірде Орта Азия қалаларында Ханафи мәзһабы дамып, шарықтау шыңына жетті (Илесбеков, 2020ә: 43). Соның нәтижесінде Орталық Азияда үлкен-үлкен өзіндік ерекшеліктерге ие исламның құқықтық орталықтары құрылды. Сондай орталықтардың біріне Испиджаб фиқһ мектебін жатқызуға болады. Испиджаб фиқһ мектебі деп айтуға да негіз бар. Өйткені ортағасырларда Мәуереннаһр аймағында Самарқанд, Бұхара, Насаф сынды фиқһ мектептерімен бірге, Испиджаб қаласының да өзіндік фиқһ мектебі болған. Оған дәлел ретінде ортағасырларда бір ғана Испиджаб қаласының өзінен ондаған ханафи құқықтанушы ғалымдарының шыққанын, сондай-ақ олардың жазған еңбектерінің Ханафи мәзһабында үлкен маңызға ие екендігін атап өтуге болады. Тіпті, XI ғасырдың бірінші жартысы мен XII ғасырдың екінші жартысы аралығында Испиджаб фиқһ мектебінің Самарқанд фиқһ мектебінің дамуына елеулі ықпал еткен.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ортағасырларда Қазақ жерінен шыққан Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің Орта Азиядағы Ханафи мәзһабының дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалым ислам құқығы бағытында туған қаласы Испиджабта білім алып, бірқатар құнды еңбектер жазып қалдырған. Солардың ішінде ең негізгісі ретінде «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегін атап өтуге болады. Ғалымның бұл еңбегі әлі күнге дейін әлем кітапханаларында қолжазба күйінде сақталуда. Сондықтан Ахмад ибн Мансурдың өмірі мен шығармашылығын, атап айтар болсақ, оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегін зерттеп, мәні мен маңыздылығын көрсету мақсат етіліп отыр. Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- Ахмад ибн Мансурдың ғылым жолын, ұстаздары мен шәкірттерін баяндау;
- Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің қолжазба нұсқаларына сипаттама беріп, еңбектің методологиялық және мазмұндық ерекшеліктерін көрсету;
- Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі мен Абу Бакр әл-Жассастың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбектерінің стилистикалық ерекшеліктерін баяндау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында баяндау, жіктеу, герменевтикалық, компаративистикалық, индукция және дедукция, түйіндеу әдістері қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.

Негігі бөлім

Орта ғасырларда Испиджаб қаласынан 30-ға жуық Ханафи және Шафиғи мәзһабының құқықтанушы ғалымдары шыққан. Олардың арасында әлемдік танымалдыққа ие болғандарының бірі ретінде Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабиді атап өтуге болады. Ахмад ибн Мансурдың дүниеге келген жылы белгісіз. Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби – Ханафи мәзһабының өкілі саналады. Ол Испиджаб қаласында өсіп, ғалымдардан білім алып, кейіннен дәріс алқаларында шәкірттерге дәріс оқып, сонымен бірге қазылық қызмет те атқарған. Кейін Қарахан мемлекеті бас-

шыларының шақыртуымен Самарқанд қаласына қоныс аударып, сол жақта қазылық қызметке тағайындалады (Илесбеков, 2020а: 13). Ғалым өмірінің соңына дейін Самарқанд қаласында тұрақтап, 1087 жылы өмірден өтеді. Жалпы Ахмад ибн Мансурдың өмірі мен ғылым жолына, мемлекеттік қызметтері мен жазған еңбектеріне қатысты мәліметтер жеткілікті. Алайда ғалымның ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты мәліметтер жоқтың қасы деп айтуға болады. Осы ретте Ахмад ибн Мансурдың өмірі мен шығармашылығына, оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» атты еңбегі аясында бірқатар қазіргі заманғы ғалымдар ғылыми зерттеулер жасаған. Солардың қатарында судандық доктор әл-Мухаймид Абдулазиз өзінің докторлық жұмысында Ахмад ибн Мансурдың ұстаздары мен шәкірттерінің есімдері және олардың өмірбаяндары ешбір тарихи және биографиялық еңбектерде жазылмағанын мәлімдейді (Абдулазиз, 2013: 51). Ал келесі судандық доктор Абдулла ибн Мушаббаб әл-Қаһтани де өзінің докторлық диссертациясында Ахмад ибн Мансурдың ұстазы ретінде Әбу-л-Хасан ибн Сахр әл-Басриді атап өтсе, ал шәкірттері ретінде Хамадан қаласынан шыққан Әбу Али әл-Ажли мен Буружруд қаласынан шыққан Әбу Тамам әс-Саймариді атап өтеді (Мушаббаб, 2012: 40). Сол секілді ирактық доктор Сәлим Хамид Нассар әл-Һити де өзінің докторлық диссертациясында Ахмад ибн Мансурдың ұстаздары мен шәкірттері ретінде дәл судандық доктор Абдулла ибн Мушаббаб әл-Қаһтани жазған ғалымдарды атап өтеді (Нассар, 2011: 10). Алайда зерттеу барысында Әбу-л-Хасан ибн Сахр әл-Басридің Ахмад ибн Мансурдың емес, керісінше, Ибраһим ибн Ахмад ибн Абдулла деген ғалымның ұстазы екендігі анықталды. Сонымен қатар Хамадан қаласынан шыққан Әбу Али әл-Ажли мен Буружруд қаласынан шыққан Әбу Тамам әс-Саймари атты екі ғалым Ахмад ибн Мансурдың емес, керісінше, Ибраһим ибн Ахмад ибн Абдулланың шәкірттері екендігі дәлелденді (Қаймаз, 2003: 658). Сонымен қатар зерттеу барысында Ахмад ибн Мансурдың ұстазы – Абу әл-Хасан Али ибн Бакр әл-Испиджаби екендігі анықталды. Өз кезегінде Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби өзінің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің бір жерінде ғана ұстазының есімін тілге тиек етіп, былай дейді: «Ұстазымыз (шейхымыз) Имам Абу әл-Хасан (Али ибн Бакр) әл-Испиджаби (Алла одан разы болсын!) былай деп айтатын: «Бұл келісімге рұқсат етіледі. Бидайдың дәл өзін белгілі бағасымен белгіленген мерзімге дейін сату – сауда ретінде саналады. Яғни ол – «силм» саудасы емес. Ал енді бидайдың өзі болмайтын болса, ол келісім жарамсыз саналады» (Мансур, 588: 146). Ал ғалымның шәкірттеріне келсек, оларға қатысты мәліметтер жоқ деп айтуға болады.

Ал енді Ахмад ибн Мансурдың еңбектеріне тоқталар болсақ, ғалымның күнімізге дейін қолжазба күйінде келіп жеткен «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» атты ауқымды әрі негізгі еңбегі бар. Аталған еңбектің тікелей өзіне кірместен бұрын, алдымен оның даму кезеңдеріне тоқталған жөн. Ендеше Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі өзінің даму эволюциясы барысында 4 кезеңді қамтиды:

1-кезең – Абу Жағфар әт-Тахауидың «Мухтасар әт-Тахауи» мәтін еңбегі алғаш Испиджаб қаласында Абу әл-Хасан Али ибн Бакр әл-Испиджаби тарапынан дәріс алқалары мен ғылым мәжілістерінде ауызша кеңінен түсіндіріліп, мәселелерінің жан-жақты талқылануы;

2-кезең – Абу әл-Хасан Али ибн Бакр әл-Испиджаби өмірден өткеннен кейін, оның шәкірті Абу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби ұстазының «Мухтасар әт-Тахауи» мәтініне жасаған түсіндірмелерін қағаз бетіне жинақтап, ауқымды еңбек етіп жазып шығуы;

3-кезең – Алауддин Али ибн Мухаммад әл-Испиджабидің Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің жазып кеткен өте ауқымды «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегін өңдеп, толықтырып, ықшамдап жазуы (Мухаммад, 816: 206);

4-кезең – ғалым Али ибн Мухаммад әл-Испиджабидің қолымен өңделіп, толықтырылып әрі ықшамдалған «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің Ханафи мәзһабы ғалымдары арасында, жалпы ислам әлемінде ғылыми айналымға енуі.

Ахмад ибн Мансурдың бұл еңбегі ислам құқығы саласында жазылған сирек кітаптар қатарына жатады. Қазіргі таңда ғалымның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің әлем бойынша екі қолжазба нұсқасы сақталған. Олар:

Біріншісі Түркияның Стамбул қаласындағы Копрулю кітапханасының Фазил Ахмет-паша қорында 588-нөмірмен сақталған. Аталған нұсқа «А» әрпімен таңбаланды.

Екіншісі АҚШ-тың Принстон қаласындағы Принстон университеті кітапханасында 628-нөмірмен сақталған. Бұл нұсқа «Б» әрпімен таңбаланды.

А нұсқасына келсек, хижра жыл санағы бойынша 935 жылы зулхиджа айының 5 жұлды-

зында жұма күні кітаптың 1 томы Китаб әл-буюғ (Сауда-саттық) тақырыбының «Истибра» бабымен қоса көшіріліп аяқталған. Сондай-ақ кітаптың бірінші томы аяқталғаннан кейін екінші томы басталып жазылған, бірақ толық аяқталмаған. Қолжазбада он көшірген кісінің есімі кездеспейді. Кітап 759 беттен, 29640 қатардан тұрады. Кітаптың бетіндегі қатарлар саны бірдей емес, алайда 38 бен 40 қатар арасында өзгеріп отырады. Ал бір қатардағы сөздер саны 18 бен 20 сөз аралығын құрайды. Сондай-ақ кітап 35 бөлімді қамтиды (Ilesbekov, 2020: 44). Яғни еңбек «Китаб әт-таһарат» бөлімі мен «Китаб әл-каффарат уа ән-нузур уа әл-әймән» атты бөлім аралығын қамтиды.

Әрине, А нұсқасының бөлімдері түгел емес, яғни бұл кітап 50-ден астам бөлімдерді қамтиды. Ендеше ғалымның кітабының осы нұсқасына енбей, қалып қойған бөлімдерін атап өтер болсақ, олардың саны – 13. Олар: Китәб әдәб әл-Қади; Китәб әш-шәһәдә; Китәб әр-ружуғ мин әш-шәһәдә; Китәб әд-дағауи уа әл-бәиинәәт; Бәб кәифияти әл-истихләф уа әд-дағуа; Китәб әл-итақ; Китәб әл-мукәтәб; Китәб әл-уәлә; Китәб әл-мафқуд; Китәб әл-икрәһ; Китәб әл-қисмә; Китәб әл-мә`зун ләһу фи әт-тижара; Китәб әл-карәһия.

Еңбектің бұл нұсқасы анық әрі түсінікті жазылған. Нұсқада өшіп кеткен немесе түсіп қалған орындар жоқтың қасы. Сөздердегі әріптердің нүктелері дерлік толығымен қойылған. Кітапта мәтіннің шархына қосымша жазылған түсіндірмелер (хашиялар) өте аз. Кітапта сөйлемдер өте тығыз жазылған. Тіпті, бөлімдер мен баптардың атаулары да жай сөйлемдермен бір қатарда жазылып, алайда олардан өзгеше болуы үшін қалың бояумен жазылған. Ал мәтін мен шархтың анықталу жолына келсек, мәтіннің алдында «Әбу Жағфар былай дейді» деп жазылса (Мансур, 588: 20), ал мәтін біткен жерден шархтың алдында «Шейх (яғни Ахмад ибн Мансур) былай дейді» деген сөйлем немесе «Білгін!» сөзден кейін мәтіннің шархы жазылған (Мансур, 588: 20).

Б нұсқасына тоқталар болсақ, ол Махмуд ибн Мухаммад ибн Али әл-Халаби тарапынан көшірілген. Алайда қай жылы көшірілгендігі жазылмаған. Бұл нұсқаның мұқабасындағы атау «Шарх Мухтасар Мәуләнә Әби Жағфар әт-Тахауи» деп жазылған. Бұл нұсқа «Китаб әт-Таһарат» бөлімімен басталып, «Сауда-саттық» бөлімінің «Истибра» бабымен аяқталған (Мансур, 628: 1). Бұл өз кезегінде ғалымның еңбегінің бірінші томы саналады. Сондай-ақ нұсқа 432 беттен тұрады. Әр бетінде дәл 35 қатардан жазылған, нұсқа жалпы саны 15120 қатардан құралған. Қатардағы сөздер саны 16 мен 18 арасын құрайды. Бірінші бетінде кітаптың тақырыбы, автордың аты-жөні, кітаптың мазмұны қамтылған. Кітаптың мазмұнында ондағы үлкен бөлімдердің атауы мен басталатын беті ғана жазылған. Сондай-ақ бастапқы беттің ортаңғы және төменгі жағында қолжазбаны көшірген ғалымның аты-жөні мен соңғы сөзі жазылған. Қолжазба өте кәсіби деңгейде көшірілген. Әрбір қатар бір сызық бойында түптүзу жазылған. Жазу стилі де анық әрі түсінікті. Сөздерге әріптік тыныс белгілер (харакаттар) қойылмаған, алайда нүктелері толық қойылған. Қолжазбаның төменгі жағының дәл орта тұсы шіріп, ойылған. Алайда ойылған орынның көлемі мәтін аймағына кірмеген. Бұдан бөлек қолжазбаның жоғарғы жағының сол жақ бұрышынан бастап, біршама жеріне су тиген, соның салдарынан сөздердің бояуы жайылған. Қолжазба мәтінінің тысында сілтеме түсіндірмелер мен хашиялар бар, алайда өте аз.

Сонымен қатар аталған нұсқада үлкен және кіші мөрлер мүлде кездеспейді. Өз кезегінде мөрлер аталған қолжазбаның қай жылдары немесе қай ғасырларда жазылғандығын және кімнің иелігінде болғандығын анықтауға көмектеседі. Өйткені бұл нұсқада «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің бірінші томы ғана қамтылғандықтан, аталмыш нұсқаны көшірген ғалым мен еңбекке қатысты мәліметтерді бұл нұсқада кездестіру қиын. Өйткені әдетте автор немесе кәтиб (кітаптың нұсқасын көшіруші) өзі және жазған кітабы жайлы мәліметті ең соңында жазып қалдырады. А нұсқасының Б нұсқасынан ерекшелігі – А нұсқасын көшірген кәтиб еңбектің бірінші томы аяқталғаннан соң, бірінші том біткен жерге оның жазылып аяқталған жылын, айын, күнін жазып қалдырған. Ал енді Б нұсқасының А нұсқасынан ерекшелігіне келсек, Б нұсқасында қолжазбаның мұқаба және алғашқы беттері толық. Ал А нұсқасындағы қолжазбаның мұқабасы жоқ және алғашқы беттері толық емес, яғни аталған нұсқа еңбектің мазмұнынан басталады. Сондай-ақ А нұсқасының Б нұсқасынан тағы бір ерекшелігіне тоқталар болсақ, Б нұсқасында мөрлер жоқ деп айтуға болады. Өйткені Б нұсқасында бір орында ғана кіші сопақ шеңберлі мөрдің ізі басылған. Ол жерде мөрдің мәтіні өшіп кеткен не болмаса мүлдем түспей қалған. Ал А нұсқасына келсек, онда жалпы саны 40 орынға мөр басылған. Аталған сандағы

мөрлер үш түрлі мөрден құралған. Олардың 21-і – дөңгелектелген тіктөртбұрышты мөр, 1-і – кіші сопақ шеңберлі мөр, 18-і үлкен сопақ шеңберлі мөр.

Ал енді аталмыш мөрлердегі мәтіндер мен жазбаларға тоқталар болсақ, мәселен *дөңгелектелген тіктөртбұрышты мөрде* «امرئ ما نوى إنما لكل » деген мәтін жазылған [Мансур, 588: 80). Аудармасы: «Шын мәнінде әрбір адамға ниет еткені беріледі». Өз кезегінде аталмыш мәтін Алла Елшісінің көпшілікке танымал хадисінің бір бөлігі саналады. Хадисті сахаба Омар ибн әл-Хаттаб риуаят еткен. Хадисте Омар ибн әл-Хаттаб: «Мен Алла Елшісінің: «Шын мәнінде амалдар ниетке байланысты. Шын мәнінде әрбір адамға ниет еткені беріледі. Ендеше кімнің қоныс аударуы Алла және Оның елшісі үшін болса, оның қоныс аударуы Алла және Оның елшісі үшін жасалған болады. Ал енді кімнің қоныс аударуы дүниеге қол жеткізу немесе әйелге үйлену үшін жасалса, онда оның қоныс аударуы сол нәрсе үшін жасалған саналады» деп айтқанын естідім», деген (Бұхари, 2001: 140).

Ал енді *үлкен сопақ шеңберлі мөрге* келсек, аталмыш мөрде « هذا مما وقفه الوزير أبو العباس أبي عبد الله محمد عرف بكوبرللي أقال الله عثاره ١٠٨٨ أحمد بن الوزير (Мансур, 588: 111) деп жазылған. Аудармасы: «Бұл – Копрулю деп танылған, уәзір Әбу Абдулла Мухаммадтың ұлы уәзір Әбу әл-Аббас Ахмадтың уақф жасағандарынан. Алла оны кешіріп, қамқорлығына алсын! 1088 жыл». Жоғарыда біз аталған қолжазба нұсқасының Стамбул қаласындағы Копрулю кітапханасынан алғанымызды айтып өткен болатынбыз. Қарап отырғанымыздай аталмыш мөр Копрулю кітапханасының мөрі болып отыр. Дәлірек айтар болсақ, Копрулю Ахмет-паша (1635-1676) аталмыш қолжазбаны осы кітапханаға уақф жасаған. Өйткені Копрулю Ахмет-паша 1667 жылы Копрулю кітапханасының негізін қалап, салдырған. Бұл кітапхананың ерекшелігі – ол Осман империясы тарихында ең алғаш жекеменшік кітапхана саналған. Уәзір Копрулю Ахмет-пашаның әкесі Копрулю Мехмет-паша (1583-1661) 1656-1661 жылдар аралығында Осман империясының сұлтаны Мехмет IV-нің билік құрған кезеңінде бас уәзір қызметін атқарған. Әкесі өмірден өткен соң Копрулю Ахмет-паша (1635-1676) 1661-1676 жылдар аралығында аталмыш сұлтан Мехмет IV-нің билік құрған кезеңінде бас уәзір қызметін атқарған. Ал мөрдегі мәтіннің соңында жазылған 1088 деген хижра жыл санағы миләди бойынша 1676 жылға тура келеді. Өз кезегінде 1676 деген жыл – кітапхананың және аталмыш қолжазбаның иесі Копрулю Ахмет-пашаның өмірден өткен жылы болып табылады. Ендеше аталған мөрдегі деректер бұл қолжазбаның 1676 жылдан бері тек Копрулю кітапханасында ғана сақталып келгенін дәйектейді. Алайда Копрулю Ахмет-пашаның бұл қолжазбаны қай жерден немесе кімнен алғанын көрсететін мәліметтер кездеспейді. Сонымен қатар А нұсқасының Б нұсқасынан тағы бір ерекшелігі – А нұсқасының қай жылы көшіріліп жазылғандығы белгілі. Ал Б нұсқасының қай жылы көшіріліп жазылғандығы белгісіз. Өйткені Б нұсқасы бірінші томды ғана құрайды, яғни толық емес. Жоғарыда айтып өткеніміздей әдетте қолжазбаның қай жылы көшіріліп жазылғандығы жайлы мәлімет кітаптың ең соңында жазылады. Ал Б нұсқасының соңғы томы жоқ. Ал А нұсқасына келсек, ол хижра жыл санағы бойынша 935 жылы зулхиджа айының 5 жұлдызында оның бірінші томы көшіріліп жазылған. Өз кезегінде аталмыш хижра жылы миләди жыл санауы бойынша 1529 жылы тамыз айының 19 жұлдызына тура келеді. Өз кезегінде А нұсқасының 1529 жылы көшірілуінен келесідей пайымдауларды шығаруға болады:

Біріншіден, кәтиб А нұсқасын өзінен бұрын жазылған нұсқалардан көшіріп жазған.

Екіншіден, кәтиб А нұсқасын «Шарх Мухатасар әт-Тахауи» еңбегінің Ахмад ибн Мансурдың өз қолымен жазған түпнұсқасынан көшірген. Егер екінші пайымдауымыз дәлелдәйектермен нақтыланып жатса, ол Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухатасар әт-Тахауи» еңбегінің нүпнұсқасы 1087 жылдан бастап, 1529 жылға дейін сақталынып келгенін айғақтайды.

Ал енді *кіші сопақ шеңберлі мөрге* келсек, аталған мөрде «الله ومحمد رسول الله» деп жазылған (Мансур, 588: 2). Аудармасы: «Алла және Мухаммад – Алланың елшісі». Аталған мөр қолжазбада тек бір орында ғана қойылған. Мөрдің бояуы анық түспегендіктен, ондағы мәтінді оқу барысында біршама қиындықтар туындады. Ал жоғарыда келтірілген екі мөрге келсек, олар қолжазбада көптеген орындарда қойылғандықтан, солардың арасынан бояуы мен жазуы анық түскенін таңдап алып, оларды оқу қиынға соқпады.

Ал Б нұсқасының мұқабасының жоғарғы жағында «Маулана Аби Жағфар әт-Тахауидың Мухтасар еңбегінің шархының бірінші томы» деп жазылған. Сонымен қатар аталған мәтіннің астында «Бірінші томның мазмұны: китаб әт-таһарат, китаб әс-салат, китаб әз-зәкәт, китаб

әс-саум, китаб әл-манасик, китаб әл-баиғ» деп жазылған. Ал мұқабаның орта бөлігінде « الرحمن مولانا بدر بن محمود بن مولانا كما على أولاده هذا ما بعده إلى آخر الكتاب العبد الفقير إلى رحمة ربه شرطه في الوقفية تغمده الله تعالى بالرحمة والرضوان مذكور حسب» деген мәтіндер жазылған (Мансур, 628: 1). Сонымен қатар қолжазбаның сол жақ астыңғы шетінде екі қатардан тұратын мәтін бар. Мәтіннің басынан бастап толық оқу қиынға соғады. Яғни мәтінде « رحمة ربه العلي محمود بن محمد بن علي الحلبي العبد المحتاج إلى» деген сөздер бар. Аталған мәтіннің дәл астында кіші сопақ шеңберлі мөрдің тек ізі ғана бар. Сондықтан аталмыш мөрдің мәтіні мүлдем түспей қалған. Алайда байқағанымыздай, қолжазбаның мұқаба бетінде Имам Абу Жағфар әт-Тахауидың есімінен бөлек, екі кісінің есімі келген. Олар: Маулана Бадр ибн Махмуд ибн Маулана және Махмуд ибн Мухаммад ибн Али әл-Халаби. Есімдеріне қарап, екеуінің бір адам емес екендігі байқалады. Олардың бірі қолжазбаның иесі болса, екіншісі оны көшірген ғалым болуы әбден мүмкін.

Ал енді Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің методологиялық және мазмұндық құндылықтарына тоқталар болсақ, ғалым бұл еңбегін жазу барысында келесідей әдіс-тәсілдерді қолданған. Олар: Түсіндірмені Имам әт-Тахауидың мәтінінен кейін бастау; Қандай да бір бөлімді немесе тақырыпты алдымен жіктеп, түрлерге түсіндіру; Қандай да бір бөлімді немесе тақырыпты алдымен Құран және хадис мәтіндерімен дәлелдеп түсіндіру; Қандай да бір тақырыптың немесе амалдың алдымен үкімін баяндаумен бастау; Қандай да бір тақырыпты немесе амалдың алдымен терминдік немесе мазмұндық анықтамасымен бастау; Тақырыпты бірден жағдаяттармен түсіндіріп бастау.

Ал енді Ахмад ибн Мансурдың еңбегінің мазмұндық құндылығына келсек, ғалым аталған еңбегін жазу барысында Құран, сүннет, ижмағ, қияс, истихсан, сахаба сөзі, әдет-ғұрып сындыжеті шариғат қайнаркөзін жиі қолдану тұрғысынан да ерекшеленеді. Мәселен, ғалым еңбегінде 80 орында Құран аяттарын дәлел ретінде келтірсе, 432 орында пайғамбар Мұхаммедтің хадистерін, 507 орында Ханафи мәзһабы ғалымдарының бірауыздан келіскен (ижмағ) дәлелдерін, 143 орында қияс (аналогия тәсілі) бойынша бекітілген үкімдерді, 121 орында истихсан категориясы арқылы шығарылған үкімдерді, 77 орында сахабалардың сөзі арқылы бекітілген үкімдерді, 51 орында әдет-ғұрып категориясы арқылы бекітілген үкімдер мен мәселелерді келтірген (Ilesbekov, 2020: 44). Сонымен қатар ғалым аталған еңбегінің 177 жерінде Имам Шафиғидың фиқһтық көзқарастарын Ханафи мәзһабындағы ғалымдардың көзқарастарымен бірге салыстырмалы түрде келтіріп отырады. Бұл өз кезегінде ғалымның еңбегінің салыстырмалы құқықтық құндылығын арттырады. Сонымен қатар ғалым түсіндірме барысында 25 орында мәзһаб ғалымдарының қайшылықты көзқарастарының арасында тәржих (қайшылықты көзқарастардың бірін дұрыс деп таңдау) жасаған. Бұл өз кезегінде Ахмад ибн Мансурдың Ханафи мәзһабы ғалымдарының арасындағы ғылыми дәрежесін көрсетеді. Сол секілді Ахмад ибн Мансур аталған еңбегін жазу барысында қолданған әдебиеттерін негізгі және қосымша деп екіге бөліп қарастыруға болады. Негізгі әдебиеттер ретінде Мухаммад ибн әл-Хасанның «Мабсут (әл-Асл), Жәмиғ әл-Кабир, Жәмиғ әс-Сағир, Зиядат» сынды еңбектерімен қоса, Абу-л-Хасан әл-Кархидің «Мухтасар» атты еңбегін негізгі әдебиет ретінде өте көп қолданған. Ал қосымша әдебиеттер ретінде Абу Мутиғ әл-Балхи, Имам Шафиғи, Хасан әл-Басри, Ибраһим ән-Нахағи, Абу Бәкр әл-Ағмаш, Абу-л-Хасан әл-Исғафи, Суфиян әс-Саури, Ибн Абу Лайла, Абу Бакр әл-Искаф, Абу-л-Хасан әл-Кархи, Абу Жағфар әл-Балхи, Абу Бәкр әл-Хандауани, Абу Лайс әс-Самарқанди, ұстазы Абу-л-Хасан Али ибн Бакр әл-Испиджаби сынды үлкен ғалымдардың жекелеген көзқарастарын түсіндірме барысында қолданған (Илесбеков, 2020ə: 50).

Жалпы Абу Жағфар әт-Тахауидың «Мухтасар әт-Тахауи» мәтін еңбегіне Ахмад ибн Мансурдан бөлек, Ханафи мәзһабында көптеген ғалымдар түсіндірме жазған. Солардың қатарында Абу Бакр әл-Жассасты атап өтуге болады. Әл-Жассас өз кезегінде «Мухтасар әт-Тахауи» мәтініне ең алғаш түсіндірме жазған ғалым саналады. Әл-Жассастың еңбегі де «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» деп аталады. Өз кезегінде Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі мен Абу Бакр әл-Жассастың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбектері арасында мазмұндық құндылығы тұрғысынан да, методологиялық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеліктер мен айырмашылықтар бар. Олар келесідей: *Біріншіден,* Ахмад ибн Мансурдың түсіндірмесі жазылу мақсаты тұрғысынан фиқһ іліміне жаңадан қадам басушы оқырмандарға арналып жазылған болса, ал Абу Бакр әл-Жассастың түсіндірмесі жазылу мақсаты тұрғысынан ғалымдардың

ортасына әрі келесі бір топқа жауап беру үшін жазылған деуге болады. *Екіншіден,* Абу Бакр әл-Жассас түсіндірме жасау барысында әт-Тахауи мәтіндерін мәселелерге қарай бөліп-бөліп, түсіндірменің алдында ешбір сөзі мен сөйлемін қалдырмай жазып отырған. Ал Ахмад ибн Мансур түсіндірме барысында әт-Тахауи мәтіндерін тұрақты түрде қалдырмай жазып отыруға мән бермеген. Керісінше, әр тақырыптың бас жағында соған қатысты мәтіннің біраз бөлігін ғана жазып, түсіндірменің ортасында да, соңында да мәтін жолдары мен сөздерін жазбай ойда сақтап, тек олардың түсіндірмелерін ғана жазып, нәтижеде түсіндірме барысында барынша көптеген мәселелер жағдаяттардың жауабын беруге тырысқан. *Үшіншіден,* Ахмад ибн Мансур түсіндірме барысында көбінесе жіктеу, баяндау, дедукция, герменевтика, салыстыру, талдау, түйіндеу сынды әдістер қолданған. Ал Абу Бакр әл-Жассас болса, түсіндірме барысында көбінесе баяндау, дәлелдеу, сұрақ-жауап, талдау, түйіндеу әдістерін қолданған. Ал олардың ішінде ең көп қолданған әдістері дәлелдеу, сұрақ-жауап, талдау әдістері саналады. *Төртіншіден,* Ахмад ибн Мансур қандай да бір тақырып пен мәселеге қатысты дәлел ретіндегі аяттар мен хадистерді жалпылама келтірумен шектелсе, ал Абу Бакр әл-Жассас қандай да бір тақырып мен мәселеге қатысты дәлелдік аяттар тәпсірлеп, ал хадистерді өз кезегінде жеткізушілерімен, тізбегімен, жету жолдарымен баяндап, олардың мәтініндегі тақырыпқа дәлел болатын тұстарына түсіндірме жасаған. *Бесіншіден,* Ахмад ибн Мансур қандай да тақырып аясында көптеген мәселелер мен жағдаяттарды келтіріп, олардың шешімін көрсетуге тырысқан. Ал Абу Бакр әл-Жассас болса, көбінесе ғалымдар арасындағы қайшылықты мәселелердегі белгілі бір көзқарасты дербес түрде өзіндік қырынан дәлелдеп, қорғап шығуға тырысқан (Жассас, 2010).

Нәтижелері мен талқылама

– Зерттеу барысында Ахмад ибн Мансурдың ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты мәліметтер талданып, олардың нақты не нақты емес екендігі анықталды, нәтижеде ғалымның ұстазы – Абу әл-Хасан Али ибн Бакр әл-Испиджаби екендігі дәлелденді.

– Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің даму кезеңдері айқындалып, еңбектің қолжазба нұсқаларына сипаттама берілді. Сонымен қатар еңбекті сандық және сапалық тұрғыдан зерттеу барысында еңбектің методологиялық және мазмұндық ерекшеліктері анықталды.

– Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі мен Абу Бакр әл-Жассастың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбектеріне бір бап аясында стилистикалық тұрғыдан салыстыру жасалды. Нәтижеде аталған екі еңбектің стильдік тұрғыдан бір-бірінен ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалды.

Қорытынды

Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби – Қазақ жерінен шыққан исламтанушы ғалымдардың бірі. Оның ортағасырларда Қазақ жеріндегі Ханафи мәзһабының дамуына қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі Ханафи мәзһабында көптеген құқықтық классикалық еңбектерге негізгі қайнаркөз саналған. Сонымен қатар ғалымның аталған еңбегінің даму кезеңдерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені еңбек өзінің бір ғасырға жалғасқан даму эволюциясы барысында Испиджаб ғалымдарының сүзгісінен өтіп, Ханафи мәзһабының маңызды еңбектерінің біріне айналды. Абу Жағфар әт-Тахауидың Ханафи мәзһабының мәтін жанрында жазылған «Мухтасар әт-Тахауи» атты еңбегіне мәзһаб ғалымдары тарапынан көптеген түсіндірмелер жазылған. Ал сол түсіндірмелердің арасында әл-Испиджабидің түсіндірме еңбегі ең көп қолданылады. Сондықтан Ханафи мәзһабында «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» деп айтылған кезде, көбінесе әл-Испиджабидің аталған еңбегі мақсат етіледі. Өйткені еңбектің мазмұны өте бай әрі түсіндірме әдісі тұрғысынан оқырманның жеңіл игеруіне ыңғайлы еңбек саналады. Бұлардан бөлек ғалым аталған еңбегін жазу барысында Құран, сүннет, ижмағ, қияс, истихсан, сахаба сөзі әдет-ғұрып шариғат қайнаркөздерін молынан қолдануы арқылы ерекшеленді. Сонымен қатар құқықтық мәселелер мен жағдаяттарды, үкімдерді талдаған кезде көбінесе өзі тұрып жатқан аймақтың әдет-ғұрыптық, дәстүрлік ерекшеліктерін ескеріп отырған.

Әдебиеттер

Абдулазиз М. (2013) Тахқиқ Шарх Мухтасар әт-Тахауи ли Аби Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбижаби (докторлық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Судан: «Омдурман университеті». – 443 б.

Бұхари М. (2001) әл-Жамиғ әс-Сахих. – Дамаск: «Дәр туруқ ән-нәжәт». – 8-том. – 176 б.

Жассас А. (2010) Шарх Мухтасар әт-Тахауи. – Медина: «Дәр әс-Сираж». – 1-том. – 751 б.

Илесбеков Б. (2020а) Ахмад ибн Мансур және басқа да испиджабтық ғалымдар. – Алматы: «ҚазҰУ хабаршысы, Дінтану сериясы». – №2 (22). – 11-18 бб.

Илесбеков Б. (2020ә) Испиджаб – Түркістан аймағындағы фиқһ орталығы (XI–XII ғғ.). – Түркістан: «Ясауи университетінің хабаршысы, Философия, дінтану сериясы». – №4 (118). – 42-53 бб.

Қаймаз З. (2003) Тарих әл-Ислам. – Бейрут: «Дәру әл-Ғарб әл-Исләми». – 10-том. – 460 б.

Мансур А. (588) Шарх Мухтасар әт-Тахауи. – Стамбул: «Копрулю кітапханасы / Фазил Ахмет-паша». – 380 б.

Мансур А. (628) Шарх Мухтасар әт-Тахауи. – Принстон: «Принстон университетінің кітапханасы». – 216 б.

Мухаммад А. (816) Шарх Мухтасар әт-Тахауи. – Стамбул: «Сулеймание кітапханасы / Шеһид Али-паша». – 211 б.

Мушаббаб А. (2012) Тахқиқ Шарх Мухтасар әт-Тахауи ли Аби Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбижаби (докторлық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Судан: «Омдурман университеті». – 488 б.

Нассар С. (2011) Тахқиқ Шарх Мухтасар әт-Тахауи ли Аби Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбижаби (докторлық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Бағдат: «Жамиғат әл-Ирақия». – 328 б.

References

Abdulaziz M. (2013) Tahqiq Sharh Muxtasar al-Tahawi li Abi Nasr Axmad ibn Mansur al-Isbijabi (doktorlyq darejesin alu ushin dayindalgan dissertaciya) [Investigation of a brief explanation of al-Tahawi by Abu Nasr Ahmed bin Mansour al-Isbijabi (dissertation for a doctoral degree)]. – Sudan: «Omdurman universiteti». – 443 b. (in Arabic)

Bukhari M. (2001) al-Jamig al-Sahih [The right collector]. – Damask: «Dar al-turuq al-najat». – 8-tom. – 176 b. (in Arabic)

Ilesbekov B. (2020) Ahmad ibn Mansur jane basqa da ispidjabtyq galymdar [Ahmad Ibn Mansour And Other Ispidzhabic Scientists]. – Almaty: «KazUU khabarshysy, dintanu seriasy». №2 (22). – 11-18 bb. (in Kazakh)

Ilesbekov B. (2020) Contribution of Isfidzhab scholars to the development of Islamic culture and science. – Almaty: «KazUU khabarshysy, filosofiya, madeniettanu, sayasattanu seriyasy». №3 (73). – 42-49 bb.

Ilesbekov B. (2020) Ispidjab – Turkistan aimagyndagy fikh ortalygy (XI–XII gg.) [Ispidjab as the Center of Fiqh in the Turkistan Region (XI–XII)]. – Turkistan: «Yasawi universytetinin khabarshysy, filosofiya, dintanu seriasy». №4 (118). – 42-53 bb. (in Kazakh)

Jassas A. (2010) Sharh Muxtasar at-Tahawi [The explanation of Mukhtasar al-Tahawi]. – Medina: «Dar al-Salam». – 1-tom. – 751 b. (in Arabic)

Mansur A. (588) Sharh Muhtasar at-Tahawi [The explanation of Mukhtasar al-Tahawi]. – Istanbul: «Koprulu kitaphanasi / Fazil Ahmet-pasha». – 380 b. (in Arabic)

Mansur A. (628) Sharh Muxtasar at-Tahawi [The explanation of Mukhtasar al-Tahawi]. Princeton: «Princeton Universitetinin kitaphanasy». – 216 b. (in Arabic)

Mushabbab A. (2012) Tahqiq Sharh Muxtasar al-Tahawi li Abi Nasr Axmad ibn Mansur al-Isbijabi (doktorlyq darejesin alu ushin dayindalgan dissertaciya) [Investigation of a brief explanation of al-Tahawi by Abu Nasr Ahmed bin Mansour al-Isbijabi (dissertation for a doctoral degree)]. – Sudan: «Omdurman universiteti». – 488 b. (in Arabic)

Nassar S. (2011) Tahqiq Sharh Muxtasar al-Tahawi li Abi Nasr Axmad ibn Mansur al-Isbijabi (doktorlyq darejesin alu ushin dayindalgan dissertaciya) [Investigation of a brief explanation of al-Tahawi by Abu Nasr Ahmed bin Mansour al-Isbijabi (dissertation for a doctoral degree)]. – Bagdat: «Jamigat al-iraqia». – 328 b. (in Arabic)

Qaimaz Z. (2003) Tarih al-Islam [History of Islam]. – Beirut: «Dar al-garb al-islami». – 10-tom. – 460 b. (in Arabic)

Muhammad A. (816) Sharh Muhtasar at-Tahawi [The explanation of Mukhtasar al-Tahawi]. – Istanbul: «Suleymanie kitaphanasi / Sehid Ali-pasha». – 211 b. (in Arabic)

ҒТАМР 21.41.65 https://doi.org/10.26577//EJRS.2022.v31.i3.r8

Б. Сүйеркұл , Г. Дүйсен*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: gulzadaduisen@mail.ru

РАБҒҰЗИДІҢ «АДАМ АТА – ХАУА АНА» ҚИССАСЫНДАҒЫ ТЕОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақала ортағасырлық ғұлама Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасындағы діни атаулардың прагматикалық ерекшеліктерін талдауға арналған. Шығармадағы теонимдер қолданылуы діни, тарихи және мифологиялық сипаттағы үлгілерге негізделген. Сонымен қатар, мақалада діни және мифтік антропонимдердің тілдегі мағынасы, қазіргі кездегі қолданысы қарастырылған. Мақала авторлары діни-мифологиялық сипаттағы кейіпкерлердің қиссадағы ақпаратты жеткізуде атқаратын рөлі маңызды екенін атап өтеді және өзара жақын теоним, мифоним, агионим, әулие және т.б. терминдердің мағынасына түсінік береді. Рабғұзи діни-мистикалық мазмұндағы мүдделерін көрсету үшін теонимдер мен мифтік кейіпкерлер есімін қиссаға арқау еткен. Шығармадағы теонимдер сол кезеңдегі тілдік ұжымның тарихын, этногенезін, өмір шындығы мен тұрмыс болмысын, тәжірибесін, салт-дәстүрін, наным-сенімін, шаруашылық мәдениеті мен дүниетанымын айғақтайды. Сондықтан кейіпкерлерді сипаттау, оқиғалар көрінісін және идеялық мазмұнын бейнелеу, теонимдердің ақпараттық негізін анықтау – автордың прагматикалық діттемін, шығарма жанрының ерекшелігі мен сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – теонимдерді рухани-моральдық құндылықтарды көрсететін күрделі менталды бірлік ретінде қарастыра отырып, мәдени-тілдік семантикасы арқылы кодқа салынған ақпаратты ашу. Қиссадағы теонимдер кешені этномәдени ақпаратқа бай мифтік-діни дүниетаныммен байланысты тілдік фактор ретінде қарастырылған. Олардың мазмұнында этномәдени сипаттың сақталуы мен жалғасуы мәдени архетиптердің тілдік бейнеде сақталған этнотаңбасы екенін көрсетеді. Зерттеу барысында жасалған діни-теориялық талдаулар нәтижесі теолингвистика саласында өзіндік қолданысын табады. Зерттеу нәтижелері этнолингвистиканың теориялық мәселелерін шешуге, принциптерін айқындауда өз деңгейінде үлес қосады.

Түйін сөздер: теоним, мифоним, агионим, пайғамбарлар, әулиелер.

B. Suiyerkul, G. Duisen*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: gulzadaduisen@mail.ru

Pragmatic features of theonyms in Rabguzi's Story «Adam ata – Haua ana»

This article is devoted to the study of the pragmatic features of religious names in Rabguzi's Story «Adam ata-Haua ana». The usage of theonyms in the work is based on examples of a religious, historical and mythological character. In addition, the article deals with the meaning and uses of religious and mythical antpoponyms. The authors of the article emphasize the important role of religious and mythological characters, which make it possible to determine the main intention of Rabguzi in the transmission of information. They are explaining the meanings of terms that are similar in content: theonym, mythonym, agionim, saint, etc. Rabguzi used names of mythical characters to represent the religious and mystical interests. Theonyms reflect the history, ethnogenesis, realities of life and life, experience, customs, beliefs, economic culture and worldview of the ethnos of that period. Therefore, the description of the characters, the reflection of the picture of events and ideological content, the systematic study of theonyms allow us to reveal the nature and features of the genre of the work and the author's thoughts. The purpose of the study is to reveal information encoded in the cultural and linguistic semantics of theonyms, considering them as a complex mental unit expressing spiritual and moral values. Theonyms as a source of ethno-cultural information are reflected in the language as images-names of mythological and religious characters. Religious-theoretical conclusions will find its application in the field of theolinguistics. The results of the research contribute to the solution of theoretical problems, the definition of the principles of ethnolinguistics.

Key words: Theonym, Mythonym, Agionim, Prophets, Saints.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Б. Суйеркул, Г. Дуйсен*
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: gulzadaduisen@mail.ru

Прагматические особенности теонимов в хиссе Рабгузи «Адам ата – Хауа ана»

Данная статья посвящена анализу прагматических особенностей религиозных имен в хиссе Рабгузи «Адам ата – Хауа ана». Использование теонимов в произведении основано на примерах религиозного, исторического и мифологического характера. Кроме того, в статье рассматривается лингвистическое значение религиозно-мифических антропонимов и их современное употребление. Авторы статьи подчеркивают важную роль религиозных и мифологических персонажей, позволяющих определить основную интенцию Рабгузи в передаче информации и объясняющих значения близких по содержанию терминов: теоним, мифоним, агионим, святой и др. Рабгузи использует имена мифических персонажей для представления интересов религиозно-мистического содержания. Теонимы отражают историю, этногенез, реалии жизни и быта, опыт, обычаи, верования, культуру и мировоззрение этноса того периода. Поэтому описание героев, отражение картины событий и идейного содержания, систематическое исследование теонимов в хиссе позволяют раскрыть характер и особенности жанра произведении и мысли автора. Цель исследования – выявить информацию, закодированную в культурно-языковой семантике теонимов, рассматривая их как сложную ментальную единицу, выражающую духовно-нравственные ценности. Теонимы как источник этнокультурной информации отражаются в языке в качестве образов-имен мифологических и религиозных персонажей. В хиссе они рассматриваются как языковой фактор, связанный с мифико-религиозным мировоззрением, богатым этнокультурной информацией. Религиозно-теоретические выводы могут быть применены в области теолингвистики. Результаты исследовательской работы вносят свой вклад в решение теоретических проблем, определение принципов этнолингвистики.

Ключевые слова: теоним, мифоним, агионим, пророки, святые.

Кіріспе

Діни шығармалар, ұмытылған, ескі заманның туындылары болғандықтан, мифке ұқсас келетін тұстары да баршылық. Әсіресе, діни қиссадағы мифологиялық сипаттағы кейіпкерлер әлеуметтік, психологиялық, тарихи жаңалықтарымен ерекшеленеді. Ондағы кейіпкерлер табиғат құпияларын меңгерген күрделі бейнелер. Олардың сыры адам санасы жетпейтін бір құдіретте, сондықтан адамның қолынан келмейтін істерді істеп тастайды. Бұл өз кезегінде қиссадағы діни ұғымдар мен атауларды жинақтау және осы теонимдердің семантикасын жүйелі түрде зерттеуді талап етеді. Ғылыми айналымда құдай, әулие атаулары *теонимдер* деп танылады. Дін мен діни ұғым-түсініктерді теология ғылымы зерттейді.

Теонимдер – пайғамбарлар, әулиелер, аруақтар (киелі рухтар), ислам дінін уағыздаған шайық есімдері, халиф, олардың жақындарының ныспылары, әулиелер мен сахабалар, періштелер, олардың лақап, туынды аттары туралы ұғымдар мен категориялардан тұрады. Теонимдер – мифологиялық сананың үзігі мен аспектілерін де қамтитын этномәдени тілдік белгілер болғандықтан құпиялық сипатқа да ие. Халықтың санасында Исламға дейінгі дәуірде орныққан ұғым болғандықтан тек Жаратушы есімдерін ғана емес, жалпы мифтік сипаттағы атаулардың барлығын да қамтиды.

Ғасырлар бойы ислам жолын ұстанған елдердің барлығы дерлік ислам дініне лайықтап ат қою дәстүрін жалғастырып отырған. Түркі тілдеріндегі кісі есімдерінің үлкен тобы – діни мазмұнды есімдер. Орта Азияға ислам дінінің келуі кісі есімдеріне мазмұндық, мағыналық тұрғыдан әсер етті. Түркі тілдеріндегі діни антропонимдердің барлығы тілдік өзгерістерге түсіп, көпшілігінің сыртқы формасы түркілік кейіп алған. Олай болса, қиссада қолданылған және қазіргі қолданыстағы антропонимдерді өзара салыстыра отырып этнолингвистикалық бағытта зерделеу, қисса мәтініне теолингвистикалық талдау жасап, діни сипаттағы кейіпкерлерді сипаттау арқылы оқиғалар көрінісін және идеялық мазмұнын бейнелеу міндеті – жұмыстың бағытын айқындайды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Шығармадағы ақпаратты беруде маңызды рөл атқаратын *теонимдер* – автордың дүниетанымын айқындайды. Зерттеудің мақсаты – осы теонимдердің ақпараттық негіздерін анықтау,

автордың шығарма идеясын жеткізудегі мәнін айқындау.

Қиссаның тілдік бірліктерінде таңбаланған рухани-танымдық ақпарат «теоним» ұғымы арқылы түйінделген. Сондықтан, Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасындағы бірінші дәрежелі тірек сөз ретінде ұғынылатын, мағыналық реңктері анықталған, яғни бастапқы мазмұнын өзгертіп, контекстік мағыналық қасиетке ие болған «теоним» терминін қолдануды орынды деп таптық.

Қиссаның тілдік бірліктеріне талдау жасамас бұрын, шығарманың қай кезеңге тиесілі екендігін, ондағы мәтінді түзуші кейіпкерлердің қандай мақсатта қолданылғанын, автордың түпкі прагматикалық діттемін анықтап алған жөн. Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасы – XIV ғасырда діни бағытта жазылған әдеби мұра. Ортағасырлық тарихи-мәдени құндылықтар, қоршаған орта, діни және өзіндік көзқарас, адамға рухани мүмкіндіктерден туындайтын алуан түрлі ақпарат қиссада тілдік арналар арқылы берілген. Діни мазмұндағы шығарма арқылы ойын білдіруде автор исламдық дереккөздерге сүйенеді. Сондықтан автордың санасындағы мифологиялық сипаттағы кейіпкерлерді де діни руханиятпен тығыз байланысты қарастырамыз.

Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасының мәтініне талдау жасау кезінде теонимдердің рөлін анықтау үшін жалқы есімдерді теоним ұғымына жинақтауға болатынын зерттеу барысында жинақталған бай тілдік дәйектер көрсетіп отыр.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысында теолингвистика ілімінің принциптері мен жүйесінде теонимдік лексиканың өзіндік орны мен ерекшеліктерін айқындап алу үшін қазақ, орыс және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі теонимдер мен теолингвистика туралы теориялық тұжырымдарын басшылыққа алдық. Теонимдерді зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері Н.В. Подольская, В.И. Алексеев, А.Н. Суперанская, М. Мальсагова, М.Н. Зырянова т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Мақала тақырыбының ерекшелігіне байланысты сипаттама, саралау әдістерімен қатар этнолингвистикалық талдау әдістері де қолданылды.

Негізгі бөлім

Теонимдерді зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері көптеген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерделенген. Н.В. Подольская «Словарь русской ономастической терминологии» деген еңбегінде теонимдерді жеке қарастыра отырып, оның себебін кез келген мифте, әсіресе, ертегілерде құдай атаулары кездеспейтінімен түсіндіреді. Теонимдер жалқы есімдер арасында ерекше категория құрайды дей келе ғалым: «Теолингвистика – Құдайға қатысты жалпы тілдік мәселелерді қарастыратын тіл білімінің саласы. Теолингвистикамен қатар ономастикада орныққан келесі термин – теоним, яғни грек тілінен аударғанда теос – Құдай, оним – атау. Кез келген пантеондағы Құдай есімдері» (Подольская, 1988: 131) және ономастиканың құрамында теолингвистикамен байланысы бар мифонимдерге: «Мифтердегі, эпопеялардағы, ертегілердегі, қиссалардағы кез келген ономастикалық кеңістік саласына қатысты атаулар» (Подольская, 1988: 124-125) деп анықтама берген.

Ал, В.И. Алексеев: «Теонимдердің ономастикалық тұрғыдан жеткіліксіз түсіндірілуі, ең алдымен, олардың көпшілігінің ең көне лексикалық қабаттарға жататындығына, әрі қолдану ортасы (nomina sacra) мұқият қорғалғандығына байланысты» (Алексеев, 2015: 11) деп, теонимдердің мифонимдерден айырмашылығы бар екенін айтады.

А.В. Суперанскаяның пікірінше: «Мифоним – шығарманың ономастикалық кеңістігінің өзіндік секторы. Оған адам, жануар, өсімдік, халық, географиялық және космографиялық объекті және шын мәнінде ешқашан болмаған басқа да нысандар атаулары жатады» (Суперанская, 1973: 180).

Тихоновтың сөздігінде: «Мифоним – сөз немесе сөз тіркесі ретінде, құдайдың немесе ойдан шығарылған кейіпкерлердің жалқы немесе жалпы есімі ретінде қолданылады. Мифологиялық сипаттағы кейіпкерлер ертегілерде, аңыздарда, мифтерде, батырлық дастандарда, шежірелерде, аңыздарда, әлемнің әртүрлі халықтарының, сондай-ақ христиандардың, мұсылмандардың және буддистердің теологиялық трактаттары мен қасиетті кітаптарында кездеседі. Мифонимияны зерттеуге зерттеу пәнінің өзіндік ерекшеліктері және шекараларының анық еместігі кедергі келтіреді» (Тихонов, 2008: 107) деп осы мифоним және теоним терминдерін нақты анықтаудағы қиындықтар атап көрсетілген.

М.И. Мальсагова: «Дін мен мифологияның арақатынасындағы өзекті мәселе – атаулардың жіктелуі. Діни лексиканы сипаттау жүйесі осының шешіміне байланысты» (Мальсагова, 2011:

10) – деп, соңында «Дін де, мифология да бір ағаштың екі тармағы, бір инвариантты тұлғаның модификациялары» (Мальсагова, 2011: 38) деген тұжырым жасайды. Нәтижесінде, зерттеуші теонимдер мен мифонимдердің ортақ шығу және қалыптасу тарихына сілтеме жасай отырып, олардың семантикасында шындыққа жатпайтын, ойдан шығарылған, о дүниемен байланысты барлық атауларды бір теонимдік топқа біріктіреді.

«Теоним» ұғымын танымдық тілдік бірліктердің бірі ретінде қарастырған М.Н. Зырянова: «Теоним көбінесе ұлттық және жеке сананың ерекшеліктерін ашуға, автордың жеке поэтикалық дискурсын зерттеуге мүмкіндік беретін тұжырымдама, семантикалық кешен» (Зырянова, 2010: 29) деген пікір айтады.

Теонимдердің басым бөлігінің лексикалық негізін агиоантропонимдер – әулиелер есімі құрайды. Ислам дінінде әулиелер жоққа шығарылмайды, қайта таза дін ұстанушылар, Алланың досы деп құрметтелінеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Әулие» (араб тілінен аударғанда – желеп-жебеуші) – «ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға» (Ысқақов, Уәли, 2011: 515) деп анықтама берілген

Энциклопедиялық анықтамалықта: «Әулие» – арабша «уали», көпше түрінде «аулийа» – Алланың досы, Аллаға жақын тұрушы адам, Алланың қамқорлығындағы адам, Алланың мейірімі түскен адам, Алланың қалаулы адамы, керемет қасиетке ие, дін жолындағы адам деген мағына береді. Әулие – Алладан қорыққаны, дінге шынайы қызметі және мызғымас адалдығы арқылы Алланың ерекше ықметіне, халықтың аманатына ие болған, өлгеннен кейін де рухы биік болған адам», (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 94) деп сипатталған.

Қазақ ономаст ғалымы Б. Әбдуәлиұлы: «Агионим – сакралдылық категориясын сипаттайтын тұлға немесе нысандарды атауға қызмет ететін атаулар жиынтығы» (Әбдуәлиұлы, 2019: 27), – деп түсіндіреді.

Ономастикалық терминдердің қысқаша сөздігінде: «Агионим – қасиетті әулиенің есімі; ел ішінде «әулие» ұғымына ие болып, таралған есімдер» (Мәдиева, Иманбердиева, 2005: 172), – деген анықтама берілген.

В.И. Алексеев «Агионим» терминін былайша жіктейді: «Агионимдер өз ішінде қасиеттілік мағынасына ие ономастикалық алаң құрайтын бірнеше топқа бөлінеді: теонимдер, агиоантропонимдер (әулиелер есімі), агиотопонимдер (агиотопонимдермен немесе экклезионимдермен аталатын қала, ауыл, көше атаулары), эортонимдер (шіркеуге қатысты мерекелер атаулары), экклезионимдер (храмдар мен монастырь атаулары), иконимдер (икон атаулары) (Алексеев, 2014: 301).

Жоғарыда санамаланған ғалымдардың пікірлеріне және ғылыми әдебиеттердегі анықтамаларға сүйене отырып, мифтік сипаттағы кейіпкерлердің есімдерін – мифтік антропонимдер, ал киелі кітаптарда, діни мазмұндағы қиссаларда кездесетін есімдерді – діни антропонимдер деп алып, жалпы бұл атаулардың барлығын «теоним» терминімен атаған жөн деп танымдық.

Нәтижелері және талқылама

Рабғұзидің қиссасындағы діни лексиканы, оның ішінде теонимдерді және діни антропонимдерді лингвистикалық тұрғыдан жүйелегенде қиссадағы және қазіргі қолданыстағы кісі есімдерін, діни атауларды талдау үшін барынша қисса мәтініне жүгінеміз.

Ислам дінінде пайғамбарлар адами, кісілік қасиеттері барынша жетілген ізгі адамдар. Пайғамбарлар есімінің мұсылман ұғымындағы мәртебесі биік. Пайғамбарлар өз заманында да, тіпті одан кейін де үмметіне үлгілі, өнегелі болған жандар. Қиссаның «Хазірет Адамның жаратылуын Алланың қалауы» атты бөлімінде: «Уақыты келгенде құдай тағала асылдардың, асылы болған пайғамбарымыз Мұхаммедтің, бүкіл ізгілік атаулының негізі болған, кемеліне келіп толысқан нұрын құдірет қолымен жерден көтеріп алды. Ол нұрды неше мың жыл қасында тұрғызып қойды... Мұхаммедтің ол нұры пейіштерді жарқыратып, көздің жауын алып тұратын еді», (Сағындықұлы, 1997: 235) деп Мұхаммед пайғамбар туралы және оның нұры жайында баяндалады. Бұл жерде Рабғұзи, пайғамбардың ізгілік істерін шыраққа теңеп тұр. Пайғамбар өзінің тілегін ұмытып, адам игілігін ойлайтын жан болған.

Исламдық терминдер сөздігінде ***Мұхаммед (Мухаммад)*** пайғамбар туралы: «Ислам діні сенім негіздері бойынша адамзатқа жіберілген соңғы елші әрі пайғамбар. Оның соңғы пайғамбар әрі елші екендігіне сену – ислам дінінің тіректерінің бірі. Елшілігі мен пайғамбарлық миссиясын жоққа шығару ислам теологиясы бойынша күпірлік әрекет болып табылады. Сонымен қатар исламнан шығуына себеп бола-

ды» (Исахан, Муслимов және т.б., 2015: 236) делінген.

Қиссада Мухаммед, Нұр Мұхаммед, хазірет Мұстафа, Мұхаммед расул алла, Мұхаммед Мұстафа деген сипаттарда аталады. Негізі пайғамбардың бірнеше есімі бар, Мұхаммед есімі пайғамбардың ең белгілі есімі. Пайғамбардың барлық есімдері оның рухани және адамгершілік қасиеттерінің мағынасын береді. Зерттеушілер: «Кез келген саналы адам, ол тіпті діндар болмағанның өзінде, тек есімдерімен танысып-ақ пайғамбардың тұлғалық қасиеттерін білсе болады» (Игиликова, Сүйеркұл, 2018: 174), – дейді.

Мұхаммед есімі түркі тілдерінде жиі қолданылатын есім. Есімнің мазмұны мен мағынасына тоқталар болсақ, арабша мақтаулы деген мағынаны береді. Мұхамедияр, Махмұт, Махамбет, Мұқамбетғали, Мұқамбетбай, Мұқамбетбек, Мұқамбетқожа Мұхаммед, Мұхамедханафия, Мұқамбеткәрім, Мұқағали, Айтмұхаммед, Мұқамбетназар, Бекмұхаммед Мұқаш, Мамай, Мәмет, Мұқатай, Мұқай, Мұқыш, Мұқан және т.б түрде біріккен тұлғалы есімдердің құрамында кездеседі. Бұл есімдердің барлығының мағынасы арабшадан аударғанда мақтауға лайық істері көп деген мағынаны білдіреді.

Қиссада аты аталған пайғамбардың бірі – ***Ыдырыс*** (Идрис). Ыдырыс ислам аңызындағы Ілияс пен Қадыр іспетті «мәңгі тірі» кейіпкерлердің бірі. Әртүрлі дереккөздер бойынша пайғамбар әрі сопы болған деген ақпарат бар. Өте тақуа жан болғандықтан Алла оны көкке алып кеткен. Ажал періштесін айналып өтіп жұмаққа енген, Аллаға адал болғаны үшін сол жұмақта қиямет қайымға дейін қалдырылған.

Қиссада *Ідіріс 'алайһи с-салам* деп кездеседі. Ыдырыс – араб тілінен аударғандағы мағынасы ынталы, білім алушы, талаптанушы. Бүгінгі күні бұл есім Едірес түрінде қолданылады.

Қиссадағы *Ибраһим 'алайһи с-салам* деп аталатын пайғамбар Авраам, Ыбырайым атымен белгілі. ***Ибраһим*** – көне еврей тілінен келген Авраам есімінің айтылу түрі. Ыбырайымның өмірі және отбасы жайында Құранда толығырақ түсіндіріледі. Оның Меккедегі Қағбаны салғандығы (қажылыққа барып тәу ету осы пайғамбардан басталады), Құдайға шын берілген адам ретінде ұлы Исмаилді Алла жолында құрбан етпекші болған оқиғасы (адамды құрбандық етуді тыю осы пайғамбардан басталады), құрбандық шалу рәсімі (құрбандыққа мал шалу осы пайғамбардан басталады) туралы оқиғалар баяндалған. Ел ағасы, Аллаға мойсұнушы деген мағына береді. Бұл есім түркі тілдерінің барлығында кездеседі. Ибрахим, Ибрагим, Ибраһим, Ыбырай, Ыбырайым, Ыбрай, Ыбыкен, Ыбыраш, Ібрәкім, Ыбыш секілді түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшыраған аллофондары бар.

Мұса – Құранда ең көп аталған тұлға. Құранда тұңғыш шариғат заңдарын жасаушы пайғамбар ретінде дәріптеледі. Алла Тағала онымен тікелей сөйлескен. Төрт қасиетті кітаптың бірі Тәурат Мұса пайғамбарға жіберілген.

Қиссада *Мұса 'алайһи с-салам* деп аталады. Есімнің мағынасы көне еврей тілінен (Моисей) аударғанда судан табылушы деген мағына береді. Рабғұзидің қиссасында айтылған Мұсаның судан шығарып алынғаны туралы аңызға қатысты осы пайғамбарға берілген есім. Бұл пайғамбардың есімі де Жаяу Мұса, Мұсажан, Мұсабай, Мұсабек, Мұсахан, Мұсатай, Мұсағали сияқты біріккен тұлғалы есімдер ретінде қазірде кеңінен қолданылады.

Құран Кәрімде он бес сүренің токсан үш аятында ***Иса*** пайғамбардың есімі аталған (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 212). Оның Мәриямның баласы екені және оған қасиетті төрт кітаптың бірі Інжіл түсірілгені, соңғы пайғамбардың келетіні жайлы Алланың оған хабар айтқаны жазылған.

Қиссада *'Айса 'алайһи с-салам* деп аталған. Көне еврей тілінде құтқарушы деген мағынасы бар. Айса, Ғайса, Иусус Христос ретінде белгілі есім. Бұл есім түркі халықтарында да кездеседі. Арабша кірме сөздердегі ғ//ә заңдылығына сәйкес Ғайса, Айса, Ғайсын формалары да ұшырасады. Біріккен тұлғалы есімдер құрамында Исахан, Исатай, Исабек, Исаділ, Исахмет, Исажан, Исағали, Исалы, Исабай формалары қолданылады.

Алла Тағала оған төрт кітаптың бірі Забур түсірілген ***Дәуіт*** пайғамбар. Забурды әсем дауысымен оқығанда төңірек түгел үн қосып, тыңдаушылар тебіреніп кететін еді деп дәріптеледі (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 138).

Қиссада *Дәуіт 'алайһи с-салам* деп есімі алты рет аталады. Көне еврей тіліндегі сүйікті деген мағынаны білдіреді. Қазір біріккен тұлғалы есім ретінде Дәуітәлі есімі қолданылады.

Сүлеймен – Исраил пайғамбары. Алла Тағала оған пайғамбарлық та, патшалық та берген. Әкесі Дәуіт қаза болған жылы, 12 жасында тақ-қа отырған. Дау-дамайда әкесінің қасында жүріп, әділ үкім айтуға үйренген. Көп ұзамай пайғамбарлық қонған (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 148-149). Сүлеймен пайғамбар Дәуіттің ұлы.

Қиссада Сүлеймен 'алайһи с-салам деп кездеседі. Рабғузидің қиссасында Сүлеймен пайғамбардың даңқ пен ілімнің иесі болып, жан-жануарлардың, тірі жәндіктердің тілін білгендігі айтылады. Бұл пайғамбар жануарлар әлеміне де билік жүргізіп, жындар да оған бағынып қызмет жасаған. Сүлеймен пайғамбар аса кішіпейіл, әділетті, тақуа, ақыл-парасатты адам болғандығы айтылады.

Шоломох (Соломон) сөзі көне еврей тілінде бейбіт, қорғалған деген мағына береді. Қазір де барлық түркі халықтарында белсенді түрде қолданылатын есім. Сүлеймен Бақырғани сынды түркілерге ортақ ортағасырлық философия өкілі бар. Қысқартылып айтылу түрлері – Сүлейке, Сүлей.

Енді қиссадағы басты кейіпкер, адамзаттың арғы атасы – Адам ата туралы дерек бере кетейік.

***Адам* ата** – Адамзаттың атасы. Алла Тағала оны топырақтан жаратқан, қас таза рух үрлеп енгізіп жан бітірген. Жер бетіне иелік етіп Құдіреттің күшін, Алланың бірлігін дәріптеу үшін жер бетіне жіберілген ең алғашқы пайғамбар. Адам жаратылған топырақ жердің беткі қабатынан алынғандықтан «Әʹдәм» (жер қабығынан алынған) деп аталған. Бұл сөз тіліміздің өзіндік заңдылығына сай өзгеріп, «Адам» түрінде қолданысқа енген. «Адам» делінетін алғашқы ақылды жан иесі ескі киелі кітаптарда адамаһтан, яғни «adamah» – қазақшалағанда «топырақтан» жаратылды деп келеді. «Адам» сөзі ежелден есімдік ретінде жалпы адам баласының нәсілдік ұғымы ретінде айтылып келе жатыр. Сонда бүгінгі өркениетке өң берген «адамзат» дегеніміздің өзі этимологиясы жағынан «топырақзат» болып шығады (Қалназаров, 2020). Құранда былай баяндалған: «Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлаған құрғағанынан жараттық» (Құран Кәрім, «һижір» сүресі, 15:26). Сонымен, Адам топырақ текті, олай болса, жердің перзенті іспетті, жердің өнімі десек те болады.

Қиссаның «Хазірет Адам 'алайһи с-саламның жаратылу тарихы» бөлімінде Алла, Адамды жаратарда: (Періштелер): «*Ей, Алла, адамды жаратуыңыздың себебі не? Егер күнә, асылықтар үшін болса, оны Бини ал-жан жасайды. Тағат-ғибадатты біз жасаймыз*» (Сағындықұлы, 1997: 235), – дейді. Бұл үзіндіде баяндалғандай, Адамға дейін жаратылғандардың теріс қылық жасағанын, оларды тура жолға салу үшін пайғамбар жіберілмегенін байқаймыз.

Қиссада *Адам 'алайһи с-салам, Хазірет Адам, Адам, Адам сафид, Адам ата* деген сипатта аталады. Қиссаның «Хазірет Адамның жаратылу тарихы» бөлімінен алынған мына үзіндіде: «Хазірет Алладан хабар келді: «Жер жүзіне арнап бір халифа (орынбасар) жаратамын. Барлық жаратылғандардан оны асыл етемін» (Сағындықұлы, 1997: 236) – деп баяндалады. Адам баласының жаратылу мақсаты, халифа деген атқа лайықты болуының басты шарты – ілімді меңгеріп, пайдасына жаратуы. Ол сол ілімімен барлық жаратылыстардан үстем болады. Бұған «Шүбасыз, Біз адам баласын ең көркем, ең керемет бейнеде жараттық» (Құран Кәрім, «Тин» сүресі, 4: 596), – деген Құран аяты дәйек болса керек. Қанша десек те, Адамның дәрежесі періштелерден үстем. Мұның себебі, ол Алланың есімдерінің ақиқатын түсінеді және біледі. Адам баласының өзінің жаратылу хикметін, мақсатын ұмытпауын және рухани жаңарып тұруын ұқтырса керек.

Қиссадағы төрт үлкен періштенің өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар – кез келген бейнеге ене алатын, нұрдан жаратылған рухани болмыс. Алланың әміріне қарсы шықпайтын көкте, жерде, ғарышта өз міндеттерін атқаратын бейнелер болып сипатталған. Періштелердің есімдерін қолдана отырып, Рабғузи шығармасына ерекше сипат үстейді. Олардың іс-әрекеттері адамның қолынан келетін нәрсе емес. Олар адам санасы жете бермейтін, қиял-ғажайып оқиғаларға айналдырып, мүмкін емес істерді істеп тастайды. Бірақ осы істерінің тәрбиелік мәні зор. Қиссада бірнеше періште есімдері қатар кездесетін тұстары бар. Оны «Жер бетінен топырақ алу тарихы» бөлімінде көреміз: «(Алла) Жәбірейілге әмір етті: «Біздің жақсы лебіз, махаббатымыз, мейірімділік, қайырымдылығымыз желінен самал әкел». Исрафилге: «Сен пәк рахметіміз сынан су әкел». Мекайілге: «Сен бәле мен апат көрігінен от әкел», – деді (Сағындықұлы, 1997: 240).

Алла Тағала періштелердің әрқайсысына әр түрлі қызмет тағайындаған. Жибрил (Жебірейіл) – хабаршы, Микол (Мікәйіл) – дүлей күштердің иесі, Азраил (Әзірейіл) – жан алушы, Исрафил (Ысрапыл) – ақырет күнінде керней шалушы (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 89). Бұл періштелер Құранда «әл-мұқараббун» делінеді. Алланың бас періштелері деген ұғымды білдіреді.

Жебірейіл (Джибрил, Жибрил, Жәбірейіл, Жабрил) – Исламда маңызды періштелердің бірі болып саналады. Ол Құран Кәрімде Мұхаммедтің жебеушісі, оны дінсіздерден қорғаушы ретінде

белгілі (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 167). Бұл періштенің Құранда «Рух» және «Әр-Рух әл-әмин» (Құран Кәрім, «Бақара» сүресі, «Нахыл» сүресі, 87:102) деген де аты бар. Негізгі міндеті – Алла Тағаланың түсірген уахилерін пайғамбарларына жеткізу. Жәбірейіл періштенің болмысы жайында мәлімет Пайғамбардың хадистерінен белгілі.

Қиссада *Жебірейіл, Жебірейіл алайһи с-салам* деп қолданылған. Түркі тілдерінде Жебірейіл, Жабырайыл, Жәбірәйіл, Жәбірайыл, Жебрейіл секілді көптеген фонетикалық варианттары кездеседі. Н. Оңдасынов «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде» аталмыш періште жайлы діни уағыз бойынша Аллаға ең жағымды 4 періштенің бірі (Оңдасынов, 2010: 62) дей келе, тіліміздегі жәбір, зәбір сөздерін де осы сөзбен төркіндес деп көрсетеді.

Мікәйіл (Микәйіл, Мекайіл, Мекаил, Михаил, Микол) – төрт ұлы періштенің бірі. Алланың қалауымен бұлт әкеледі, планеталарды қозғалысқа келтіреді, т.б. табиғи құбылыстарға жауапты, яғни, табиғат заңдылықтарын бақылайтын періште. Бұл періштенің аты «басты, негізгі» деген мағынаны білдіреді. Құранда Жебірейіл мен Мікәйіл періштелер бірнеше аяттарда аталады: «(Мұхаммед (ғ.с.) оларға) айт: «Кім Аллаға, періштелеріне, елшілеріне, сондай-ақ Жебрейіл, Мікәйілге (ғ.с.) дұшпан болса, әлбетте Алла (Т.) кәпірлерге дұшпан» (Құран Кәрім, «Бақара» сүресі, 97-98) деген аят бар.

Қиссада *Мекайіл, Хазірет Мекайіл, Мекайіл 'алайһи с-салам* деп кездеседі. Мекайіл арап тілінен аударғанда адамға ырыздық жеткізуші, несібе таратушы деген мағынаны білдіреді. Михаил түріндегі қолданысы славян тілдерінде көбірек ұшырасады.

Исрафил (Исрафыл, Ысрапыл) – Аллаға жақын төрт періштенің бірі. Қияметтің келетінін хабарлаушы періштенің аты. Н. Оңдасынов «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде»: Ысырапыл – діни мұсылмандардың ұғымында ақырзаманның болғанын керней тартып хабарлаушының және қатты сұрапыл дауылмен өлген адамдарды қайта тірілтетін періштенің аты (Оңдасынов, 2010: 20). Исрафил араб тілінде жауынгер, күрескер деген мағынаны береді. Сұрапыл (ауыс. керемет, қырғын, тажал, жантүршігерлік, ойран-топыр) сөзі Ысырапыл сөзімен бір түбірлес және мағыналас.

Қиссада: *Исрафил, Исрафил 'алайһи с-салам* деп аталады.

Әзірейіл – тіршілік атаулының жанын алушы ажал періштесі. Ажал жеткен кезде қырық күн мерзім ішінде адамның жаны денесінен бөлініп шығуға тиіс. Адамдар бастапқыда өз жанынан айрылғысы келмей, қарсылық көрсетуі мүмкін. Әзірейілге жиі-жиі Алладан көмек сұрауға тура келеді. Дінге сенушілердің жаны денесінен байыппен қиналмай шығады, ал дінге сенбеушілердің жаны кеудесінен шыққан кезде қатты қиналады. Құранда қайтыс болған адамдардың кеудесінен жаны үзіп алынатындығы туралы ишара бар.

Қиссада: *Әзірейіл, Хазірет Әзірейіл, Әзірейіл алайһи с-салам, Қабиз ал-аруах* сипаттарында қолданыс тапқан. Неліктен Әзірейіл періште Мәләк әл-Мәут (Өлім періштесі) болып таңдалғанын қиссадан іздеп көрейік.

Қиссаның «Жер бетінен топырақ алу тарихы» бөліміндегі Адамды жаратар алдында Алла періштелерін жердің әр тұсынан топырақ әкелуге жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жебірейіл де, Мікәйіл мен Ысрапыл да жерден бір уыс топырақ алып келе алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған. Сондықтан жан алғыш, ажал періштесі болып тағайындалған.

Хауа ана – адамзаттың анасы, Адам атаның зайыбы. Құран Кәрім аңыздарында мағынасы «тірі» деп аударылған және оған дәйек ретінде Адам атадан, яғни, тірі адамнан жаратылғандығымен байланыстырады. Алла Тағала жаратқан алғашқы әйел болғандықтан өмірдің бастаушысы деп танимыз.

Қиссада *Хауа, Хазірет Хауа, Мама Хауа* деген сипатта аталады. Қиссаның «Хазірет Адамның жанды денесінен хазірет Хауаны жаратқанының баяны» бөлімінде: «*Әлқисса, Хауа өзінен жаратылғаны үшін Адамның көңіліне мейірім, махаббат түсті. Хазірет Хауа теңдесі жоқ асқан сұлу еді. Ондағы көрік пен әдемілік бірде-бір мақұлқатта жоқ болатын. Құдай тағала адамға тән сұлулықты жүз бөлікке бөлді. Оның тоқсан тоғызын Хауаға берді. Қалған бір бөлікті тағы жүз бөлікке бөлді. Тоқсан тоғызын Хазірет Жүсіпке берді. Одан қалған бір бөлікті және жүз бөлікке бөлді. Тоқсан тоғызын Мұхаммед 'алайһи с-саламға, Хадича Кабриге, Фатимаға және Зуһраға берді. Ең соңғы бір бөлікті бүкіл ғаламға берді*» (Сағындықұлы, 1997: 256) деп Хауа ананың көркінен сөз етілген. Адам оған ерекше ынтызар болып, мейірімі түседі, махаббаты оянады.

Хауа есімін иеленген танымал адамдар көп. Бұл есімде терең мағына жасырылған. Ол мағына ауамен байланысты. Жан денеге деммен (ауамен) кіреді. Ауа сөзі есім ретінде қолданылмаса да тілімізде «ауа» ұғымы бар. Арабша кірме

сөздердегі ғ//ө заңдылығына сәйкес «ауа» жалпы есімі «дем» ұғымымен қатысты. Адам оттегісіз / ауасыз үш минуттан артыққа шыдай алмай демі таусылады. Иврит тілінде «hava» түбірі «өмір беретін» дегенді білдіреді. Яғни, Хауа (Хава, Ева) есімі адам баласының өмірімен, өмірінің жалғасымен тікелей байланысты.

Жоғарыдағы үзіндіде келтірілген ***Жүсіп*** пайғамбарға тоқтала кетейік. Жүсіп пайғамбардың өмірі жайлы Құран Кәрімдегі «Юсуф» сүресінде айтылған (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 179). Сүреде Жүсіптің басынан өткен қиыншылықтары, бауырларымен арасында болған оқиғалар жайлы баяндалады. Жүсіп пайғамбардың сұлулығы жайында Рабғузидің «Қиссасу-л-Әнбиясынан» білеміз. «Есімдердің мағынасы көптеген жағдайларда пайғамбарлардың қасиеттерімен немесе олардың өміріндегі оқиғалармен байланысты. Мысалы, «Юсуф» есімі «өте әдемі» дегенді білдіреді, шынымен де Жүсіп пайғамбардың сұлулығы періштенің сұлулығымен салыстырылатын» (Исмаилов, 1991: 34).

Қиссада *Жүсіп 'алайһи с-салам, Жусіп садик аллаһ* деп аталған. Юсуф – ер адамға берілетін есім. Түркілерде, жалпы мұсылман елдерінде кең таралған есім. Көне еврей тіліндегі Иосиф – әдемі, жақсы мағынасын беретін сөз. Қазір Жүсіпақын, Жүсіпбек, Жүсіпқан, Жүсіпбай, Жүсіпқожа, Жүсіпқали, Жүсіпжан сияқты біріккен тұлғалы есімдердің құрамында кездеседі.

Хадиша – Мұхаммед пайғамбардың бірінші әйелі. Мұсылман әлеміндегі құрметті ана. Хадиша құрайыштардың абд әлузза руынан шыққан, сауда-саттық ісімен айналысқан, дәулетті, құрметті адам болған. Ол кіре тарту жұмысын басқару үшін Мұхаммедті қызметке алады. 40 жасында Хадиша 25 жастағы Мұхаммедке тұрмысқа шығады. Хадиша ана Мұхаммед пайғамбардың тұңғыш уахидан кейінгі қорқынышы мен алаңын жеңуіне қолдау көрсетіп, сенім білдірді, оның Пайғамбарлығына бірден күмәнсіз сеніп, демеу болған. Хадиша ана жұбайына деген сүйіспеншілігімен, жүрегінің нәзіктігімен, жанқиярлығымен, аналық мейірімімен, иман қуатымен, адалдығымен Мұхаммед пайғамбардың үлкен демеушісі, сүйенішіне айналған (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 514).

Қиссада *Хадича Кабри* ретінде кездеседі. Арабша Хадиша «алғашқы», «ерте туған, шала туған» деген мағынадағы мұсылман қыздарына берілетін есім. Бұл есімнің Қадиша, Балқадиша (ақылды Қадиша) деген түрі жиі кездеседі.

Фатима (Бибі Бәтима) – мұсылман әлемі ерекше қадір тұтатын әйел. Мұхаммед пайғамбардың Хадиша анадан туған қызы, Әзірет Әлидің әйелі, Хасан мен Хұсайіннің анасы. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін саяси оқиғаларға белсене араласып, қауым өмірінде елеулі рөл атқарған. Мұсылмандар арасында Фатиманың дүниеге келуі, өміріндегі оқиғалар мен көрсеткен кереметтері жайлы көптеген аңыздар таралған. Дәстүрлі қазақ қоғамында Бибі Бәтима ананы аналардың пірі, дертке шипагер ретінде тану қалыптасқан (Аяған, Ибрагимов және т.б., 2010: 500).

Қиссада *Фатима* деп қолданылған. Фатима – арабша мағынасы «емшек сүтінен айырған қыз, ер жетіп, өскен қыз» деген мағына береді. Фатима есімінің өзгерген түрі – Батима, Бәтима түрінде кең қолданылады.

Зуһра. Қиссада Зуһра есімі жоғарыдағы берілген үзіндіде кездеседі. Көптеген түркі тілдерінде қолданып жүрген «Зухра» астрономияда шолпан жұлдызының арабша баламасы. Зәуре – араб тілінде жарқыраған деген мағынаны береді. Дыбыстық өзгеріске түскен түрлері – Зура, Зухра.

Әбіл мен Қабыл – Адам атаның екі ұлы жайлы қиссада баяндалған.

Қабыл – Адам ата мен Хауа ананың ұлы, малшы болған. Қиссада қызғаншақ, опасыз ретінде сипатталады. Жердегі алғашқы кісі өлтіруші, өзінің бауыры Әбілді өлтіргендігі жайлы баяндалады. Әбілдің өлімінің себебі Қабылдың қызғанышы. Қиссадағы оқиға желісі бойынша, егінші бауыры Әбілге айттырылған өзінің егізіне қосылғысы келеді. Алланың бұйрығы бойынша ағалы-қарындастың үйленуіне тыйым салынған. Мұны қабылдай алмаған Қабыл Әбілді өлтіреді. Жер бетіндегі ең алғашқы кісі өлтіруші ретінде жазылады. Қабыл қарғадан көргенін істеп, жерді казып Әбілді көмеді. Қабыл ең бірінші адам өлтіргендіктен, жазықсыз өлген кісілердің барлығын өлтірген есебінде қияметке дейін күнәлі болады. Қабыл кісі өлтіріп күнәға батқандықтан, ұрпақ жалғастыратын мұрагер бола алмағаны айтылады.

Қиссада Қабыл есімі қырық бір рет қолданылған. «Қабыл» Еврей сөзі, мағынасы қызғаныш дегенді білдіреді. Қазірде біріккен тұлғалы есім Жанғабыл есімінде кездеседі, бірақ бұл Қабыл қабыл алушы, келешек, болашақ мағынасындағы араб сөзі.

Әбіл – қисса кейіпкерлерінен жердегі алғашқы шейіт ретінде танылады. Қиссада жоға-

рыдағы айтылған оқиғаға қатысты отыз төрт рет аты аталған. Әбіл арабша әбу – әке деген мағынаны береді. Қазақ қоғамында Абылғазы, Әбділмәмбет, Әбілмансұр, Әбілсай, Абылай, Әбілқайыр түрінде біріккен тұлғалы есімдер құрамынан көреміз.

Қиссада Алла тағаланың Әбілден де ізгі, ақылды және саналы перзент сыйлайтыны жайлы айтылған. Адам атаның Әбілге деген сүйіспеншілігі өте үлкен еді. Қаза болғанына қайғырып, жоқтау айтып, жылап жүретін. «Шиш 'алайһи с-салам туылуының баяны» бөлімінде: «*Хауа ана он тоғыз мәрте ұл мен қызды егіз туды. Шиштi (ғ.с.) жалғыз туды*» (Сағындықұлы, 1997: 278) – деген үзіндіде осы пайғамбар жайлы мәлімет аламыз. Ол туралы Құранда айтылмаған, ал Рабғұзидің «Қиссасу-л-Әнбиясында» маңызды рөл атқаратын пайғамбардың бірі.

Шис – Адам Атаның мұрагері. Кей деректерде Шиш, Шіш, Шис, Чис, Чиш, Шейш деп те аталады. Қиссада Шис атауының анлауыттағы ш~ч дыбыстық алмасуға түскен. Адам Атаның ұрпағы 200 жыл пайғамбарлық еткен осы үшінші ұлынан тараған. Қисса бойынша, Шиш Қабыл Әбілден кейін Адам атаның зайыбы Хауадан туған. Қиссада әкесі Адам атаға жеткен өсиет негізінде пайғамбар болып, балаларын иманды етіп тәрбиелеген деген дерек бар.

Қиссада: *Шиш 'алайһи с-салам* деп аталған. «Шиш туылуының баяны» бөлімінде Жебірейіл: «Ей, Шиш! Сенің маңдайыңда Нұр Мұхаммед Мұстафа бар. Оны ықтияттап сақта. Қамқорлық жаса, көп құрмет көрсет», – деп уәде хат жаздырады (Сағындықұлы, 1997: 278). Шиш «*Алланың білгірі*» деген сөз. Алланың хикметін өзгелерден көп біледі деген мағына береді.

Араб негізді Шис есімі кейін түркі тіліне бейімделіп Іш болған. Оған жалғанатын «бек» пен «бай» секілді тілдік антропонимдік сөздермен қоса Ішпекбай күрделі кісі есімі құрамынан көреміз.

Қиссадағы мифтік антропонимдер туралы қысқаша мәлімет беріп өтейік.

Қиссадағы оқиға бойынша, Алла, Адамды топырақтан жаратқаннан кейін барлық жаратылғанға өзінің орынбасарын көрсетеді. Перштелер мен жындар жиналып, адамды тамашалайды. Сол кезде Ібіліс адамның мұрнынан кіріп, оның бүкіл денесін аралап шығады.

Ібіліс – діни шайтан. Шайтан – жын топтарының өте тәкәппар, зияндыларынан. Шайтан «алыстатылған», «шектен шыққан» деген мағынаны білдіретін жынға байланысты айтылған сипат. Олардың иман келтіргендерін «жын», имансыздары шайтан деп аталады. Имансыздар – Ібілістің қатарында. Құранда жиі-жиі Ібіліс пен Шайтан бірінің орнын бірі алмастырып отырады. Ібіліс – Адам атаға сәжде жасаудан бас тартқан жындардың атасы. Алла адамды жасап болған соң перштелерге: «адамға тәжім етіңдер», – дейді. Қиссаның «Әзәзілдің шайтан болуының баяны» бөлімінде: «Ей, Алла, мені оттан, оны балшықтан жаратып едің. Мен одан артығырақпын. Не үшін оған сәжде етіп мойынсұнуым керек. Менің одан айырмашылығым бар» (Сағындықұлы, 1997: 253) деп Ібіліс құдайға бағынбайды. Сонысы үшін жазаға ұшырайды. Ібіліс бұдан кейін адамдарды алдау жолына түседі.

Қиссада «Ібіліс» атауының «Ж» және «Т» дыбыстарымен келетін нұсқасы (*Жиблис*, *Тиблис*) кездеседі. Бұл жайында «Жын әулетінің оқиғасы» бөлімінде баяндалады: «Құдай Тағала тозақтың ішінде екі түрлі халық жаратты. Бірі – арыстан тәрізді, аты – Жиблис еді, бірі – бөрі тәрізді, аты – Тиблис еді (Сағындықұлы, 1997: 233).

Қиссада *Ібіліс 'алайһи л-ла'на* деп аталған. Діни қиссадағы қызметі адамдарды Алланың жолынан тайдырып, күнәға батыру.

Ібіліс сөзі – албасты сөзімен мағынасы жағынан өте тығыз байланысты. Ібілістің > ілбіс > илбарыс > ыбылыс > элбэрс > илбис > ірбіс > ала парыс > ал барыс т.б. түрлері ұшырасады (Тұрышев, 2005: 23-24). Яғни, діни мифология дәрежесіне дейін көтерілген аңның аты.

Екінші аты ***Әзәзіл***, арабша – азғырушы, арбаушы деген мағынаны береді. Кейбір адамдардың жауыздыққа бейім тұратынын (Әзәзілдің ісі) азғырылған, арбалған деп түсіндіріледі (Бопайұлы, Керімбай және т.б., 2015:193-194).

Қорытынды

Ойымызды қорытындылай келе, біріншіден, қиссадағы теонимдердің қолданылу аясы өте кең екенін байқадық, екіншіден, мифтік және діни антропонимдер сол ортаға қатысты кез келген ұғымды білдіруге дайын тілдік таңба екендігін аңғардық. Діни қиссаның сюжеті Құран Кәрімнен алынғандықтан қиссадағы оқиға желісінің Құран хикаяларымен байланысты екенін мысалдармен дәйектеуге тырыстық. Әлі күнге дейін осы образдардың, теонимдердің өміршеңдігі олардың әр мұсылманның жүрегінің төрінен орын алғаны болса керек.

Жалпы, бұл қиссаның мақсаты – бұқараның, жалпы көпшіліктің діни сауатын ашу болғандығын кез келген оқырман бірден аңғарары сөзсіз. Шығармадағы діни-исламдық көзқарастар түркі мәдениетіндегі сопылық/суфизм бағдарын айқындайды. Діни идеологиялық мақсатқа сай қоғамдық санаға ықпал ету үшін теонимдерді белсенді түрде қолдану – автордың оқырманмен тығыз қарым-қатынас жасауға талпынуымен байланысты деген ой түйеміз.

Тағы да бір айта кететін жайт, Рабғузидің тілдік санасындағы діни және мифологиялық үлгілерге негізделген кейіпкерлердің басым көпшілігі теологиялық сипатта. Қиссадағы антропонимдердің шығу тегі жағынан көне еврей тілі, араб тілінің бірліктері. Діни мазмұнды есімдердің шығу тегі көне еврей тілі, араб тілінің элементі десек те, түркілік антропонимжасам жүйесінің заңдарына бағынып, жаңаша сипатқа ие болған. Қазіргі қолданыстағы түркі халықтарында кең тараған ортақ антропонимдердің өзіндік белгілері қалыптасып, түркілік сипатын сақтап қалды деп сеніммен айта аламыз. Сондықтан оларды түркілік есімдер деп тануымызға толық мүмкіндігіміз бар. Бүгінде кірме сөздерден құралған кісі есімдері түркі жұртын біріктіруші біртұтас рухани кеңістікке айналған.

Әдебиеттер

Алексеев В. И. (2015) Nomina sacra: философско-богословские обоснования теолингвистического подхода в ономатологии Божественного. Теологический дискурс и языковая картина мира, 5 (716) 9-20. – URL: http://www.vestnik-mslu.ru/Vest/Vest15-716zc.pdf

Алексеев В.И. (2014) Теолингвистические принципы в методике и теории исследования ономастики Божественного // Язык и метод: русский язык в лингвистических исследованиях XXII века. Лингвистический анализ на грани методологического срыва: II Междун. науч. конф., 301-309. – URL: https://www.ejournals.eu/Language-and-Method/2015/2015/ (дата обращения: 03. 10. 2022).

Аяған Б., Ибрагимов Ж., Абдраманов Ж. (2010) Ислам: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна.– 592 б. ISBN 9965-26-322-1 – URL: http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1109734

Бопайұлы Б., Керімбай С., Нәби Ә., Төлеген М. (2015) Әлдиден эпосқа дейін: отбасы хрестоматиясы. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 392 б. – URL: https://www.bookcity.kz/products/ldiden-epos-a-deyin-otbasy-khrestomatiyasy-9786018054358/

Әбдуәлиұлы Б. (2019) Теолингвистика және фольклорлық теонимдердің лингвистикалық мәселелері. «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ш. Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. «Жұбанов университеті» баспасы, Ақтөбе, 26-29 бб. – URL: http://zhubanov.edu.kz/media-files/kz/gylym-men-innovaciyalar/aomu-gylymi-basylymdary/January-25-2019.pdf

Зырянова М. Н. (2010) Особенности реализации концепта «творец» в идиостиле Пригова // Вестник Томского государственного педагогического университета, 6, 29-33. – URL: https://vestnik.tspu.edu.ru/archive.html?year=2010&issue=6

Игиликова С.И., Сүйеркұл Б.М. (2018) Қазақ ономастика кеңістігіндегі араб тілінен енген антропонимдердің теолингвистикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы, Хабаршы. Филология сериясы. – №2 (170). –168-178 бб.

Исахан М., Муслимов М., Көкенай С., Сыддықов Б. (2015). Исламдық терминдер сөздігі. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 60 б. ISBN 978-601-7571-33-7. – URL: https://emirsaba.org/pars_docs/refs/3/2993/2993.pdf

Исмаилов Х. (1991) Коран: сказания, предания, притчи (цитаты с комментариями). – М.: Милосердие, 57 с. – URL: https://www.ozon.ru/product/koran-skazaniya-predaniya-pritchi-tsitaty-s-kommentariyami-137714080/?sh=4iyM6BMvYw

Қалназаров А. Топырақтан жаралған адам. Ойтүйер (жалғасы) – 2020. – URL: https://kazislam.kz/topyra-tan-zharal-an-adam-ojt-jer-zhal/

Құран Кәрім, «hижір» сүресі. 15:26

Құран Кәрім, «Тина» сүресі, 4:596

Құран Кәрім, «Бақара» сүресі, «Нахыл» сүресі, 87:102

Құран Кәрім, «Бақара» сүресі, 97-98

Мальсагова М. (2011) Теонимическая лексика как система (на материале художественных текстов), Назрань: Пилигрим. –144 с. ISBN 978-5-98993-189-7. – URL: http://gerebilo.ucoz.ru/load/monografii/monografija/malsagova_m_i_teonimicheskaja_leksika_kak_sistema/9-1-0-550

Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. (2005) Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: Тіл комитеті, «IC-Ссрвис» ЖШС,– 240 б. ISBN 9965-640-03-3. – URL: https://atau.kz/docs/3020.pdf

Оңдасынов Н. (2010) Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім. – 167 б.

Подольская Н. В. (1988) Словарь русской ономастической терминологии. – 2-е изд., перераб, и доп. – М.: Наука, 1988. – 192 с. ISBN 5-02-010892-8. – URL: https://www.twirpx.com/file/2481190/

Сағындықұлы Б. (1997) Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым. – 296 б.

Суперанская А.В. (1973) Общая теория имени собственного. – М.: Наука. – URL: https://www.twirpx.com/file/2118242/

Тихонов А.Н. (2008) Энциклопедический словарь-справочник лингвистических терминов и понятий. Русский язык [Электронный ресурс]: в 2-х томах. – Т. 1. / под общ. ред. Тихонова А.Н., Хашимова Р.И. – М.: Наука, 2008. – 820 с. ISBN 978-5-02-033354-3. – URL: https://sng1lib.org/ireader/2897110

Тұрышев А.Қ. (2005) Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: докт. дисс. автореф: 10.02.02. – Алматы, 57 б.

Ысқақов А., Уәли Н. (2011) Қазақ әдеби тілінің сөздігі. II Том. Он бес томдық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 2-том. А–Б. – 742 б. ISBN 9786017293130. – URL: https://emle.kz/uploads/files/4ad96b9eafda479c4998bfee979e54d7.pdf

References

Ábdýálıuly B. (2019) Teolingvistika jáne folklorlyq teonimderdiń lingvistikalyq máseleleri [Linguistic problems of theolinguistics and folk theonyms], «Ádebı-rýhanı mura: mádenıetaralyq kommýnıkatsıa konteksinde»: folklortanýshy ǵalym, fılologıa ǵylymdarynyń doktory, professor A.Sh.Pangereevtiń 60 jasqa tolýyna arnalǵan halyqaralyq ǵylymı-tájirıbelik konferentsıa materıaldary [Literary and spiritual heritage: in the context of intercultural communication": materials of the international scientific-practical conference dedicated to the 60th anniversary of the folklorist, Doctor of Philology, Professor A.Sh. Pangereev.], «Jubanov ýnıversıteti» baspa bólimi [Publishing department "Zhubanov University"], Aktobe, P. 34-37. – URL: http://zhubanov.edu.kz/media-files/kz/gylym-men-innovaciyalar/aomu-gylymi-basylymdary/January-25-2019.pdf (in Kazakh)

Aıaǵan B., Ibragımov J., Abdramanov J. (2010) Islam: entsıklopedıalyq anyqtamalyq. [Islam: encyclopedic reference book] (Aruna, Almaty, 542 p.) ISBN 9965-26-322-1. – URL: http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1109734 (in Kazakh)

Alekseev V. I. (2014) Teolingvisticheskie printsipyi v metodike i teorii issledovaniya onomastiki Bozhestvennogo [Theolinguistic principles in the methodology and theory of the study of onomastics of the Divine], Yazyik i metod: russkiy yazyik v lingvisticheskih issledovaniyah XXII veka [Language and method: Russian language in linguistic studies of the XXII century], Lingvisticheskiy analiz na grani metodologicheskogo sryiva [Linguistic analysis on the verge of a methodological breakdown], II Mezhdun. nauch. konf.[II Intern. scientific conf.], P.301–309 Available at: https://www.ejournals.eu/Language-and-Method/2015/2015/art/6689 (accessed 03.10.2022) (in Russian)

Alekseev V.I. (2015) Nomina sacra: filosovsko-bogoslovnskie obosnovaniya teolingvisticheskogo podhoda v onomatologii Bozhestvennogo [philosophical and theological foundations of the theolinguistic approach in the onomatology of the Divine], Teologicheskiy diskurs i yazyikovaya kartina mira [Theological discourse and language picture of the world], 5 (716), P.9-20. – URL: http://www.vestnik-mslu.ru/Vest/Vest15-716zc.pdf (in Russian)

Bopaıuly B., Kerimbaı S., Nábı Á.. Tólegen M. (2015) Áldıden eposqa deıin: otbasy hrestomatıasy [From Aldi to the epic: family anthology], (Orkhon, Almaty, 392 p.). – URL: https://www.bookcity.kz/products/ldiden-epos-a-deyin-otbasy-khrestomatiyasy-9786018054358/ (in Kazakh)

Igılıkova S.I., Súıerqul B.M. Qazaq onomastıka keńistigindegi arab tilinen engen antroponımderdiń teolıngvıstıkalyq erekshelikteri [Theolinguistic features of anthroponyms from the Arabic language in the Kazakh onomastics] // Qaz UÝ habarshysy, Habarshy. Fılologıa serıasy [Bulletin of the Kazakh National University, Bulletin. Philology series.] 2 (170). 2018

Isahan M., Mýslımov M., Kókenaı S., Syddyqov B. (2015) Islamdyq termınder sózdigi [Dictionary of Islamic terms], (Din máseleleri jónindegi ǵylymı-zertteý jáne taldaý ortalyǵy, Astana, 60 p.) ISBN 978-601-7571-33-7. – URL: https://emirsaba.org/pars_docs/refs/3/2993/2993.pdf (in Kazakh)

Ismailov H. (1991) Koran: ckazaniya, predaniya, pritchi (tsitatyi s kommentariyami) [Qur`an: legends, legends, parables (quotes with comments)], (Miloserdie, Moskow, 57 p.) – URL: https://www.ozon.ru/product/koran-skazaniya-predaniya-pritchi-tsitaty-s-kommentariyami-137714080/?sh=4iyM6BMvYw (in Russian)

Mádıeva G.B, Imanberdıeva S.Q. (2005) Onomastıka: zertteý máseleleri [Onomastics: research problems] (IS-Servıs, Almaty, 240 p.) ISBN 9965-640-03-3. – URL: https://atau.kz/docs/3020.pdf (in Kazakh)

Malsagova M.I. (2011) Teonimicheskaya leksika kak sistema (na materiale hudozhestvennyih tekstov) [Theonymic vocabulary as a system (based on literary texts)] (Piligrim, Nazran, 144 p.) ISBN 978-5-98993-189-7. – URL: http://gerebilo.ucoz.ru/load/monografii/monografija/malsagova_m_i_teonimicheskaja_leksika_kak_sistema/9-1-0-550 (in Russian)

Ońdasynov N. Arapsha - qazaqsha túsindirme sózdik [Arabic - Kazakh explanatory dictionary] 2010 (Bilim, Almaty, 167 p.) [in Kazakh]

Podolskaya N.V. (1988) Slovar russkoy onomasticheskoy terminologii [Dictionary of Russian onomastic terminology], 2-e izd., pererab. i dop. [2nd ed., revised. and additional] (Nauka, Moscow, 192 p.) – URL: https://www.twirpx.com/file/2481190/ (in Russian)

Qalnazarov A. Topyraqtan jaralǵan adam [Adam was created from dust] 2020 – URL: https://kazislam.kz/topyra-tan-zharalan-adam-ojt-jer-zhal/

Quran Kárim [The Holy Quran], «hıjir» súresi [Surah Al-Hijr], 15:26 (in Kazakh)

Quran Kárim [The Holy Quran], «Tına» súresi [Surah Tina], 4: 596 (in Kazakh)

Quran Kárim [The Holy Quran], «Baqara» súresi [Surah Al-Baqarah], «Nahyl» súresi [Surah Al-Nahyl] 87:102 (in Kazakh)

Quran Kárim [The Holy Quran], «Baqara» súresi [Surah Al-Baqarah], 97-98 (in Kazakh)

Saǵyndyquly B. (1997) Ǵalamnyń ǵajaıyp syrlary [The amazing secrets of the universe] (Gylym, Almaty, 296 p.) (in Kazakh)

Superanskaya A. V. (1973) Obschaya teoriya imeni sobstvennogo [General theory of proper name] (Nauka, Moscow, 366 p.) – URL: https://www.twirpx.com/file/2118242/ (in Russian)

Tikhonov A.N. (2008) Entsiklopedicheskiy slovar-spravochnik lingvisticheskih terminov i ponyatiy. [Encyclopedic dictionary-reference book of linguistic terms and concepts], Russkiy yazyik: в 2-х т. [Russian language in 2 volumes], T. 1. [Volume 1], ed.

A. N. Tikhonov, R. I. Khashimov (Nauka, Moscow, 840 p.) ISBN 978-5-02-033354-3. – URL: https://sng1lib.org/ireader/2897110 (in Russian)

Turyshev A.Q. (2005) Máshhúr-Júsip shyǵarmalary leksıkasynyń etnomádenı negizderi [Ethnocultural bases of vocabulary of Mashkhur-Zhusup's works], dokt. dıss. avtoref [abstract of Doctor's thesis]. 10.02.02. Almaty, P. 57.

Ysqaqov A., Ýálı N. (2011) Qazaq ádebı tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh literary language], II Tom [Volume II], On bes tomdyq [Fifteen volumes], (Dáýir, Almaty,) 2(742) ISBN 9786017293130. – URL: https://emle.kz/uploads/files/4ad96b9eafda479c4998bfee979e54d7.pdf (in Kazakh)

Zyiryanova M. N. (2010) Osobennosti realizatsii kontsepta «tvorets» v idiostile Prigova [Features of the implementation of the concept "creator" in Prigov's idiostyle], Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Tomsk State Pedagogical University Bulletin], No. 6, P. 29-33. – URL: https://vestnik.tspu.edu.ru/archive.html?year=2010&issue=6 (in Russian)

ҒТАМР 02.71.00 https://doi.org/10.26577//EJRS.2022.v31.i3.r9

Е. Есдәулет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: yergeldiyesdaulet@gmail.com

ҚАЗІРГІ ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «АРАБ АҚЫЛЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бұл мақаламызда «Араб ақылы» концепциясының қалыптасу кезеңіне тоқталдық. «Араб ақылы» концепциясының қалыптасуы туралы зерттеушілердің түрлі көзқарастарын сараптауға тырысамыз. Қалыптасуына себеп болған факторлар талданды. Көтерген мәселеміз объективті болу үшін әр түрлі елдердің зерттеушілерінің көзқарастарына жүгінеміз. Ресейлік, түрік, американдық және араб зерттеулеріне шолу жасаймыз. «Араб ақылы» концепциясының алдындағы кезең ретінде «Наһдаға» да тоқталдық. «Араб ақылы» концепциясының өзіне келер болсақ, бұл мәселе жан-жақты зерттелген, алайда әлі де болсын шешімін таба алмай келген мәселелердің қатарына кіретінін аңғару қиын емес. Мақала барысында «Араб ақылы» концепциясының аясында көтерілген бірнеше мәселе, соның ішінде: Араб әлемінің бүгінгі интеллектуалды жағдайы басты назарға алынып, талқыланды. «Әл-Жазира» ақпарат орталығының ресми дерегіне сүйенетін болсақ, Араб елдерінде тоқсан жеті миллион көлемінде оқу-жазу білмейтін сауатсыз адам бар. Сонымен қатар Араб мемлекеттері университетінің 1970 жылғы шешімімен және «Сауатсыздықпен күрес» Араб ұйымының құрылуына байланысты 8 қаңтар күні Араб сауатсыздығымен күрес күні деп белгіленген. Бұл нақты фактілер интеллектуалды дағдарыстың қай деңгейде екенін көрсетеді. Мақала авторы «Араб ақылы» концепциясының ішкі мазмұнын терең зерттеу керектігі туралы тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: Араб ақылы, қазіргі Ислам философиясы, Араб ақылының қалыптасуы, реформация, концепция.

Y. Yesdaulet

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: yergeldiyesdaulet@gmail.com

The Concept of «Arab Reason» in Modern Islamic Philosophy

In this article we will focus on the formation of the concept of the «Arab mind». We analyzed the different views of researchers on the formation of the concept of the Arab mind. The factors that led to its formation`s also been analyzed. In order not to lose objectivity, we turned to the opinions of researchers from different countries. For example, we studied researches in Russian, Turkish, English and Arabic. As a preliminary step in the concept of «Arab reason», we gave a brief overview of Nahda. As for the concept of «Arab reason», it is easy to see that this issue is one of the most deeply studied, but is still unresolved. In the course of this article, we focused on a number of issues raised within the framework of the concept of the Arab mind. In particular, the current intellectual situation in the Arab world will be taken into account. According to official figures from the Al-Jazeera Information Center, there are ninety-seven million illiterates in the Arab world. In addition, in connection with the decision of the University of Arab States in 1970 and the creation of the Arab organization «Fight Against Illiteracy», January 8 was declared the Day of Combating Arab Illiteracy. These facts show the level of intellectual crisis. This article can be seen as an introduction to the concepts of the «Arab mind». The author concludes that the internal content of the concept of the "Arab mind" should be deeply studied.

Key words: Arab reason, Modern Islamic philosophy, Formation of the Arab reason, Reformation, Concept.

Е. Есдаулет

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: yergeldiyesdaulet@gmail.com

Концепция «Арабский разум» в современной исламской философии

В данной статье автор останавливается на формировании концепции «арабского разума», пытается проанализировать различные взгляды исследователей на формирование концепции арабского разума. Анализирует факторы, которые привели к ее формированию. В целях объективности исследования автор обращается к мнениям исследователей из разных стран. К приме-

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

ру, изучаются исследования, написанные на русском, турецком, английском и арабском языках. В качестве предыдущего этапа концепции «арабского разума» дается краткий обзор "Нахды". Что касается концепции «арабского разума», то нетрудно заметить, что этот вопрос является одним из наиболее глубоко изученных, однако до сих пор остается до конца нерешенным. В ходе этой статьи мы остановимся на ряде вопросов, поднятых в рамках концепции арабского разума. В частности, будет учтена текущая интеллектуальная ситуация в арабском мире. По официальным данным информационного центра «Аль-Джазира», в арабском мире насчитывается девяносто семь миллионов неграмотных. Кроме того, в связи с решением Университета арабских государств в 1970 году и созданием арабской организации «Борьба с неграмотностью» 8 января было объявлено Днем борьбы с арабской неграмотностью. Эти факты показывают уровень интеллектуального кризиса. Эту статью можно рассматривать как введение в концепцию «арабский разум». Автор статьи приходит к выводу о необходимости глубокого изучения внутреннего содержания концепции «арабского разума».

Ключевые слова: арабский разум, современная исламская философия, становление арабского разума, реформация, концепция.

Кіріспе

Әл-Жазираның хабарлауынша, 2014 жылы бүкіл араб мемлекеттерінде оқу-жазу білмейтін сауатсыздар саны 96 миллион болған екен. Сонымен қатар араб мемлекеттері университетінің 1970 жылғы шешімімен және «Сауатсыздықпен күрес» Араб ұйымының құрылуына байланысты 8 қаңтар күні Араб сауатсыздығымен күрес күні деп белгіленген (Әл-Жазира, 2014).

Бұл статистика бізді Араб әлеміндегі интеллектуалды жағдайдан хабардар етеді. Бірақ бұл мәселенің бір ұшы ғана. Бұл көрсетілген фактілер интеллектуалды жағдайдың қай дәрежеде екенін көрсетеді. Осы және осыдан өзге де мәселелерді көтерген тақырыпқа ортақ «Араб ақылы» деген атау берілген екен. Дәлірек айтқанда бұл дағдарыстың қашан және не үшін пайда болғанына тоқталу осы концепцияның еншісінде. Бұл концепция туралы жазылған еңбектер көбінесе «Араб ақылына сын» немесе Ислам ақылына сын деген атаулармен белгілі.

1967 жылы Араб әскері жеңілген кезде қайта өрлеу мәселесі қызу талқылануы «Араб ақылы» деген концепцияның дүниеге келуіне түрткі болды. Бұл мақаламызда осы «Араб ақылы» концепциясының қалыптасу кезеңіне тоқталамыз. Араб ақылы концепциясының қалыптасуы туралы зерттеушілердің түрлі көзқарастарын сараптауға тырысамыз. Қалыптасуына себеп болған факторларды талдаймыз. Көтерген мәселеміз объективті болу үшін әр түрлі елдердің зерттеушілерінің көзқарастарына жүгінеміз. Мысалы ресейлік, түрік, американдық және араб зерттеулеріне шолу жасаймыз.

«Араб ақылы» концепциясының алдындағы кезең ретінде «Нahдаға» да азын аулақ шолу жасамақпыз. Бұл мақаламызды «Араб ақылы» концепциясының кіріспесі деп есептеуге болады. Бұдан кейінгі кезекте мақалаларымызды оның ішкі мазмұны мен зерттеу нәтижелерінің бір тұсын ашуға арнайтын боламыз.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

«Араб ақылы» тақырыбына әлемнің түкпір-түкпірінен зерттеушілер мен ойшылдар соңғы елу жылда жүзге тарта еңбек арнаған екен. Ол еңбектерге терең бойламас бұрын кіріспе ретінде бұл тақырыптың тарихына шолу осы мақаламыздың негізгі мақсаты болатын. Қандай да бір термин, түсінік немесе концепция пайда болуы үшін оған түрткі болатын факторлар болады. Ол факторлар да жан-жақты болуы мүмкін. Мысалы мәдениеттер немесе өркениеттер арасындағы қақтығыстар, соғыс сынды саяси оқиғалар, ғылыми көзқарастардың шиеленісуі сияқты. Осы мақаламызда «Араб ақылы» концепциясының пайда болуына түрткі болған факторларды анықтауға тырысамыз.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасына келер болсақ, индукция, дедукция және герменевтикалық әдістер қолданылды. Сонымен қатар теориялық және тарихи әдістер де қолданылды.

Негізгі бөлім

Қазіргі уақытта Ислам философиясы көптеген өзекті мәселелерді көтеруде. Алайда еліміздеИслам философиясы жөнінде әңгіме қозғалғанда тек Орта ғасыр философтары ғана тілге тиек етіледі. Одан кейінгі кезеңдегі философтар

мен олардың еңбектері көбінесе назардан таса қалып жатады. Осы оқылықтың орнын толтыру мақсатында қазіргі Ислам философиясының ең көп көтерген мәселелерінің біріне тоқтала отырып, осы тақырыпты көтерген тұлғалармен таныспақпыз. Қазіргі Ислам философиясында жиі қозғалған тақырыптардың негізгісі ретінде «Араб ақылы» деген атаумен танымал толыққанды концепцияға айналып отырған мәселені көтермекпіз. «Араб ақылы» деген атаумен соңғы елу жылда отыздан астам еңбек жазылған екен. Сонымен қатар нақты «Араб ақылы» деп аталмаса да, осы тақырыпты қозғаған еңбектер мен мақалалар саны да аз емес. Ол еңбектердің жарқын мысалы ретінде марокколық ойшыл Мұхаммад әл-Жабиридің «Араб ақылына сын» атты төрт томнан тұратын еңбегі, Джордж Тарабишидің оған жауап ретінде жазған «Араб ақылына сын еңбегіне сын» атты бес томдық еңбегі бар (Мухаммад Саиид Рассас, 2019:12). Сонымен қатар Бурхан Ғалюнның «Араб ақылына жасалған қастандық: Араб зиялыларының тауқыметі», Фуад Закарияның «Араб ақылына үндеуі», Абдулла әл-Арауидің «Ақыл түсінігі», Рафаел Патайдың «Араб ақылы», Хасан Сагбтың «Араб ақылын модернизациялауы», Мажид Мустафа Сағидидің «Араб ақылындағы ориентализм мәселесі», Мухаммад Аркунның «Иджтихадтан Ислам ақылына сыны». Осы және осыдан өзге «Араб ақылы» деген атаумен белгілі еңбектердің көптеп жазылуы арқылы бұл өз алдына бөлек концепция ретінде қалыптасты. Жазылған еңбектердің көпшілігі «Араб ақылын» сынап, оның әлсіз тұстарын анықтауға тырысқан.

Араб ақылы атты концепцияның пайда болуына не түрткі болды? Бұл концепцияның тарихи астары бар ма? Осы сұраққа объективті жауап беру үшін бірнеше зерттеушінің көзқарасын келтірейік. Бірінші кезекте араб зерттеушілеріне тоқталайық.

Біріншізерттеушіретіндекувейттікмаманның мақаласына көз жүгіртсек: «Бізден отарлаушы елдер кеткен кезде олар өз арттарынан жұмыс жасамайтын араб ақылын қалдырғандарына нық сенімді болды. Отарлаушылар Араб ақылын әбден түсініп, оны талқандап болғаннан кейін ғана кетті. Өз арттарынан артта қалушы Араб әлемін қалдырды. Жұмыс істемейтін, жарамсыз Араб ақылы мен Батысқа еліктеуші жастарды қалдырды. Өкінішке орай, Батыстың сөзін сөйлеп жүргендер Батыстың Алжирде, Тунисте, Араб жарты аралында және жалпы әлемде не істегендерін білмейді. Ал біз не істедік? Біз осыған қарсы Исламға шақыру арқылы күрестік. Бірақ біреуі анаған, біреуі мынаған шақырды. Әрқайсысы әр мәзхаб пен түрлі идеологияға шақырғандықтан, Ислам үмбеті осы мәселеде зая болды. Қоғамды жақсылыққа шақырушылар әділдікке, толеранттылыққа, махаббатқа, адамдық қасиеттерге үгіттесе деп армандаушы едім. Алайда отарлаушылар бізден кеткенде өз арттарынан іске қосылмайтын Араб ақылдарын қалдырғандарына сенімді болған екен. Олар кетерде өз арттарынан осы үмбеттің ішінен шыққан, бірақ өз тарихынан бейхабар өкілдерін қалдырыпты. Араб және Ислам әлеміне «жат болмыс» егіп кетіпті.

67-жылы жеңілген сәтімізде оның нәтижелері мен себептерін зерттедік пе? Шынайы зерттеулер қайда? Ғұламалар қайда? Не оқып, не зерттепті? Батыстық отаршыл пікірден және оның зерттеу әдістерінен қандай пайда алыпты? Өкінішке орай, депрессия мен кері кету әскер үлесінде емес, Араб ақылының үлесі болған екен (Яғни, әскеріміз емес, «Араб ақылы» жеңіліс тауыптымыс).

Ал, енді не істеуіміз қажет? Өзіндік болмысымызды табуымыз керек. Ориенталистің бізге тарихымызды келіп жазып беруіне мұқтаж емеспіз. Оны өзіміз өз қолымызбен жаза отырып, өз жағдайымызды зерттеп-зерделеуге, әлсіз тұстарымызды табуға тырысуымыз керек. Араб үмбеті өз тарихын өз қолымен жазса ғана тірі қалмақ.

Араб ақылы тек алдына (болашаққа) қараған сәтте өнім береді, артына жалтақтаған уақытта емес. Араб ақылы өзіне деген сенімге мұқтаж. Өкінішке орай, біз әр түрлі көзқарастың болғанын қабылдауды білмейміз, отар мәдениетінен аса алмаудамыз» (al-akhbar.com).

Бұл мақаласында Абдулазиз Бадрул Қаттан соңғы жүз жылдағы Ислам әлемінің, әсіресе Араб әлемінің интеллектуалды жағдайынан хабар береді. Отарлаушы елдердің Араб ақылын, Араб санасын қалай шайып кеткендігін көрсетуге тырысты. Отарлаушы елдердің арттарынан бірнеше нәсіл тәрбиелеп кеткенін, олардың өз тарихынан, өз мәдениетінен бейхабар халықтарды қалдырғанын айтады.

Бұл жеңілістердің ең үлкені 1967 жылы орын алған, бүкіл Араб елдерінің қайғысы болған оқиға болатын. 1967 жылғы жеңіліс пен оның артынша түрлі заманауи даму жобалары ұсынылғаннан кейін ақылды және рационализмді сынауға байланысты 3 үлкен бағыт пайда болды. Олар: Мұхаммад Аркунның «Ислам ақылына сыны»,

Мұхаммад Абид әл-Жабиридің «Араб ақылына сыны» және Мутағ Сыфдидің «Батыс ақылына сыны» (Хасан Ханафи 1980: 42).

Сол сәттен бері «Ақыл критикасы» ең өзекті тақырыпқа айналды. Жетпісінші жылдардағы пікір, саясат, экономика және қоғамдық дағдарыстар нәтижесінде Араб зиялы қауымының арасында жиі талқыланған ең ауқымды тақырып болды. Араб зиялы қауым өкілдері бірінші кезекте мәселенің түпкі мәні «Араб ақылында» жатқанын айтты. Олар «Араб ақылын» кінәлады.

Осыған байланысты Али Харб былай дейді: «Қазіргі таңда мерзімді басылымдар мен кітаптарда, өткізіліп жатқан конференция мен түрлі жиындарда арабтың зерттеушілері мен ойшылдарының аузынан ақылды сынау түспей тұр. Барлығы Араб ақылы мәселесін қозғай отырып, оның не іс атқара алатындығы мен тигізер пайдасы жөнінде, оның дағдарысқа ұшыраған тұстары мен күрделі мәселелері жөнінде, оның мүмкіндіктері мен тосқауылдары жайлы сөз қозғады. Осы еңбектердің кейбіріне мысал бере кетсек. Авторы ақылға үн қата отырып, оған жүгінуге болатындығына және оның қайта аяққа тұрып кететініне үлкен сенім артып жазылған Фуад Закарияның «Араб ақылына үндеу» кітабы. Сонымен қатар Араб ақылын қорғап-қолпаштап, бірақ оның қапасқа түскен, зынданға түскеніне, тіпті өлгеніне көңіл айтып жазған Бурхан Ғалюнның «Қастандықпен өлтірілген ақыл». Осы қатарға Араб ақылына кінә артқан еңбектерді де кіргізу керек. Оған Мұхаммад Абид әл-Жабири мен Мұхаммад Аркунға тиесілі бірқатар еңбектерді жатқызуға болады (Али Харб, 2005: 69).

Осы тақырып жайында Д.В. Мухетдинов «О будущем мусульманской мысли: размышляя над трудами К. Эрнста и М. Ал-Джабири» (Мұсылман пікірінің болашағы: К. Эрнест пен М. әл-Жабиридің еңбектеріне ой-толғау жасай отырып) атты мақаласында:

“Мұсылман зиялы қауымын 19 ғасырдың ортасынан бастап қоғамның Батыспен байланысы уайымдата бастады. Ислам өркениеті жаһандық отарлаумен бетпе-бет келді. Технологиялық тұрғыдан мықты жабдықталған, өз мүдделерін көздеген алпауыт күш, қарумен де, дипломатиялық жолмен де әлемнің үлкен бөлігін жаппай отарлауға кірісті. 19 ғасырдың соңына таман Ислам мемлекеттерінің басым бөлігі отарланды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО-ның ықпал етуімен Отарлаушы елдердің беті қайтып, кері шегінді. Бірақ колонизация тарапынан енгізілген мәселелер қаз қалпында қалды. Ислам мәдениетінің болашағы осы мәселелердің қалай шешімін табатындығына байланысты болмақ” (Мухетдинов, 2017: 26).

Осы мәселені Ислам мәдениетінің қазіргі даму жағдайына көңіл бөле отырып қарастырмақпыз. Атап айтқанда, 20 ғасырдың соңына тиесілі марокколық ірі ойшыл Мұхаммад әл-Жабиридің шығармашылығына сүйенетін боламыз.

Д.В. Мухетдинов мақаласын әл-Жабиридің көзқарастарына сүйене отырып жалғастырады. Сонымен қатар батыс ғалымы К. Эрнесттің ойларымен салыстырады (Мухетдинов, 2017: 28).

Атилла Аркан өзінің «Çağdaş İslam Arap Düşüncesi ve Cabiri» (Заманауи Ислам-Араб философиясы және әл-Жабири) атты мақаласында осы тақырыпты былай бастайды:

«Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін Осман мемлекеті Ислам әлемінің лидері еді. Осман мемлекетінің 1699 жылы Карловиц келісіміне келу арқылы жеңіліс табуынан кейін жаңару, даму жолында күш-қайрат жұмсау ескіге реформация жасау басқа бір арнаға бұрылады. 1699 жылдың алдында Осман мемлекеті «Kanunu Kadime dönme» (Ескі заңдарға оралу) атты кәміл жүйеге көшу жөнінде үлкен бастама, үлкен жоба бастаған болатын. Жобаның мақсаты саяси, әлеуметік және білім жүйесінің ақаулары мен ақсаған тұстарын анықтап, оларды шешу және болдырмау еді. Бірақ аталмыш датадан кейін жағдай түп тамырымен өзгере бастады. Ибн Халдунның «Жеңіліс тапқандар басым түскендердің артынан ереді» дегеніндей, Ислам әлемі осы уақыттан кейін Батыс әлеміне және оның ойлау жүйесіне жақындай түсті. Бұл мұсылман әлемінде бұрын-соңды болмаған жағдай еді. Өйткені осы уақытқа дейін Ислам әлемінің арқа сүйер мемлекеті, әскері бар болатын. Бұл түрлі салаларда дағдарыстарға себеп болды.

Батыс әлеміне қарап бой түзеу әскери саладан басталды. Себебі Осман мемлекеті әскери тұрғыдан дамуды алғашқы кезекке қойды. Әскери салада жеткен жетістіктер әлемдегі «күш» тепе-теңдігінің өзгеруіне алып келді. Осман мемлекетінің арты-артынан жеңіліс табуы Батысқа қарап бой түзеуге мәжбүр етті. Бұдан кейін экономикалық тұрғыдан алғанда Батыстағы техникалық революцияның ықпалы басым болды. Экономикалық даму мен ғылыми-техникалық байланыстың болуы үлкен күш ретінді білінде. Ф. Бэконның «Білім – күш» дегені бұл байланысты анық сипаттайды.

Өндірістік революция мен ғылым табиғаттан байлық пен қуат алуды қолға алуы Батыста қоғамдық құрылымның өзгеруіне алып келді. Одан кейінгі кезеңде саяси құрылымның да өзгеруіне жол ашты. Күн тәртібіне заң, теңдік, бостандық, демократия сияқты мәселелер көтеріле бастады. Осы арқылы шіркеу мен дін адамдары шетке ысырылып, олардың авторитарлығы жойылды. Бұл дінге деген жаңа көзқарастың туындауына себеп болатыны даусыз. Батыс мәдениетіне негізделген жаңа ақыл мен философия Ислам қоғамына келгенде ол пікір ағымдарына әсер етті. 17-ғасырдан бастап Ислам әлемінің зиялылары мен ойшылдары Батысты түсінуге және Батыстың әсеріне төтеп беру мәселесін саралаумен болды. Олар Батысқа толықтай еріп кетпеу керек екендігін және Исламның тарихи орнынан қорғалуы керектігін алға тартты. Бірақ уақыт өте келе алпауыт күшпен ілесе келген Батыс мәдениетінің таралуы Ислам әлемінің тұлғалық болмысын сақтап қалуының өзі уайымға айналды.

Қазіргі Ислам философиясының ең маңызды өкілдерінің бірі Мұхаммад Абид әл-Жабири жоғарыда айтылған мәселе төңірегінде зерттеулер жүргізуде. Ол мұсылмандық ойлау дәстүріне сараптама жасап, баға беруге тырысқан ойшылдардан» (Атилла, 2010: 478).

Атилла Аркан бұл мақаласында "Араб ақылы" концепциясына түрткі болған интеллектуалды дағдарысты Осман империясының әлсірей бастаған шағымен байланыстырады. Батыс әлемінің ықпалының күшеюін Ибн Халдун қалдырған "Озық өркениеттер артта қалған елдерге үстемдік етеді" деген қағидамен байланыстырады. Батыстың ықпалының күшеюі бірден болмағанын, оның кезең-кезеңмен болғандығын айтады. Алғашқысы, әскери жағынан болды. Батыстың әскери күшінің алдында тізе бүгуден басталды. Ал екіншісі экономикалық жағынан болды. Одан кейінгі кезекте ғылыми-техникалық жағынан байқалды. Бұған алаңдаушылық білдірген басқа араб жазушыларынан Абдулазиз Бадрул Қаттан мен Али Харбтің көзқарастарына қарағанда Атилла Аркан мәселенің тарихина алыстан үңілген сынды. Алайда Абдулазиз Бадрул Қаттан мен Али Харб Ислам әлеміндегі жалпы интеллектуалды дағдарысты емес, тікелей "Араб ақылы" концепциясының пайда болуына тоқталғандықтан, бізге жақынырағы осы сынды. Себебі ақыл туралы, рационализм туралы тұжырымдар Ислам әлемінде еш уақытта өз өзектілігін жоймаған. Ал Ислам әлемінің құлдырауы 17-18 ғасырлармен байланыстырылғанымен, нақты "Араб ақылы" деген түсінік 1967 жылдан бастау алған. Сондықтан Араб ақылы концепциясының тарихы туралы ұстанымда араб зерттеушілерінің көзқарасына басымдық берген жөн сияқты.

Ал Атилла Арканның тек Мұхаммад Абид әл-Жабириді атауы "Араб ақылына сын" атты еңбегі өте танымал болғандықтан болса керек.

Атилла Арканның меңзеп отырғаны ғылым мен ортақ идеология тұрақтылық пен бейбітшілік орнаған жерде дамитыны анық. Ал, қазіргі Араб елдеріндегі бұл жөніндегі шиеленіскен, күрделі мәселелер шаш-етектен. Бұндай жерде ғылым мен философия қайдан дамысын. Бұл шиеленісудің басы Осман империясының күйреуге шақ қалған тұсынан бастау алады дегенді жеткізіп отыр.

Абдул Али Каркуб өзінің «Мұхаммад Абид әл-Жабири және Араб ақылы жобасы» атты мақаласында:

«Араб әлемі және оның ішінде Марокко көптеген пікір жобаларына (концепцияларға) куә болды. Олардың негізгі ойы қайта даму мәселесі болатын. Бірақ әрқайсысының ұстанған жолдары мен шешім жолдары әр түрлі. Оның себебі әрқайсысының сүйенген әдіснамасының өзгешелігіне байланысты. Сол жобалар қатарына Абдулкабир әл-Хатыбидің «Қос критика»-сы, Абдулла әл-Арауидің «Тарихи критика»-сы. Осылармен бірге Мұхаммад Абид әл-Жабиридің «Араб ақылына сын» деген атаумен белгілі эпистемологиялық критика жобасы. Ол өз жобасында «Қайта өрлеу» сауалын көтеріп, танымдық, құндылық және саяси тұрғыдан оған жауап табуға тырысты. Басты мақсаты біздің ілгері жылжуымызға тұсау болып тұрған факторларды анықтап, ақылымыздың неге жарамсыз күйге түскеніне тоқталу және дамушы ақылға апарар жол салу еді» (Каркуб, 2004: 2).

ТМД елдерінен бұл тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдардың тағы бірі "Араб ақылы" концепциясына кіріспес бұрын оның алдындағы тарихи кезеңге, яғни осы концепцияға ұқсас "Нahда" түсінігіне тоқталады. Е.А. Фролова өзінің «Арабская философия: Прошлое и настоящее» атты кітабының бірнеше тарауын Араб әлемінде соңғы уақыттары көтерілген мәселелерге арнайды. «Между самобытностью и подражанием. «Новая нахда» (Өзіндік болмыс пен еліктеу арасында. «Жаңа нахда») тарауында ол былай дейді:

«Егер 19-ғасырдың екінші жартысын еске алып, оған шолу жасар болсақ, «нahда», яғни

«қайта өрлеу» ұғымы интеллектуалды өмірдің басты ұраны болғанын көреміз. Оның басты идеясы ақыл мен сананы басты назарға ала отырып даму еді. Сол кезеңде бар әлеуметтік институттардың бәріне рационалды баға беру керектігі негізгі сенімге айналды. Тіпті Ислам дініне де рационалды реформа қажеттігі жайында сөз қозғалды. Кемал Ататүріктің дін жөнінде батыл қадам жасауы, Түркияда секуляризмның, яғни зайырлылықтың енуіне себеп болды. Ислам халифаты құлатылып, дін адамдары саясат пен биліктен шеттетілді.

Сонымен қатар Ислам әлемінің басқа жерлерінде Ислам реформаторлары дінді заман талабымен ұштастыруға күш жұмсаумен болды. Бірақ түбегейлі өзгеріс пен даму ұстанылған екі жолдың ешқайсысынан да байқалмады. Сондықтан 20-ғасырдың екінші жартысында Исламның жағдайы және оған реформация жасау мәселесі қайта көтерілді (Иасир Марзук, 2012: 3).

«Нahда» қайта өрлеу мәселесі қайта көтерілгенімен оның басқа қырлары ашыла түсті. Егер 19-ғасырда қайта өрлеу деген кезде халықты «ұйқыдан ояту», елдің еңсесін көтеру меңзелген болса, осы жолы бұл термин бірінші мағынасын сақтай отырып, Мұхаммед пайғамбар арқылы қаланған қоғам негіздерін қайта жаңғырту арқылы нағыз қаймағы бұзылмаған кезеңнің мұсылмандығын қайта тірілту де қамтылды.

Ислам мәдениетіне бұл жағынан екі ұсыныс айтуға болатын. Біріншісі, экономика мен ғылымына Батыс жеткен жетістіктерге қол жеткізбеуіне сын айту. Екіншіден, Ислам мәдениетіне реабилитация жасау арқылы қоғамның негізгі құрылымын сақтау.

Марокколық философ Мұхаммад Абид әл-Жабири «Қазіргі Араб дискурсы» (Әл-хитаб әл-араби муасир. Бейрут 1982) кітабында осы салада соңғы он жылда талқыланған мәселелердегі негізгі сұрақтарды анықтап берді (Фролова, 2010: 370).

Басқа зерттеушілер сияқты Е.А. Фролова да “Араб ақылы” концепциясына тоқталмас бұрын бұл концепцияның пайда болуына тоқталды. Басқа зерттеушілерден ерекшелігі Е. Фролова концепцияның пайда болуының ғылыми тарихын атап өтті. Өзге зерттеушілер оның саяси тарихына және экономикалық тарихына тоқталғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. “Нahда” 19-ғасырда көтерілген “Араб ақылы” сынды күн тәртібінен түспеген мәселе болатын. Нahда сөзі “ренессанс” сөзінің арабша баламасы. 17-ғасырдағы Европада болған техникалық революция сияқты қайта өрлеу процесін Ислам әлемінде, оның ішінде Араб әлемінде жүзеге асыру дегенді білдіреді. Алайда бұл бастаманың нәтижелі, жемісті болғанын айту қиын. “Араб ақылы” концепциясы барысында айтылғандай ол жоба жүзеге асырылмады.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің ортақ тұсы бәрінің М. Абид әл-Жабириді көтерілген мәселерді шешуде белсенділік танытқандығын ерекше атап өтулерінде. Тіпті Е. Фролова Араб ақылы концепциясын Жабири концепциясы деп қолданады. Алайда «Ақыл» деген ұғымды қазіргі Ислам философиясында қайта жандандырған Абдулла әл-Арауи атты марокколық ойшыл (Имбарк Хамиди, 2015: 54). Бірақ «Араб ақылы» деген ұғымды әлемге әйгілі еткен Мұхаммад Абид әл-Жабири. Оның «Қазіргі Араб дискурсы» (Әл-хитаб әл-араби муасир. Бейрут 1982) еңбегінен бөлек “Араб ақылына сын” атты төрт томнан тұратын еңбегі бар. Атап айтсақ: 1-Араб ақылына сын: Араб ақылының қалыптасуы. 2-Араб ақылына сын: Араб ақылының құрылымы. 3-Араб ақылына сын: Саяси Араб ақылы 4-Араб ақылына сын: Моральдық Араб ақылы. Ж. Тарабишидің Араб ақылына сын еңбегінің критикасы атты 5 томдық еңбекті жазуы М. Жабиридің “Араб ақылына сын” кітабының одан әрі танылуы түрткі болды.

Енді осы Е.А. Фролова айтқан “Нahда”-ны кішігірім анықтап кетсек. Мухаммад Али Баша Еуропаға делегациялар жіберу арқылы Батыстың ілімін Араб әлеміне тасымалдағысы келеді. Рифғат Тahтауи бастаған делегация Парижге барып, Батыстың кейбір ілімдерін үйреніп қайтады. “Нahда” барысында Араб елдерінің қауымдық мемлекет болуға ұмтылғаны үлкен көрініс табады. Араб елдерінде өмір сүрген христиандар да “Нahда” идеясына қосылып, Араб тілінің жаңа сөздігін жасайды. Сонымен қатар осы кезеңде Араб әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Рифғат Тahтауи Мысырға оралғаннан кейін “Әлсун”, яғни шеттілдерін үйрететін мектеп ашты. “Нahда” идеясына жан-жақты қолдау білдірген ғұламалар көп болды. Оның аясында көптеген реформациялық шаралар атқарылып жүзеге асты. Рифғат Тahтауи сияқты Мұхаммад Абдуһ, Жамалуддин Афғани сынды көптеген ірі тұлғалар атсалысты. Алайда Хасан Шафиғи сияқты қазіргі уақыттағы Араб әлемінің белді ғалымдары “Нahда”-ның өзінен күтілген оң нәтижелерін бермегендігін айтуда. Себебі Араб әлемінің бүгінгі жағдайы бұған үлкен дәлел болып отыр.

Араб ақылы тақырыбында қалам түртіп жүрген ойшылдардың ойынша Араб әлеміндегі интеллектуалды дағдарысқа «тіл факторы» қатты әсер етіп отыр. Бұл фактордың өте орынды екенін аңғаруға болады. Себебі классикалық Араб тілінің рөлі әлсірегендіктен және одан бөлек Араб әлеміне ортақ тілдің болмауы себепті таным тұрғысынан үлкен проблемалардың пайда болуына әкеліп соқты.

Эпистемологиялық үзілу дегеніміз ұрпақтар арасындағы байланыстың, яғни сабақтастықтың үзілуі. Аға буынның айтқанын кейінгі буынның қабылдамауы немесе толық түсінбеуі. Бірақ бұл тек екі буын арасында ғана орын алып отырған жайт емес. Ол жалпылай алғанда кейінгі ұрпақ өкілдерінің алдыңғы ұрпақ қалдырған мұраны түсінуге қауқарсыз қалуы. Қолдарындағы лингвистикалық құралдың болмауы десек болады. Егер бұл құрал қолдарында болғанда өткеннен өнеге алуға, дәстүрді қайта жалғауға, сол өркениеттің негізінде ерекше мәдениет қалыптастыруға мүмкіндік туар еді. Бұл факторлар санаға, дәлірек айтқанда "Араб ақылына" кері әсерін тигізді. Өз ғылыми мұрасын, тарихын басқаның аузынан үйрену де бұл мәселені күрделендіре түсті. Араб елдерінде шет елдік мектептердің көп болуы да бұған әсер етпей қоймасы анық.

Әл-Жабиридің еңбектеріне сүйене отырып Е.А. Фролова эпистемологиялық байланыстың үзілуінің негізгі себептері мен көріністерінің бірі ретінде «тілдік факторды» ерекше атап өтіп, оған біраз тоқталады. Тіл белгілі бір тарихи кезеңге ғана тиесілі құрал болмауы тиіс. Алайда ғылыми, мәдени мұраны жеткізуші құрал болып табылатын «тілді» қазіргі Араб ақылының түсінуге қауқары жете бермейді. Ислам өркениетінің мұрасы болып есептелетін құнды кітаптарды Араб ақылы меңгере алмауда (Хусейн Идриси, 2016: 45).

Тағы бір күрделі мәселелердің бірі – Араб ойшылдары мен ориенталистердің өз зерттеулерін араб тілінде емес, шет тілдерінде жазуы. Бұл нәрсе араб оқырмандары үшін көп пайдасын тигізе қоймауда. Ислам туралы зерттеулер араб тілінде емес, шет тілдерінде жарық көруіне әсер етіп отырған факторлардың бірі Батыс әлемінде Ислам зерттеу орталықтары мен Исламтану кафедраларының Батыс әлемінде көптеп ашылуында. Бұл үрдіс Исламның жаңа қырынан зерттелуіне мүмкіндік бергенімен, кейбір араб ақылына, санасына зиян тигізер тұстары баршылық (Таиб Тизини, Мухаммад Марзуқи, 2001: 36).

Батыс Еуропа елдерінде исламтанулық мамандығы бойынша білім беретін оқу орындары 1994 жылы Германияның Бонн қаласында Сауд Арабиясы королінің қаржысына Ислам академиясы ашылды. Сонымен қатар, бұл елдің Тюбинген, Нюрнберг, Мюнстер, Франкфурт университеттерінде исламтану бөлімдері жұмыс жасайды. 1997 жылы Голландияның Роттердам қаласында медресе негізіндегі ислам университеті ашылды. Ұлыбританияда Оксфорд университетінің жанында исламтану зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Соңғы жылдары Батыс Еуропа елдерінде ислам діні мен мәдениетін зерттеуге көңіл бөлінуде. Себебі, Батыс Еуропа елдеріндегі мұсылмандар санының өсуі және мигранттардың жаңа толқыны Еуропа қоғамында ислам дініне деген қызығушылық және исламофобиялық үдерістермен қатар өрбуде. Еуропа елдеріндегі исламтанулық зерттеулер университеттер аясында және гранттық жобалар негізінде жүргізілуде (Байтенова, Бейсенов, 2017: 4-11).

Шынында әл-Жабиридің өзінен бастап зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі француз және ағылшын тілдерінде қалам түртуде. Сонымен қатар Араб ойшылдарының өз еңбектерін шет тілде жазып, кейін оны аудармашының араб тіліне аударуы кең белең алған құбылыстың бірі. Олардың еңбектері көбінесе Батыс интеллектіне негізделе отырып жазылуы эпистемологиялық үзілуді үдете түсуде (Абдулазиз ал-Уахиби, 2013: 94).

Тіл дәстүрдің сақталуына, оның мәнін тереңінен түсінуді қамтамасыз етеді. Тілдің тағы бір ерекшелігі белгілі бір тарихи кезеңмен шектеліп қалмауында, яғни оның белгілі бір уақыттан тәуелсіздігінде. Тілді жетік меңгеру ғылыми және мәдени мұраны еш кедергісіз түсінуге алып барары сөзсіз. Ғылым мен мәдениетте қалыптасқан феномендердің түпкі мәнін сезініп, заман талабына сай, бүгінгі өмір сүру шарттарына үйлестіре отырып қайта жаңғыртуға көмектеседі.

Бұл айтылған жайттардан бөлек эпистемологиялық ажырап қалуға себеп болып тұрған жайттың негізгісі әрі бастысы Араб әлемінде алып отырған сауатсыздық құбылысы. Жоғарыда келтіргеніміздей, әл-Жазираның ресми дерегі бойынша Араб әлемінде 90 миллионнан астам оқу-жазу білмейтін сауатсыз жан бар екен. Ал сауатты деп есептелетіндердің бір бөлігі хат танығанымен «білімді» деп айту қиын. Сонымен қатар оқығандардың тағы бар бөлігі

бала бақшадан бастап шет тілінде тәлім алып, ағылшын, француз, канадалық мектептерде оқып, университетті Батыста немесе Араб мемлекетіндегі Батыстың университеттерінің бірінде оқиды. Бұл әсіресе қалалық жерлерде жиі орын алады. Бұл да «тіл» тұрғысынан ақсауға алып барары белгілі. Ал енді тағы бір бөлігі оқу бағдарламалары Батыстық бағдарламаға негізделген білім ошақтарынан білім алатындықтан, бұл да эпистемологиялық үзілудің себептеріне жатқызылады. Жергілікті білім беру орындары дамыған білім беру бағдарламасы ретінде Батыстық білім беру жүйесіне қатты еліктейтінін ескерсек эпистемологиялық үзілудің қай жақтан шығып жатқанын аңғару әсте қиын емес. Осы қалыптасқан жағдайдың бір нәсілде ғана емес, оншақты ұрпақтың осылай тәрбиеленгеніне назар аударатын болсақ эпистемологиялық үзілудің толықтай заңды екендігіне көз жеткізуге болады.

Осы тіл мәселесіне байланысты ойды толықтыра түсетін тағы бір зерттеушінің осыған ұқсас көзқарастары бар. Араб ақылына қатысты ағылшын тілінде жазылған еңбектерге зер салатын болсақ, «The Arab mind», яғни Араб ақылы деп аталатын Рафаэль Патайдың еңбегіне көзіміз түседі.

Рафаэль Патай тақырыбымызға қатысты бұл еңбегінде Араб ақылын жан-жақты сипаттаумен қатар, қатаң сынға алады. Кітаптың алғашқы тараулары осы «Араб» дегеніміз кім және «Ақыл» дегеніміз не деген тақырыптарға арналған. Одан кейін кітаптың ауқымды бөлігі тіл мәселесіне арналған. Араб ақылына тілдік фактордың қаншалықты әсер ететініне басымдылық беріле отырып жазылған бұл еңбекте қазіргі Араб әлемінің жағдайы суреттелген. Әсіресе мәдени-интеллектуалды жағдайы баяндалып, Араб әлемінің дүниетанымындағы кейбір мәселелерге тоқталады. «Араб» дегеніміз кім, «Ақыл» дегеніміз не деген сұрақтарға тұшымды жауап беруге тырысқан. Сонымен қатар Арабтардағы бала тәрбиесі, әдістері мен ерекшеліктері, Араб тілінің құдіреті мен оның қоғамға әсері, Араб тілі ғылымдары мен жеткізу (баяндау) әдістерінің саналуандығы, Араб тұлғасындағы «бәдәуилік» құрылымы, тұлғалық сипаттары, бәдәуилік құндылықтар және оның қазіргі Араб қоғамындағы көріністері, Әйел мен еркек мәселесі сынды көптеген тақырыптарды қамтиды (Патай, 2007: 10).

“Араб ақылы” концепциясы аясында ұсынылған тағы бір өте маңызды шешім жолына тоқталсақ. Ол Мұхаммад Имара атты мысырлық ғалымның еңбектерінде келтіріледі.

Мұхаммад Имара өзінің «Һәлил Исламу һуә әл-Халл?» (Ислам шынымен шешім жолы ма?) атты кітабында біздің тақырыбымызға қатысты бірнеше мәселені көтереді. Мұхаммад Имара осы еңбегінің кіріспесінде Taha Хусеиннің кітабына сілтеме жасай отырып, Шығыс ақылы жайында сөз қозғайды. Оның Шығыс ақылы жайында айтқан ойларын келтіреді (Имара, 2007: 23-24).

Мұхаммад Имара аталмыш еңбегінің бірінші тарауын «әл-Хаятул Ақлия», яғни Ақыли өмір немесе рационалды өмір деп атаған. Бұл бөлімде «Мүмін ақыл» деген ұғымды жан-жақты ашады.

Оның көзқарасы бойынша Ислам әлемінде адамға қажеттінің бәрі бар. Байлық та, қаржы да бар, ресурстың түр-түрі де жоқ емес. Оны қай салада болмасын аңғару қиын емес. Қаншама мың шаршы шақырымдық егіс алқаптары, қазба байлықтың шамамен барлық түрі бар. Білімді мұсылмандар да жетерлік. Рухани азғындыққа мұсылмандардың түсуі тіпті орынсыз. Рухани ең мөлдір қайнар көз олардың қолында. Территория мен жер жағынан мұсылмандар әлемнің қақ ортасынан ойып тұрып орын алған. Мұсылмандарға қазіргі таңда жалғыз жетіспейтін нәрсе – дұрыс жүйе. Жан-жақты тиімді жүйенің болмағандығынан бар ресурстар рәсуә болуда.

Нәтижелері және талқылама

Егер қоғамда дағдарыс болса, онда сол қоғамдағы пікір мен сана сыналады. Ал дағдарыс сананың өзінде болған жағдайда онда ақылдың өзін сынауға итермелейді. Ақылдың өзін сынау дегеніміз – ақылдың қағидалары, пікірлеудің құралдары, зерттеу логикасы және ізденіс әдіс тәсілдерін сынау дегенді білдіреді. “Араб ақылы” деген концепция аясында XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың зерттеушілері араб-ислам пікірінің дағдарысын және оның бастау алған уақытын іздеуге тырысуда. Пікір дағдарысының қалай және не үшін пайда болғанын және қазіргі уақытта оның қайта жандануына ненің жетіспейтінін іздеу осы концепцияның аясында зерттеліп жатқанын аңғарамыз. Сонымен қатар Ислам философиясының қазіргі уақыттағы ең көп зерттелген және ең көп талқыланған тақырыптарының бірі саналатын “Араб ақылы” концепциясын сан қырынан зерттеуге болатын тың тақырып екенін байқаймыз (Абдулла Муса, 2001: 3-4).

Қорытынды

Мақала барысында келтірілген тұжырымдар мен олардың негізделген дәлелдеріне сүйене отырып, “Араб ақылы” концепциясы жөнінде қалам түртіп жүрген зерттеушілердің оның пайда болу себептеріне тоқталғандығын көреміз. Әр зерттеуші оның пайда болуына байланысты әр түрлі себептер айтқан. Кейбірі саяси-әскери жағынан қараған болса, енді бірі оның ғылыми астарын іздеген. Бұл көзқарастарды сараптай келе, олардың бір-біріне қайшы емес екендігін аңғарамыз. Керісінше ол көзқарастар бір-бірін толықтыра түседі. Жарты ғасыр ішінде осы тақырыпқа байланысты елуден астам еңбектің жазылуы, тіпті зерттеуші авторлардың өзара кітап жазу арқылы жауап беруі күн тәртібінде тұрған мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетеді. Бәлкім, күн тәртібіндегі ең өзекті мәселеге айналуының сыры осы күрделі мәселелердің көбеюіне байланысты осындай ортақ теорияға қажеттілік туындағандығы болуы мүмкін (Фуад Закария, 1998: 19).

Ал Араб ақылы концепциясының пайда болуына емес, ішкі мазмұнына сәл үңілетін болсақ, оның барысында көтеріліп отырған ең басты мәселе, ол – Араб әлемінде орын алып отырған интеллектуалды дағдарыс (Мұхаммад Жабири, 1983:312). Оның сипаты, себеп-салдары, шығу жолдары төңірегінде. Бұл дағдарыстың бітпей, керісінше одан ары қарай үдей түсуіне алаңдаушылық білдірген зерттеушілер дағдарысты күшейтуші факторды іздеуде. М. Жабири және Е. Фролова сынды бір топ ғалымдар “тіл факторы” екенін ерекше атап өтуде. Бұл көзқарас өте орынды айтылған ой деген ойдамыз. Себебі Араб әлемінің үштен біріне жуығының сауатсыз болуы, қолданыстағы тілдың классикалық Араб тілі емес, әр мемлекеттің жергілікті диалекті болуы “тіл факторына” байланысты келеңсіздікті үдете түсері анық. Араб әлеміндегі шетелдік мектептер мен оқу орындарының шамадан тыс көп болуы Араб тілінің рөлі мен оны пайдалану өрісінің тарылуына алып барады.

Араб тілінің күнделікті өмірдегі қолданыс тілі ретінде қолданылмауы қазіргі Араб тілінде жазылған әдебиеттерді түсінуде қиыншылық алып келуі өз алдына бір үлкен мәселе болса, “турастан”, яғни мың жылдық Ислам әлемінің мұрасынан көз жазып қалу қауіпі одан да үлкен трагедия екені белгілі. Жалпы Ислам әлемін былай қойғанда, Араб әлемінің өзі бұл көне мұрадан мақұрым қалса, тамырынан шабылған ағаш сынды тарихынан айырылған ұлтқа айналары сөзсіз. Сондықтан Араб әлемі интеллектуалдық дағдарыстан шығуы үшін жиырма екі Араб мемлекеті біріге отырып, жүйелі түрде бұл олқылықтың орнын толтыруға күш салса, бұл қиыншылық едәуір сейілер еді деген ойдамыз.

Әдебиеттер

Абдулазиз ал-Уахиби (2013) Қираат фи фикр дуктур Мұхаммад Абид Жабири. // «Баян» журналы. – №71. – 2013. 24 желтоқсан.

Абдулла Муса (2001) Ишкалиа ақланиа фи фикр араби муасир // Алжир: «Инсаният» журналы. – №14-15.

Али Харб (2005) Нақдун нас. – Касабланка: Марказ сақафи араби. – 285

Әл-Жазира (2014) Аксар мин 96 миллиун умми бил уатан ал-араби (Более 96 миллионов неграмотных в арабском мире). URL: https://www.aljazeera.net/news/arabic/2014/1/9/أكثر-من-96-مليون-أمي-طول-البلاد-وعرضها

Байтенова Н., Бейсенов Б. (2017) Жаңғыру аясында исламтанулық білім берудің құндылықтық бағдары // Алматы: «Хабаршы ҚазҰУ, Дінтану сериясы». – №3 (11). – 4-11, 2017, шілде.

Иасир Марзук (2012) Қираат фи китаб маусуа Мухаммад Абид Жабири. // «Суриятуна» газеті. – №45. –2012, 29 шілде.

Имара, Мұхаммед (2007) Һәл Ислам һуә халл. – Каир: дар шуруқ. – 208.

Имбарк Хамиди (2015) Мин ишкалиат ақл уа ақланиа фи фикр араби муасир: Бурхан Гальюн уа Абдулла Арауи. – Тунис: «Дар Тунисия ликитаб». – 242.

Каркуб, Абдул Али. Мұхаммад Жабири хайатуху, муаллафатуху, маматуху // «Ал-хиуар мутамаддин» журналы. – №4456. – 2014, 18 мамыр. (ahewar.com)

Мухаммад Саиид Рассас (2019) Джорж Тарабиши сира фикрия. // Марказ Малик Файсал: Мажаллатул Файсал. – №513-514. – 2019, шілде-тамыз.

Мухетдинов Д.В. (2017) О будущем мусульманской мысли: размышляя над трудами К. Эрнста и М. Аль-Джабири. // Ислам в современном мире. – №2. – Т. 13.

Мұхаммад Жабири (1983) Такуинул ақлил араби. – Бейрут: «Марказ дирасат уахдат арабия». – 384.

Таиб Тизини, Мухаммад Марзуқи (2001) Афақ фалсафа арабиа муасира. – Бейрут: «Дарул Фикр». – 1-басылым – 336.

Фролова Е. (2010) Арабская философия: прошлое и настоящее. – М.: Языки славянских культур. – 464.

Фуад Закария (1998) Хитаб ила ақл араби. – «Дар Мухаррир адаби». – 256.

Хасан Ханафи (1980) Турас уа таждид. – Виндзор: Хиндауи. – 186.
Хусейн Идриси (2016) Мұхаммад Жабири уа машру нақд ақл араби. – Бейрут: «Марказул хадара». – 2-басылым. – 254.

References

Abdul Ali Karkub (2014) Muhammad Jabiri hayatu, muallafatuhu, mamatuhu [Life, works and death of Muhammad Jabiri] // Journal «Al-Hiuar mutamaddin». №4456. (ahewar.com) (in Arabic)
Abdulaziz al-Uahabi (2013) Qiraat fi fikr duktur Muhammad Abid Jabiri [Research of ideas of Dr. Muhammad Abid Jabiri] // Journal «Bayan». №71. (in Arabic)
Abdulla Musa (2001) Ishkaliya aqlaniya fi fikr arabi muasir [Problem of rationalism in modern Arabic thought] // Alzhir: Journal «Insaniyat». №14-15. (in Arabic)
Ali Harb (2005) Naqdu nass [Critique of text]. – Casablanca: «Markaz sakafi arabi» – 285. (in Arabic)
Al-Jazira (2014) Aksar min 96 milliun ummi bil uatan al-arabi [Over 96 million illiterates in the Arab world]. URL: https://www.aljazeera.net/news/arabic/2014/1/9/العربي-بالوطن-أمي-مليون-**96**-من-أكثر
Baitenova Nagima, Beisenov Bagdat (2017) Jangyru ayasinda islamtanulik bilim berudin kundiliktik bagdari [The value orientation of Islamic education in the framework of modernization] // Eurasian Journal of Religious studies №3 (11). – 4-11. (in Kazakh)
Frolova E. (2010) Arabskaya filosofia: proshloe i nastoyashee [Arabic philosophy: the past and the present]. – Moscow: «Yaziki slavianskih kultur» – 464. (in Russian)
Fuad Zakariya (1998) Hitab ila aql arabi [Appeal to Arabic reason]. – «Dar Muharrir adabi». – 256. (in Arabic)
Husein Idrisi (2016) Muhammad Jabiri ua mashru naqd aql arabi [Al-Jabiri And His Critique Of Islamic Thought]. – Beirut: «Markazul hadara», 2nd publishing. – 254. (in Arabic)
Imbark Hamidi (2015) Min ishkaliyat aql ua aqlaniya fi fikr arabi muasir: Burhan Galyun ua Abdulla Araui [Problems of reason and rationalism in modern Arabic thought]. – Tunis: «Dar Tunisiya likitab». – 242. (in Arabic)
Muhammad Jabiri (1983) Takuinul aklil arabi. [The foundation of Arab reason]. – Beirut: «Markaz dirasat uahdat Arabia». – 384. (in Russian Arabic)
Muhammad Jabiri (1997) Hufrayat min zakira min bagid (Autobiography) [Remembrance of forgotten memories]. – Beirut: «Markaz dirasat uahdat Arabia», 1st publishing. – 238. (in Arabic)
Muhammad Saiid Rassas (2019) Jorge Tarabishi sira fikriya [Scientific life of Jorge Tarabishi] // Markaz Malik Faisal: «Majallatul Faisal», № 513-514. (in Arabic)
Muhetdinov D.V. (2017) O budushem musulmanskoi mysli: razmyshlyaya nad trudami K.Ernst i M. Al-Jabiri [About the future of Muslim reason: thinking about works of K. Ernst and M. Al-Jabiri] // Journal «Islam in modern world». №2. v 13. (in Russian)
Raphael Patai (1973) The Arab Mind. – New York: Charles Scribners and Sons. – 470. (in Arabic)
Taib Tizini, Muhammad Marzuqi (2001) Afaq falsafa Arabia muasira [Horizon of modern Arabic philosophy]. – Beirut: «Darul Fikr», 1st publishing. – 336. (in Arabic)
Yasir Marzuk (2012) Qiraat fi kitab mausua Muhammad Abid Jabiri [Research of works of Muhammad Abid Jabiri] // Magazine «Suriyatuna», №45. (in Arabic)

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

FOREIGN PUBLICATIONS

ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

IRSTI 21.31.35 https://doi.org/10.26577//EJRS.2022.v31.i3.r10

Dr. Rico Sneller
Mandeville Academy, Netherlands, Gouda
Jungian Institute, Netherlands, Nijmegen
e-mail: h.w.sneller@gmail.com

SHAMANISM AND METAPHYSICS

In this article, I explore the viability of a shamanist ontology. Through the lens of the German philosopher Ludwig Klages (1872-1956), I will address the possibility of outlining the philosophical merits of shamanism. Klages was one of the last European philosophers to represent a tradition which took seriously altered states of consciousness. Klages opposed a destructive 'Spirit' (= Reason, Will) to a nourishing 'Soul' (=Life). His thinking can be called 'psycho-philosophy', insofar as it reconciles psychology and cosmology. Klages' intellectual legacy – also the legacy of German Romanticism – has been entirely neglected (not refuted) in mainstream 20th and 21st philosophical and scientific thinking. In this article, I try to show that Klages' philosophy not only accounts for deeper states of consciousness but also cohering 'original images'. Taking up this account might allow for bridging gaps between philosophical thinking and shamanistic consciousness. I will also briefly address the shamanistic consciousness's alleged liability to 'pathology'. Unfortunately, Klages' work has hardly been translated. Therefore, I translated crucial passages myself.

Key words: Shamanism, Ecstasy, Inspiration, Consciousness, Soul.

Др. Рико Снеллер
Мандевилле академиясы, Нидерланд, Гоуда қ.
Юнгиан институты, Нидерланд, Неймеген қ.
e-mail: h.w.sneller@gmail.com

Шаманизм және метафизика

Бұл мақалада шаман онтологиясының өміршеңдігі зерттеледі. Неміс философы Людвиг Клагестің (1872-1956) призмасы арқылы шаманизмнің философиялық құндылықтарын ұсынуды қарастырады. Клагес сананың өзгерген күйлерін байыпты қабылдаған дәстүрді ұсынған соңғы еуропалық философтардың бірі болды. Клагес болса қиратушы деп сипатталған "рухқа" (=ақыл, ерік) нәр, тірлік сыйлаушы сипатындағы "жанды" (=өмір) қарсы қоя отырып қарастырған. Оның ойлау жолын "психофилософия" деп атауға да болады, өйткені ол психология мен космологияны үйлестіре зерделеген. Клагестің зияткерлік мұрасы – неміс романтизмінің мұрасы XX және XXI ғасырлардағы көтерілген басым философиялық және ғылыми ойларда толығымен түбегейлі ескерілмеді (жоққа шығарылмады). Бұл мақалада Клагестің философиясы сананың терең күйлерін ғана емес, сонымен бірге "түпнұсқа бейнелердің" үйлесімділігін де түсіндіретінін көрсетуге тырысады. Бұл мәселені қарастыру философиялық ойлау мен бақсылық (шамандық) сана арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Автор сондай-ақ шамандық сананың "патологияға" деген болжамды бейімділігіне де қысқаша тоқталады. Өкінішке орай, Клагестің жұмысы осы күнге дейін іс жүзінде аударылған жоқ. Сондықтан зерттеу жұмысында дәлел ретінде ең маңызды делінген үзінділер аударылды.

Түйін сөздер: шаманизм, экстаз, шабыт, сана, жан.

Др. Рико Снеллер
Академия Мандевилле, Нидерланды, г. Гауда
Институт Юнгиан, Нидерланды, г. Неймеген
e-mail: h.w.sneller@gmail.com

Шаманизм и метафизика

В этой статье исследуется жизнеспособность шаманской онтологии. Через призму немецкого философа Людвига Клагеса (1872-1956) рассматривается представление философских ценностей шаманизма. Клагес был одним из последних европейских философов, представивших традицию, которая серьезно относилась к измененным состояниям сознания. Клагес же рассматривал "дух" (=разум, воля), описываемый как разрушитель, противопоставляя "душу" (=жизнь), обладающую питательным, жизнеутверждающим характером. Его образ мышления также можно

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

